Другим примером является Национальный Судейский институт (NJI) Канады, председателем Наблюдательного совета которого является Председатель Верховного Суда Канады. Это учреждение обеспечивает более 90 % всех учебных курсов для судей в Канаде. Судьи руководят работой, участвуют в разработке и преподавании курсов. Основанный в Оттаве, Национальный Судейский институт стремится к утверждению доверия к судебной власти, её справедливости, является лидирующей организацией в образовании судей не только в Канаде, но и на международном уровне. С момента своего создания в 1988 году, NJI продолжает разрабатывать и предоставлять образовательные программы и различные электронные ресурсы, способствующие становлению верховенства права, самостоятельно или в партнерстве с судами и другими организациями участвует в предоставлении образования судьям. Судебное образование в NJI состоит из трех компонентов: – Судейских навыков, чтобы хорошо выполнять свою работу, например, вести судебное заседание, писать судебные решения; -Знаний права, как материального, так и процессуального и умение их применить, например, при оценке доказательств; – Социального и психолого-педагогического контекста понимания, как другие воспринимают судебный процесс и судебное решение, чувствуют ли они себя услышанными?

Главным аспектом работы NJI являются: практическая подготовка судей-слушателей – особенно судей, назначенных на должность впервые и кандидатов на должность судьи, развитие практических навыков судебной деятельности; подготовка судей (и работников NJI) в качестве преподавателей - тренеров практических курсов. Система судебного образования Канады эффективно выполняет следующие задачи: стимулирует и поддерживает уважение верховенство закона и ценностей Хартии; способствует развитию взаимопонимания во все более изменчивом и многообразном мире; поддерживает независимость судебной системы; популяризирует знания и опыт для судей, содействует диалогу, укрепляющему судебную аргументацию и принятие решений; играет важную роль в эффективном отправлении правосудия, сохраняя, тем самым, общественное доверие к судам Канады [17].

Учебные заведения, занимающиеся профильным обучением кандидатов в судьи, имеются во многих странах мира, в частности во Франции, Турции, Италии, Испании, Литве, Чехии, Канаде, Японии. При этом в большинстве государств такие спецучреждения имеют обособленный статус и функционируют при высшем судебном органе страны [18].

Посланием Президента Республики Казахстан - Лидера нации Нурсултана Назарбаева народу Казахстана «Стратегия «Казахстан-2050»: новый политический курс состоявшегося государства» от 14.12.2012 года важнейшим вопросом правовой политики определена реализация гражданами права

на судебную защиту, которая гарантирована Конституцией [18]. В свете выбранного политического курса правовая политика Казахстана должна реализовываться в направлении судебного реформирования, важным элементом которого является совершенствование судейского образования, подготовка судей и повышение их квалификации.

Литература

1. План нации - 100 шагов по реализации пяти институциональных реформ. Программа Президента Республики Казахстан от 20.05.2015 г. // Информационно-правовая система нормативных правовых актов Республики Казахстан «Адилет»: [Электронный ресурс].
2. Об образовании Академии правосудия при Верховном Суде Республики Казахстан [Текст]: Указ Президента Республики Казахстан от 18 февраля 2016 года № 198 // Собрание актов Президента Республики Казахстан и Правительства Республики Казахстан. - 2016 г. - № №15-16. - С. 65.
3. Восточное партнёрство — Содействие правовой реформе в странах Восточного партнёрства. Рабочая группа "Профессиональные судебные системы" [Текст]: Доклад. Подготовка Судей (<http://vkksu.gov.ua/>). Последний доступ 08.03.2018 года.
4. О мерах по дальнейшему совершенствованию подготовки, переподготовки и повышения квалификации кадров государственных органов Республики Казахстан [Текст]: Указ Президента Республики Казахстан от 31 мая 2005 года №1583 // Собрание актов Президента Республики Казахстан и Правительства Республики Казахстан. - 2005 г. - N 21. - С. 248.
5. Правила приема на обучение в Академию правосудия при Верховном Суде Республики Казахстан [Текст]: Приказ Ректора Академии правосудия от 18.07.2017 года (<http://academy.sud.kz/rus/content/pravila-priema-0>). Последний доступ 08.03.2018 года.
6. Типовые правила приема на обучение в организации образования, реализующие образовательные программы послевузовского образования, утвержденными [Текст]: Постановление Правительства Республики Казахстан от 19 января 2012 года № 109 // Собрание актов Президента Республики Казахстан и Правительства Республики Казахстан. - 2012 г. - № 26. - С. 361.
7. Клеандров М.И. Статус судьи. Правовой и смежные компоненты. [Текст]: Клеандров М.И. - М.- Норма. - 2008.
8. О статусе судей в Российской Федерации [Текст]: Закон Российской Федерации от 6 июня 1992 года N 3132-1 (<http://www.consultant.ru>). Последний доступ 08.03.2018 года.
9. Юридические термины и изречения на латыни [Текст]: (http://rezni.com/latin_sentences.html). Последний доступ 08.03.2018 года.
10. Исмаилов Д. Н. Академия правосудия при Верховном суде как высшее учебное заведение готовящая будущих судей [Текст]: Исмаилов Д. Н. (<http://www.prospektsk.kz/index.php/>). Последний доступ 08.03.2018 года.
11. Кыдырбаева А.К. Предложения по модернизации судейского образования // Международные стандарты и опыт отбора кандидатов в судьи (г. Астана, 23 мая 2014 г.). (<http://pravo.zakon.kz/4647707-predlozhenija-ro-modernizacii.html>). Последний доступ 08.03.2018 года.
12. О судебной системе и статусе судей Республики Казахстан [Текст]: Конституционный закон Республики Казахстан от 25 декабря 2000 года № 132-III. - // Вестник Парламента Республики Казахстан". - 2000 г. - N 23. - С. 410.
13. Бейбитов М.С. Роль специализированной магистратуры в подготовке судейских кадров [Текст]: Бейбитов М.С. (<http://sud.gov.kz>). - Последний доступ 08.03.2018 года.
14. French National School for the Judiciary web site, Presentation Archived2009-05-12 at the Wayback Machine. Consulted on May 22, 2009. (<https://www.revolvy.com/main/index>). - Последний доступ 08.03.2018 года.
15. Jump up^ See section "Conditions communes à tous les types de recrutement" in (in French) Université de Rouen web site, ENM Conditions d'accès. Consulted on July 4, 2009. (https://en.wikipedia.org/wiki/French_National_School_for_the_Judiciary#cite_note-2). Последний доступ 08.03.2018 года.
16. Волков В. Как учить хороших судей [Текст]: Волков В. (<https://www.vedomosti.ru/opinion/articles/2017/12/21/746018-uchit-sudei>). Последний доступ 08.03.2018 года.
17. Соколов И. А. История изучаемого региона стран Северной Америки. Канада. [Текст]: Учебное пособие/ И. А. Соколов. – Москва : Директ – Медиа. - 2013. – С. 781.
18. Испанов И. Кадры для Фемиды [Текст]: Испанов И. (<http://www.kazpravda.kz/fresh/view/kadri-dlya-femidi/>). Последний доступ 08.03.2018 года.
19. «Стратегия «Казахстан-2050» [Текст]: Послание Президента Республики Казахстан - Лидера нации Нурсултана Назарбаева народу Казахстана от 14.12.2012 года // "Казахстанская правда" от 15.12.2012 г., № 437-438 (27256-27257).

Жуниспаева Айнура Бауыржановна

Азаматтық-құқықтық пәндер кафедрасының аға оқытушысы, ҚЭН магистрі
І.Жансүгіров атындағы ЖМУ, Талдықорған қаласы, ainur_zhunispaeva@mail.ru

КӘСІПКЕРЛІК ҚЫЗМЕТТІ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДАҒЫ ТӘУЕКЕЛ ТҮСІНІГІ

Түйін. Мақалада кәсіпкерлік, кәсіпкерлік қызмет, тәуекел түсініктері қарастырылған. Кәсіпкерлік қызмет кәсіпкер атынан, оның тәуекел етуімен және мүліктік жауапкершілігімен жүзеге асырылатындығы туралы айтылған. Кәсіпкерлік тәуекелдің мәнін қарастыруда кәсіпкерлік қызметте тәуекел орындайтын функциялар көрсетілген.

Кілт сөздер: кәсіпкерлік, кәсіпкерлік қызмет, тәуекел, кәсіпкерлік тәуекел.

Резюме. В данной научной статье рассматривается предпринимательство, предпринимательская деятельность, а также понятие риска. В статье говорится об имущественной ответственности и о риске предпринимательской деятельности от имени предпринимателя, а также рассматривает значения риска в предпринимательской деятельности, выполняющие функции предпринимательского риска.

Ключевые слова: предпринимательство, предпринимательская деятельность, риск, предпринимательский риск.

Summary. This article examines entrepreneurship, entrepreneurship, and the notion of risk. The article deals with property liability and the risk of entrepreneurial activity on behalf of the entrepreneur, and also considers the risk values in entrepreneurial activities that perform the functions of entrepreneurial risk.

Key words: entrepreneurship, business activity, risk, enterprise risk.

Кәсіпкерлік, кәсіпкерлік қызмет – тәуекелге бел буып жасалынатын экономикалық әрекет, тауарларды өндіру және сатудан, іс-шарадан, көрсетілген қызметтерден, істелген жұмыстардан жүйелі пайда алуға бағытталған дербес қызмет. Осы мақсатта өзінің мүліктік жауапкершілігі кепілдігі, материалдық емес активтер, сондай-ақ кәсіпкердің жеке еңбегі немесе сырттан тартылған еңбек күші пайдаланылады. Кәсіпкердің жұмсаған ақшасы өтелетініне, өндірілген тауар пайдамен сатылатындығына кепілдік болмайды. Осыған байланысты меншікті жартылай немесе толықтай жоғалту қауіпі бар.

Кәсіпкерлік – нарықтық экономиканың барлық институттарына енетін неғұрлым жекеше жағдайы. Қызметтің бұл түрі, көбінесе, адамның жеке басымен – кәсіпкермен байланысты. Ол жаңа істі қолға алады, жаңа енгізілімді іске асырады, тәуекелдікке бас тігеді.

Қазақстан Республикасының кәсіпкерлік кодексінің 2-бабында: «Азаматтардың, оралмандардың және заңды тұлғалардың мүлікті пайдалану, тауарларды өндіру, сату, жұмыстарды орындау, қызметтер көрсету арқылы таза кіріс алуға бағытталған, жеке меншік құқығына (жеке кәсіпкерлікке) не шаруашылық жүргізу немесе мемлекеттік кәсіпорынды жедел басқару құқығына (мемлекеттік кәсіпкерлікке) негізделген дербес, бастамашыл қызметі кәсіпкерлік болып табылады. Кәсіпкерлік қызмет кәсіпкер атынан, оның тәуекел етуімен және мүліктік жауапкершілігімен жүзеге асырылады» - делінген [1].

Кәсіпкерлік қызмет тәуекел түсінігімен тығыз байланысты. Нарықтық экономика жағдайында кәсіпкерге өз ісін сәтті жүргізу үшін жаңа тауарлар мен қызмет түрлерін ұсыну үшін қажет, ал бұл шаралардың бәрі тәуекелге әкеліп соғады.

Тәуекел – бұл нәтижесінде оң немесе теріс салдар күтілуі мүмкін болатын құбылыс. Егер де тәуекел нәтижесі оң да, теріс те болса, онда бұл спекулятивті тәуекел түріне жатады. Ал, егер нәтиже тек теріс болса, онда таза тәуекел болып саналады. Кәсіпкерлік қызметте туындайтын шығындар: материалдық, қаржылық еңбек шығындары. Тәуекелге байланысты іс-шарадан бас тартуға да болады. Алайда, кәсіпкер үшін тәуекелден бастарту, пайдадан бас тарту болып есептеледі. Сонымен қатар, табыс қаншалықты мол мөлшерде күтілсе, оның тәуекел дәрежесі де соншалықты болатынын ескеру қажет.

Тәуекел – кәсіпкерлік қызметпен айналысатын кез келген тұлғаның белгілі бір қаржылық немесе өндірістік стратегияны жүзеге асыру нәтижесінде өз қаражаттарының бір бөлігін жоғалту, табысты ала алмау немесе қосымша шығынға ұшырау ықтималдығы.

«Тәуекел» түсінігі О.Сабден, С.Тоқсанбайдың энциклопедиялық анықтамасында келеңсіз зардаптарға ұшырататын оқиғалардың басталу ықтималдығы [2]. Ал, А. Қошановтың экономикалық орысша-қазақша сөздігінде қауіп-қатер, тәуекелдікті білдіреді [3].

Б.М. Волин мен Д.И. Ушаковтың редакциялауымен шығарылған 1939 жылғы «Орыс тілінің түсініктеме сөздігінде» тәуекел жайлы былайша айтылған: «Рыноктық конъюнктураның

өзгермелілігіне байланысты коммерциялық қызметтегі мүмкін болатын пайдасыз шығындар немесе табыссыздықтар»[4].

С.И. Ожеговтың «Орыс тілі сөздігінде» мынандай анықтама бар. «Тәуекел – төніп келе жатқан қауіп, сәтсіздік»[5]. Сонымен қатар, «тәуекел – игілікті іс» деген мәтел де келтірілген.

Кез-келген кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру кезінде кәсіпкерлер міндетті түрде тәуекелдерге барады. Себебі, жалпы экономиканы басқарудың барлық деңгейінде белгілі-бір шешімдерді қабылдау процесі соңғы нәтижелердің белгісізділік жағдайында іске асырылатыны белгілі. Соған байланысты кәсіпкерлік қызметтің кез-келген түрін жүзеге асыру әртүрлі тәуекелдермен тығыз байланысты деп айта аламыз. Экономикалық тұрғыдан алып қарағанда тәуекел – бұл «жоғалту қауіпі», «жоғалту ықтималдылығы» деп түсіндіріледі. Сондықтан да күнделікті өмірде тәуекелді әртүрлі материалдық және моралдық шығындардың пайда болуына әкелетін кейбір қолайсыз жағдайлардың пайда болу ықтималдылығы деп қарастыруға болады.

Кәсіпкерлік қызметті жүргізу кезінде оған қатысушы барлық тұлғалар көптеген объективті және субъективті себептерге байланысты әртүрлі тәуекелдерге барады.

Тәуекел – бұл ресурстардың бір бөлігінен айырылу, жоспарланған көлеміне жетпей қалу қауіпі немесе шығындарға ұшырау және керісінше белгісіздік жағдайда күтілмеген пайдаға ие болу.

Тәуекелдің орын алу салдарынан 3 түрлі нәтижеге қол жеткізуге болады:

1. Теріс нәтиже – яғни тәуекел деңгейіне байланысты кәсіпкер табыстан, түсімнен, тіпті кәсіпорынның барлық мүлкінен айырылуы мүмкін.

2. Оң нәтиже – бұл жағдайда кәсіпкер қосымша табысқа ие болуы немесе тәуекел нәтижесінде туындаған жағдай оған тиімді болуы мүмкін.

3. Нөлдік нәтиже – шығын да, пайда да болмайды, тек түсім тәуекелдің әсерінен туындаған шығындарды толық жабады [6].

Адамдар әртүрлі қызмет ауқымында барлық уақытта тәуекелмен кездеседі. Кәсіпкерлік қызмет – бұл инновациялық тәуекелдік қызмет.

Тәуекел – бұл мүмкін қауіптілік. Кәсіпкерлік тәуекел – өнімдерді тауарларды, қызмет көрсетулерді өндірумен, оларды өткізумен, тауар-ақша және қаржы операцияларымен, коммерциямен байланысты кез келген қызмет түрінде пайда болатын әлеуетті мүмкін қауіптілік, ресурстарды ықтимал жоғалтулар. Ол ресурстардың күтпеген, есептелмеген шығыны ретінде немесе ресурстарды ұтымды пайдалануға есептелген нұсқамен салыстырғандағы табысты ала алмауы ретінде сипатталады.

Кәсіпкерлік тәуекелдің мәнін қарастыру кәсіпкерлік қызметте тәуекел орындайтын функцияларды анықтаумен басталады:

1. Инновациялық
2. Реттеуші
3. Қорғаушы
4. Аналитикалық

Кәсіпкерлік тәуекелдің инновациялық функциясын кәсіпкер алдында тұрған мәселелерді дәстүрлі емес шешуді іздестіруді ынталандырумен орындайды.

Реттеуші функция қарама қайшы сипатта болады және екі түрлі нысанында шығады: конструкциялық және бүлдіргіш.

Тәуекелдің қорғаныш функциясы егер кәсіпкер үшін тәуекел табиғи жағдай болса, сәтсіздіктерге шыдам да қалыпты болу тиістігінен көрінеді.

Аналитикалық функциясы шешімдердің мүмкін нұсқаларының ішінен біреуін таңдау қажеттілігінде тәуекелдің болуын білуімен байланысты.

Нарықтық қатынастардың дамуы, бәсекенің күшеюі және айқынсыздық жағдайында кез-келген кәсіпкерлік қызмет тәуекелсіз жүзеге асырылу мүмкін емес. Кәсіпкер кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру кезінде тәуекелге барады және қабылданатын басқару шешімдерінің салдарлары үшін жауап береді.

Тәуекелдің негізгі белгілері:

- 1) анықталмағандық;
- 2) күтпеген жағдай;
- 3) табыстың ықтималдылық жағдайлары.

Кәсіпкерлік қызметте тәуекел факторы несиелердің қымбаттауы, инфляциялық үрдістердің туындау мүмкіндігі, экономикалық тұрақсыздығы немесе дағдарысқа ұшырау қауіпі жағдайында арта түседі. Тәуекел – бұл жоспарланған табыс көлемін ала алмау. Зияндар мен жоғалтулардың туындау ықтималдығы. Басқаша айтқанда, қ олайсыз жағдайлармен , экономикалық қызмет шарттарының

кездейсоқ өзгерумен байланысты күтілген табысты, ақшалай қаражатты немесе мүлікті жоғалтудың туындау қаупі. Ал, кәсіпкерлік тәуекел деп белгіленген іс-шара іске аспаған, сондай-ақ басқару шешімдерін қабылдау кезінде қателіктер жіберілген жағдайда кәсіпкердің зиян шегу ықтималдығын айтамыз. Ол белгілі бір уақыт кезеңі ішінде кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырудың айқынсыздығы түсінігімен тығыз байланысты.

Кәсіпкерлік тәуекелдер кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру нәтижесінде көптеген факторлардың әсерінен туындайды. Кәсіпкерлік тәуекелдердің пайда болуына алып келетін себептер мыналар: экономикалық дағдарыс, инфляцияның жоғарғы қарқыны, саяси тұрақсыздық, шаруашылық жүргізуші субъектілердің жауапсыздығы, кәсіпкерлік қызметті реттейтін заңнамалық және нормативтік құқықтық актілердің жиі өзгеруі, кәсіпкерлердің бір бөлігінің өз қызметіне деген жеке жауапкершілігінің болмауы, салық заңнамаларының жетілмеуі, әділетсіз бәсекенің орын алуы және т.б.

Кәсіпкерлік тәуекелге әсер ететін факторларды ішкі және сыртқы деп бөлуге болады. Ішкі факторларға басшының немесе қызметкерлердің жіберген қателіктері, дұрыс шешім қабылдай алмауы, тәжірбиесіздігі, өзгермелі жағдайға тез бейімделе алмауы, кәсіпкердің білімі мен біліктілігі, нақты жағдайды талдау және болашақты болжау мүмкіншілігі және т.б. жатқызылады. Ал, сыртқы факторларға келесілер жатады: инфляция, банктың пайыздық ставкалары мен несиелеу шарттарының өзгеруі, салық ставкалары мен кедендік рәсімдеу жүйесінің өзгеруі, нормативтік-құқықтық актілер мен заңнамалардағы өзгерістер мен толықтырулар, бәсекелік орта, саяси жағдайлар, елдегі экономикалық жағдай және т.б. [7].

Қорыта айтсақ, кез-келген кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру кезінде кәсіпкерлер міндетті түрде тәуекелдерге барады. Себебі, жалпы экономиканы басқарудың барлық деңгейінде белгілі-бір шешімдерді қабылдау процесі соңғы нәтижелердің белгісізділік жағдайында іске асырылатыны белгілі. Соған байланысты кәсіпкерлік қызметтің кез-келген түрін жүзеге асыру әртүрлі тәуекелдермен тығыз байланысты деп айта аламыз. Экономикалық тұрғыдан алып қарағанда тәуекел – бұл «жоғалту қаупі», «жоғалту ықтималдылығы» деп түсіндіріледі. Сондықтан да күнделікті өмірде тәуекелді әртүрлі материалдық және моралдық шығындардың пайда болуына әкелетін кейбір қолайсыз жағдайлардың пайда болу ықтималдылығы деп қарастыруға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексі. 29.10.2015ж.
2. Сәбден О., Тоқсанбай С.Р. Қаржы-экономика энциклопедиялық сөздігі. - Алматы: «ҚР БжҒМ Экономика институты», 2007. – 640б.
3. Қошанов А. Экономикалық орысша-қазақша сөздік. – Алматы: «Дайк-Пресс», 2008.
4. Основы предпринимательства. /Под ред. А.С. Пелих. – М.: «Гардарина», 1996. - 287 с.
5. С.И. Ожегов. Орыс тілі сөздігі.
6. К.Е. Өтепберген, Г.Б. Нұрсейтова. Тәуекелді басқару. Оқу құралы. – Алматы, 2016. 178 б.
7. Нурпеисова А.К., Г.Е. Жандыкеева, Тлеубекова А.Д. Кәсіпорын экономикасы және кәсіпкерлік құқықтың негізгі аспектілері. – Алматы: «ЛЕМ», 2012. - 336 б.

Musin Kuat Saniyazdanovich

PhD degree, Associate Professor of the Chair of the Constitutional and International Law of KarSU after E.A.Buketov, Karaganda city, mkuat80@mail.ru

RIGHTS OF CITIZENS IN PARTICIPATION OF ELECTIONS IN THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Түйін. Аталған мақалада Қазақстан Республикасының сайлау құқығының ұғымы және азаматтардың сайлауға қатысу қағидалары бойынша сөз қозғалады. Сондай-ақ, автор еліміздің сайлау заңнамаларына сәйкес азаматтардың сайлауға қатысудың құқықтары мен міндеттеріне кеңінен тоқталып, сараптама жасалған.

Резюме. В названной статье рассматривается концепция избирательного права Республики Казахстан и принцип участия граждан в выборах. Автор также подчеркнул права и обязанности граждан на выборах в соответствии с избирательным законодательством страны.

Summary. This article examines the concept of the electoral law of the Republic of Kazakhstan and the principle of citizens' participation in elections. The author also stressed the rights and duties of citizens in elections in accordance with the electoral legislation of the country.

Each state establishes state power in accordance with its parental rights and establishes a system of state bodies, confirming their relationship with the life of a person and a citizen. The construction of the Republic of Kazakhstan is a system of public relations, which is the basis for the organization of the state and its relations with a person determined by the norms of the Constitution and characterizes it as a constitutional state.

The Constitution establishes all the principles underlying the construction of the Republic of Kazakhstan. This is the people's power, state sovereignty, unity, the principle of separation of powers, the rule of law, the democratic solution of the most important issues of state life, ideological and political diversity, etc. The principles are classified. In the concept of the state institution of the Republic of Kazakhstan, one can note the people's power as the main symbol of the constitutional construction of the Republic of Kazakhstan.

Paragraph 1 of the Constitutional Law on Elections of the Republic of Kazakhstan provides: "The right to vote - the right to vote of citizens of the Republic who have reached the age of eighteen years, the right to choose in general - the origin, social status or property status, sex, nationality, language, religion, old age, have the right to vote regardless of their place of residence or other relevant circumstances." [1].

Elections in democratic states allow citizens to re-elect reliable representatives instead of the incumbent president or deputies.

This is the only way to switch to democracy. In authoritarian states, where the basic principles of free elections are provided, they are considered the most powerful means of democratization. Elections open the way of democracy for citizens and the whole society.

The essence of the elections is to implement the basic principles of free elections as a prerequisite for the viability and effectiveness of democracy, which is directly related to the electoral process. It is provided according to certain legal norms in accordance with the Constitution and the law on elections.

The only source of state power in our country are people. People's power is exercised directly by a national referendum and free elections, and also gives state bodies the power to exercise their powers.

In recent years, the practice of election campaigns has shown that elections are an integral part of Kazakhstan's political life. We see the competition of various parties for seats in the parliament, competitors for candidates in the parliamentary mandate. This is a normal process, and, most importantly, the implementation of approved rules and procedures. We strive to preserve national peculiarities and historical traditions, corresponding to our universally recognized international standards.

Today, the electoral process in Kazakhstan covers all levels of government that are being developed and reformed together with the country's political system.

The electoral system is the nucleus of elections. It establishes the general organizational principles of elections, as well as the mandate for the transfer of votes to the leadership positions. The main goal of the electoral system is to ensure human dignity and the formation of viable and effective authorities.

People are involved in the political process in two different ways. The first, through representative bodies functioning within the political system, and the other, through the direct participation of citizens, affects political power. When they are delegated through representations, they elect a law-abiding and run the daily government. They are accountable to a certain number of voters [2; 167].

Direct participation is divided into two. The first is an institutionalized democracy. Here citizens express their views through elections, referendums and authorized participation. In modern democracies, most citizens are politically active - joining the elections. Elections are held systematically, during the law. The president, members of the highest legislative body, are usually elected for 3-6 years. This term is considered sufficient to fulfill the promises made to the candidate, as well as to ensure continuity of political management and stability. Local authorities are elected for a shorter period of time. The problems they face are easier to manage, and the situation in the city or district is changing more quickly. The next day of elections is determined by decree of the legislative body or head of state.

After the announcement of the election day, an official election campaign begins. A list of voters will be drawn up, candidatures and registration of candidates and election campaigns will be put forward. Elections are held. At the end of voting, the votes will be counted and the election results announced. The electoral process is held in the constituency. The territory of the country, republic, state is divided into districts. Their nation offers one or more candidates.

A small number of voters are formed to elect local authorities. He will be elected from a small town or district and a small village. When selecting the highest legislative bodies, several small constituencies are added, and one deputy from the region and one region is elected. If only one deputy is elected from one electoral district, then one mandate and several elected deputies are called multi-mandate districts.

At the initial stage of the pre-election campaign, political parties play a decisive role. They elect candidates, finance, organize support, hold rallies, hold meetings, meet with candidates, meet with voters and broadcast television. Voters should make their choice in a carefully thought out and reasonable way. They should think carefully about which party, the candidate's program is more important for their own vision and goals.

Democracies require that parties and candidates equally elect an election campaign. But in practice it is difficult to do. There will be many parties supporting the rich guy. They are very helpful. They want to make wide use of television, radio and the media. The smaller parties have fewer opportunities. Therefore, the state will take up most of the expenses for the election campaign. He also determines the amount of donations for individuals and organizations, in the pre-election fund and how much they can spend on their own funds.

The pre-election campaign stops the day before the election day. This allows voters to study their minds again and study them. Elections are held in secret ballot. No one has the right to control how the voter fills out the ballot. In some countries, a special voting machine is used to prevent falsification of elections [3; 216].

The rules, procedures and basic principles of elections and referendums in Kazakhstan are determined primarily by the Constitution of the Republic of Kazakhstan, the Constitutional Law "On Elections in the Republic of Kazakhstan", the Constitutional Law of the Republic of Kazakhstan "On Referendum" and decisions of the Central Election Commission.

In Article 33 of the Constitution of the Republic of Kazakhstan, citizens of Kazakhstan have the right to participate directly in the management of state affairs and through their representatives, to elect and be elected to state bodies and local self-government bodies, and also to participate in a national referendum [4]. Citizens who have been found legally incompetent, as well as in places of detention under the verdict of the court, do not have the right to be elected and elected, and also to participate in a national referendum.

Elections in the Republic of Kazakhstan are based on the free exercise by citizens of the right to elect and be elected. Elections of the President, deputies of the Mazhilis of the Parliament and Maslikhats, as well as members of local self-government bodies are conducted by universal, equal and direct suffrage by secret ballot. Elections of deputies of the Senate of the Parliament of the Republic are held on the basis of indirect suffrage by secret ballot.

A referendum, similar to elections, in terms of organization and conduct. This is a direct appeal to voters for the final legislative or internal and external political decision. For example, the constitution includes the adoption or amendment, the change in the form of government or power, the repeal of the old law or the adoption of a new law, the country's entry into an international organization, accession to an intergovernmental agreement, etc. Issues are considered. These issues are set by the parliament or the head of government. A referendum can be held in a separate area or district. It discusses local problems. For example, you can take an additional tax on the city budget, build a new plant, plant, plant or close the old one, take a large trunk and much more. as well as public opinion on such issues. This approach is common in the United States and Switzerland [5; 103].

During the preparation for the referendum, new constituencies will not be formed. Most people involved in it have the right to vote for a decision. But the referendum has its drawbacks. For example, a decision is often taken with a small priority. Moreover, public opinion can quickly change. Thus, the results of a

referendum may not meet the requirements and wishes of people. To prevent such shortcomings and fully understand the wishes of people, it is important to discuss this issue in detail.

In some countries, this decision is final, if only two thirds of the referendum participants welcome it. However, the referendum can not be called an ideal form of people's power. The reason is that when the government asks a question, it deserves responsibility. Participants can only answer "yes" or "no" and can not make any corrections. One type of referendum includes a shibiscite (Latin, common people and judgments). Usually this is done in international relations to get public opinion when it comes to power in another country.

The Central Election Commission publishes in the mass media a statement on the results of the election of the President, the deputies of the Parliament no later than ten days after the election day; no later than seven days from the election day, the relevant territorial election commission shall publish a report on the results of elections of members of local self-government bodies by the relevant territorial election commission no later than four days after the election day, issue.

The total number of voters included in the message; the number of voters who took part in the voting; the number of votes cast for each candidate, for each political party; number of invalid ballots; the number of ballots cast against all candidates, political parties; surname, name, patronymic, year of birth, position (position), residence of the elected president, parliament, maslikhats, members of local self-government bodies, as well as his / her membership in a political party or other public association, information on the operation.

Election commissions register elected Presidents, Parliament, deputies of maslikhats and members of local self-government bodies after receiving written applications for the termination of their duties for seven days, which are incompatible with the status of the President, Parliament, Maslikhat deputy and members of the local government [1].

The second type of participation in the political process is the influence of political power through participation in a rally (rally), parade, strike. The mass meeting is devoted to discussing one issue. This can be support or refusal of political power or political decision. Many people are present and express their views. There is also a negative side. For example, at such a meeting, the goals of different political forces may contradict elements of provocation, indecision or hooliganism. Therefore, it requires the ability of the organizers, whether authorized or controlled by the authorities, to maintain a high degree of sensitivity, caution and discipline.

Demonstration is the demonstration of a certain idea, the solemn gesture of the majority of supporters, the support or support of political power. A qualified parade will have a big impact on a political rival.

The strike is the cessation of work and the desire to make certain demands for political pressure. The main reason for this is the socio-economic situation. Inability to pay salaries in the CIS countries for several months, a sharp decline in living standards, worsening working conditions, etc. D. Strike - the last battle for the fighters. The consequences can be serious for the whole society. As a consequence, economic ties are discontinuing, and the economy is damaged.

The soldiers are also not vulnerable. Therefore, it is necessary to seriously think about the consequences of a strike. If this is the case, this requires a high level of organization, appointment, time and time. During the strike, an accident or other unforeseen situation may occur. They should help their families. All of them must be carefully considered in advance. Picket, hunger strike, civil disobedience, etc., can be. The knowledge of modern people grows, grows, flourishes on a wide range of issues and knows the world in good time. All this has a great influence on his political consciousness and his activities. That's why he criticizes political slogans and programs.

The Central Election Commission publishes in the mass media a statement on the results of the election of the President, the deputies of the Parliament no later than ten days after the election day; no later than seven days from the election day, the relevant territorial election commission shall publish in the mass media the report on the results of the elections to the maslikhat deputies corresponding to the territorial election commission not later than seven days after the election day states [5; 48].

The total number of voters included in the message; the number of voters who took part in the voting; the number of votes cast for each candidate, for each political party; number of invalid ballots; the number of ballots cast against all candidates, political parties; surname, name, patronymic, year of birth, position (position), residence of the elected president, parliament, maslikhats, members of local self-government bodies, as well as his / her membership in a political party or other public association, information on the operation.

Within seven days, the election commissions register the elected Presidents, Parliament, deputies of the Maslikhat, members of the local self-government bodies upon receipt of written applications for termination

of their duties incompatible with the status of the President, Parliament, Maslikhat deputy and members of the local government body.

The former elections, membership in the party, the trade union are not satisfactory. They are looking for other forms of civic engagement and democratic movements. In many foreign countries, anti-aircraft movements, anti-nuclear and anti-nuclear movements are widespread. It is very pleasant for such movements to be supported in our country. There are also people who do not participate in political life. He has no direct connection between civil society and the state, the dismissal of political institutions and, consequently, fraud, the rejection of a common political system, etc., can lead.

At the same time, the political activity of citizens in society is affected by the internal situation in the country, the influence and influence of political institutions, the relative power of the public, the level of democratic traditions and rules, etc. In a truly democratic society, the political activity of citizens is a mechanism for the continuous improvement of its development , interaction of authorities and civil society.

List of used literature:

1. *The Constitutional Law of the Republic of Kazakhstan of September 28, 1995 "On Elections in the Republic of Kazakhstan" (the latest edition of 15.06.2017) http://adilet.zan.kz/eng/docs/Z950002464_*
2. *The Constitutional Law of the Republic of Kazakhstan: Textbook / Comp. A. T. Aşçewlov. Almaty: Zhety Zargy, 2001.-251 p.*
3. *Abeldinov AK, Kopabayev OK Constitutional provisions on the right to a remarkable member: Almaty: Zhety Zargy, 2007.-237 p.*
4. *Constitution of the Republic of Kazakhstan on August 30, 1995.*
5. *Ivashevskaya Zh.V. The Electoral Law of the Republic of Kazakhstan. Teaching-methodical manual. - Petropavlovsk: SKGU, 2005, 155 p.*

Өміржанов Есбол Тоқтарбайұлы

з.ғ.к., әл-Фараби атындағы ҚазҰУ халықаралық қатынастар факультетінің
халықаралық құқық кафедрасының доценті, Қазақстан, Алматы қаласы,
E-mail: yesbol_1981@mail.ru

ҚАЗАҚСТАННЫҢ САЯСИ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ОЙЛАРЫ ТАРИХЫНДАҒЫ МАЙҚЫ БИДІҢ ЖАРҒЫСЫ

***Түйін.** Қазақстанның саяси-құқықтық ойларының тарихы әлі де болса толыққанды зерттелген жоқ. Ғалымдарымыз қазақ халқының тарихында болған көптеген ірі ойшылдар мен саясаткерлердің артында қалған мұраларын біртіндеп ғылыми айналымға енгізу үстінде. Осының арқасында бұрындары көп насихатталмаған тұлғалардың саяси-құқықтық көзқарастарына талдау мүмкіндігі туып отыр. Бұл мақалада Шыңғыс хан дәуірінде өмір сүрген, Шыңғыс ханның билерінің бірі болған Майқы бидің саяси-құқықтық көзқарастарына талдау жасалынады. Майқы биден қалған Жарғыда мемлекет пен құқыққа қатысты айтылған айрықша идеяларға зерделеу жүргізіледі. Мақала соңында автор қазақ даласында халықты басқаруда ортақ Жарғы қабылдау дәстүрі Шыңғыс хан жаулап алуларынан бұрын болғаны жайлы тұжырым жасайды.*

***Резюме.** История политических и правовых мыслей Казахстана в настоящее время еще не исследована в полном объеме. Отечественные ученые постепенно вводят в научный оборот наследие крупных исторических мыслителей и политиков казахского народа, благодаря чему появилась возможность научного анализа политико-правовых воззрений указанных личностей, на основе ранее не изученных исторических документов. В настоящей работе анализируются политико-правовые взгляды современника Чингизхана, одного из биев Чингизхана Майки би. Анализируются уникальные идеи Майки би о государстве и праве отраженные в его Уставе. В заключении автор сделан вывод о том, что до завоеваний Чингизхана в Казахской степи существовала традиция принятия Устава для управления народом.*

***Summary.** The history of political and legal thoughts of Kazakhstan has not yet been fully explored. Our scientists are gradually introducing into the scientific circulation the legacy of the great thinkers and politicians, who left their mark on the history of the Kazakh people. Thanks to this, it became possible to analyze the political and legal views of previously unknown individuals. This article analyzes the political and legal views of a contemporary of Genghis Khan, one of the bies of Genghis Khan - Maiky bi. The unique ideas of Maiky bi about the state and law reflected in his Charter are analyzed. In conclusion, the author concluded that prior to the conquest of Genghis Khan in the Kazakh steppe, there was a tradition of adopting the Charter for the administration of the people.*

Майқы би Төбейұлы 1105-1225 жылдар шамасында ғұмыр кешкен Шыңғыс ханның замандасы, әрі оны хан көтерген 12 бидің бірі. Майқы би Шыңғыс ханның оң қолы, ел басқару ісіндегі ақылшысы, бас биі болған [1, 314 б.]. Майқы биді Шыңғыс хан жорықтарға шыққанда орнына қалдыратын болған. Шыңғыстың баласы Жошы хан батысқа жорық жасағанда Майқы биге Моңғол әскерінің оң қанатын сеніп тапсырған. Талай жеңісті бастаған батыр болған. Сол оң қанат Дешті қыпшақ елінің ұлан ғайыр аймағына билік жүргізген. Майқыдан бастап би – атақ, лауазым, ал билік ету өнер саналды. Халықтың әдет-ғұрып, салтын, жол-жоралғысын заңға айналдырып, қоғамдық қару етуде Майқы бидің алатын орны ерекше [4, 383-384 бб.]. Майқы би қайтыс болған соң сол кездегі дәстүрге сай сүйегі Самарқанға қойылған [2, 385 б.]. Оны қазақтар ғана емес, татарлар, башқұрттар, қарақалпақтар, өзбектер де өздерінің бас биіміз деп есептейді.

«Түгел сөздің түбі бір, түп атасы Майқы би», «Сөз иесі – Майқы» сынды қанатты сөздер осы Майқы би турасында айтылған. Сонымен қатар, Майқы биді үлкен аумаққа ықпалы жүрген, билердің биі - төбе би болғандығы жөнінде айтылады.

Майқы жастайынан ақсақ болды. Оның ақсақ болғаны Шыңғыс ханмен дос болуына себеп болғаны жайлы аңыз да бар. Осы аңызға сәйкес бірде аң аулап жүріп жараланып қалған Шыңғысты бір топ жігіт іздеп тауып алады. Арбаға отырғызып Шыңғысты сүйреп келе жатқандардың ішінен аяғы ақсақ Майқы оның қасына отырып алады. Шыңғыстың үлкен шешесінің үйінің алдына келгенде оны сүйемекке жігіттер таласып қалады. Сол кезде Майқы «Әдетте арбаға жегілген өгіз есік алдында қалып, оны айдаған адам үйге кірмеуші ме еді?», -деп сөз тауып, үйге Шыңғысты сүйеп кіргізеді. Ол үйдегілерге орманда болған жайды баяндайды. Содан былай қарай Майқы жас болса да бас би болған екен[5, 88 б.].

Майқының Шыңғыс ханды хан көтеруге қатысуы жайлы тағы бір аңызда оның өзге тоғыз бимен бірге Шыңғысты іздеп барғаны баяндалады. Майқы жолшыбай Шыңғыстың анасы Алангуден оның жүзікке бекітілген мөрін сұрап алады. Шыңғыс хан өзін іздеп келген билерге сенімсіздік танытқанда өзге билер еш дәлел таппай қиналады. Сонда Майқы Алангудің жүзігін көрсетеді. Содан кейін ғана

Шыңғыс хан оларды өз үйіне ертіп апарды. Шыңғыс пен он би «сарайға» кірді және сонда бір апта тұрды, қыздыратын сусындар ішті, әртүрлі тағамдар жеді[9, 9 б.].

«Майқы би айтыпты» дейтін мақал, нақылға айналып кеткен аталы сөздің кейбіреулеріне тоқтала кетуге болады[3, 61 б.]. Майқы би ру-тайпалар арасында болып жататын қызу айтыс-тартыстар мен дау-дамайларға да қатысып халық бірлігін насихаттаған. «Бірліксіз — тірлік жоқ» деген аталы сөз де Майқы биден қалған. Көптеген ру-тайпалардан құралған алып империя құрамындағы халықтың белгілі бір бөлігіне билік жүргізгендіктен ол халықтың басы бір идеяға бірігіп, бір билікке ұйығанда ғана жақсы нәтижеге қол жеткізуге болатынын жақсы түсінді. Сондықтан, «Алтау ала болса, ауыздағы кетеді, Төртеу түгел болса, төбедегі келеді», -деп Майқы би халықтың бір сөзге ұйып, бір басшының соңына еріп тіршілік етуін насихаттады.

Майқы өмір сүрген кезең көшпелі халықтардың мемлекетіндегі жаңа типтегі мемлекеттік басқару аппараты қалыптасып жатқан уақыт болғандықтан, оның мемлекеттегі билік роліне айқындауға қатысты өзінің көзқарасын білдірмеуі мүмкін емес еді. Сондықтан да, Майқы билік ел өмірінде алатын орнын аса маңызды етіп көрсеткен. «Ханның биі ақылды болса, Қара жерден кеме жүргізеді», -деу арқылы билік мықты болуының көп мәселенің шешілуіне сеп болатынын, хан билігінің нығайуына негіз болатындығын ашып көрсетеді. Дегенмен, билік мемлекет үшін қанша маңызы болса да олардың санының аса көп болмауын, әкімшілік аумақтық бірлестікте мемлекеттік басқаруды ұйымдастыруда оларға нақты аумақта ғана билік жүргізуі қажеттігін, билердің санының көп болуы ел арасындағы дау-дамайдың азаюының кепілі еместігін Майқы келесі тұжырым арқылы түсіндіреді: «Би екеу болса, дау төртеу болады». Өзі төбе би болғандықтан Майқы билердің адамгершілік келбетіне, адалдық пен әділеттілікті басшылыққа алуына үлкен мән береді. Сондықтан, билердің өз қолындағы билігін бас пайдасына пайдалануын айыптайды. «Парақор биге ісің түспесін, Сараң үйге кісің түспесін», - деп парақор, пайдакүнем билерге жүгінбеуге шақырады. .

Әлемге әйгілі Шыңғыс ханның ең жақын адамдарының бірі болғандықтан ол хандық биліктің мән-мағынасын, қалай жүзеге асырылуына қатысты әдіс-тәсілдерге қанық адам болған. Сол себепті ханның қандай болуына қатысты өз ойын ашық білдірген.

«Аспан ашық болса,

Күн шуақты болады.

Хан әділ болса,

Халық ынтымақты болады», -деу арқылы ханның әділетті болу арқылы ғана халықтың алдында мерейі үстем болатындығын, халықты өзіне ерте алатынын алға тартады. Сонымен қатар, ханның тек әділ ғана емес өте сұңғыла, әккі, жан сырын ешкімге білдірмейтін сырға берік адам болуы қажет екендігін келесі сөздері арқылы жеткізеді: «Уәзіріне сырын алдырған хан, Қақпанға түскен аң». Бұл сөздер бүгінгі күні де өзектілігін жоя қойған жоқ. Кей кездері мемлекет басшысының елге жағымсыз құпияларын біліп алған адамдардың оны сол арқылы бопсалап, өз дегенін істете алатындығын тарихтан көптеп кездестіруге болады. Тіпті, мұндай халге душар болған мемлекет басшысы өз басын, отбасын қорғау үшін мемлекет үшін зиянды шешімдерді де қабылдауы мүмкін.

«Хан борышы – жорыққа ту көтеру,

Сарбаз борышы – туға еріп жан беру» -деп мемлекет басшысының елді соңына ерте алатын беделінің болуы қажет екендігін, мемлекетті басқару – ел үшін барынды аянбау, елді қорғау деген ұстанымды алға тартты. Жаугершілік заманда ел билеушіге қойылатын басты талаптың бірі оның денінің сау болуы және соғыс өнерін меңгерген, жаужүрек қолбасшы болуы. Сондықтан, Майқының ханның борышы ретінде «жорыққа ту көтеруді» атап өтуі орынды.

«Таста тамыр жоқ, ханда бауыр жоқ» - деген сөздер арқылы Майқы би ханның өз айналасындағы бауыр-туыс, ағайындарды мемлекет ісіне араластырып, мемлекетті өз отбасының қажеттіліктерін қамтамасыз ету құралына айналдырмауы қажеттігін алға тартады. Хан өз туыстарына ел билеу ісін беріп қойса олардың туыстыққа сүйеніп көптеген заңсыз әрекеттерге баруы мүмкін. Сондықтан ол ханның қандай жағдай болмасын ел басқару ісіне елге беделі бар, қабылетті тұлғаларды тартып, соларға сүйене отырып билік жүргізуін жақтады. Мұндай ұстаным бойынша ел билеуді Шыңғыс ханның жүзеге асыруына Майқы билік де ықпалы болды деп жорамалдауға болады.

Майқы би тек мемлекет ісінде ғана емес елдің құқық жүйесін қалыптастыруда да үлкен қызмет атқарған. Қазақ мемлекетіне тән заң-жарғылардың бастау көзі Майқы биден басталады. Академик Салық Зиманұлы құрастырған «Қазақтың ата заңдары» он томдық еңбекте еліміздің ғұн, үйсін, түркі дәуірінен бері мемлекеттік билікте қолданылып келе жатқан заңдар, құқықтық ережелер мен жол-жосындар, жазба деректер молынан енгізілген. Зерттеуші ғалымдар тарихшы Рашид ад-Диннің «Жамиат тауарих» еңбегіне және Шыңғыс ханның ғұмырнамалық жылнамасы «Моңғолдың құпия шежіресі» мен «Алтын топшыдағы» деректерді жинақтай келе, Майқы бабамыздан да жеті түрлі заң

үлгісі қалғанын дәйектеп берген. Майқы би дайындаған, Шыңғыс хан атынан шыққан заңдар мен жарлықтар, үкім-кесімдер, тәртіп-ережелер ұлы қағанаттың барлық өңірінде бірдей қолданылды. Соның ішінде оны Жошы ұлысы, Алтын Орда хандары да өздерінің басты заң ережелері ретінде пайдаланды. Керей мен Жәнібек хандар да осы Майқы биден қалған «Жеті Жарғыны» ел басқару игілігіне жаратты деп толық айтуға болады [6, 1 б.].

Майқы бидің жарғысы моңғолдың құпия шежіресі «Алтын топшыдан» алынған. Алтан тобчи немесе Алтын топшы – орта ғасырдағы моңғол тарихнамасының бірегей ескерткіші, моңғолдың үш ірі тарихи шығармасының бірі (Асыл шежіре, Моңғолдың құпия шежіресі). Алтын топшының осы күнге жеткен екі нұсқасы бар. Бірі «Кіші Алтын топшы» (17 ғасырдың басында жазылған) және «Үлкен Алтын топшы» (1630 жылы моңғол ламасы Лобсанданзин өңдеп, толықтырған) [7, 305 б.].

Майқы би қолданыстағы әдет-ғұрып ережелерін басшылыққа ала отырып жасақтаған ережелерінде ең алдымен гуманизм қағидасын басты орынға қойған. Кез-келген ереже бұрындары орын алған қатаң, императивті сипаттағы нормалардың күшін жойып, олардың орнына жан-жақты екшелген, нақты орын алған жағдайға байланыстыра отырып шешім қабылдауға мүмкіндік беретін ережелер қабылдау арқылы Майқы би билер сотының халық алдында беделінің артуына және халықтың оған сенімінің жоғарылауына себеп болған. Майқы ұсынған ережелерде көзделген қылмыстық жазалар өзінің гумандығымен айрықша көзге түседі. Ол сол кезде халық арасында кең етек алған талион жазасының жойылуына, кейбір қылмыстарға қатысты айып төлеуді енгізуге себепкер болды. Майқының мұндай реформаторлық қадамға баруына өзі өмір сүрген кезеңдегі мемлекет пен құқықтың жаңа нысанда даму жолына түсуі әсер еткен болуы мүмкін. Аса үлкен аумақты жаулап алу нәтижесінде құрылған жаңа империяның бір бөлігінде билік жүргізген ел басшысы ретінде ол өз қарауында өмір сүруші халықты билеудің жаңа ережелерін қалыптастыра алды.

Майқы бидің алғашқы ережесі адам құны туралы. Бұл ережеден «соғыста өлгендерге екі жаққа да құн төленбейді» деген бапты бөліп қарастыруға болады. Яғни, бұрындары соғыста өлген адамға 100 бесті төленген болса, енді соғыста шаһид болғандар үшін құн төленбейтін болады. Осы арқылы бір жағынан соғысқа қатысып, жеңіліс тапқан тапқан тараптың жағдайын жеңілдетсе, екінші жағынан, соғысқа қатысушының құқықтық мәртебесін айқындауға қадам жасалды. Яғни, ендігі жерде жай адамның өлімі мен соғысқа қатысушы жауынгердің өлімі екі түрлі жағдай ретінде қарастырылып, оларға қатысты көзқарас та айқындалды. Сонымен қатар, аталмыш ережеде «қанға қан» қағидасынан да бас тарту бұйырылады. Оның орнына құн немесе айып енгізіледі. Тіпті ақсүйектерге екі есе құн төлеу де жойылады. Дене жарақатына қатысты сол алынған зақым көлеміне қарай айып төлеу енгізіледі.

Майқы бидің екінші ережесі неке мен жесірлерге арналған. Бұл ережелер некенің сақталуына мүдделі болған. Ерлі-зайыптылардың бір-бірінің көзіне шөп салуы бойынша істерде оларға өштігі жоқ, есі дұрыс, он екі мүшесі сау үш адам көріп, куәлік етуі талап етілді. Ал, біреуге неке бұзды деп жала жабушыларға қырық дүре соғылды. Ерінің көзіне шөп салған әйел талақ етілді. Ері мен әйелінің арасында болған дауды мүмкіндігінше шешіп, оларды татуластыру басты мақсат саналды. Сонымен қатар, ер мен әйелдің бей-берекет неке бұзуға әуестенбеуін жақтады. Осы ережелерден басты көзге түсетіні неке бұзушыларға қатысты өлім жазасының болмауы. Яғни, шарифат заңдарынан талақ ету басшылыққа алынғанымен, неке бұзушы әйелге қатысты өлім жазасын тағайындаудан бас тарту орын алған. Сонымен қатар, ерге де әйелге де өз бетінше неке бұзу үшін билерге жүгіну құқығының тең берілуі назар аудартады.

Үшінші ереже жерге қатысты, оған сәйкес, кім бұрын жерді иеленіп өндесе, жердің соныкі болып танылуы. Жердің бағасы мен пайдалану ақысы жердің шөбі, суы, қыс пен жаздағы қолайлы-қолайсыздығына қарай белгіленіп, төленеді. Жердің шекарасы ұлы таулар қыраты, үлкен өзендер арқылы немесе жердің өзге де көрнекті бедерлерімен, жұртқа анық жерлермен белгіленуі шарт. Осы ережеден сол кезеңдердің өзінде жерді сату және пайдалану шарттарының көшпенділер өмірінде кең орын иеленгенін көре аламыз. Сонымен қатар, жердің өз құны мен оны пайдалану ақысын айқындаудың өзіндік тәсілдері болғанын байқаймыз.

***Түйін:** мақалада Қазақстан Республикасы қылмыстық саясатының теоритикалық-құқықтық және халықаралық аспектілері қарастырылады. Қылмыстық саясатты жетілдіруге бағытталған қылмыстармен күрес саласында Қазақстан Республикасының негізгі құқықтық құжаттары зерттелген.*

***Resume:** In the article the theoretical, legal and international aspects of criminal policy of the Republic of Kazakhstan are considered. Investigated the basic legal documents of the Republic of Kazakhstan in the fight against crime to improve the criminal policy.*

Для эффективного противодействия преступности следует на концептуальном уровне определиться, каким образом следует воздействовать на совершаемые преступления, а также лиц, которые совершают данные преступления. Как бороться с социальными последствиями самой преступности, а также последствиями исполнения наказаний. Следует рассмотреть и эффективность принимаемых законов, а также процесса правоприменения и многое другое.

Как известно, у нас в стране были приняты две Концепции правовой политики Республики Казахстан, которые были утверждены указами Президента Республики Казахстан: первая [1] – на период с 2002 по 2010 годы, вторая [2] – на период с 2010 по 2020 годы.

Как было указано в преамбуле действующей Концепции правовой политики, что на конституционном уровне придан импульс новому этапу судебно-правовой реформы, направленному на укрепление независимости судов при отправлении правосудия. Сфера применения смертной казни сокращена и ограничена исключительно террористическими преступлениями, сопряженными с гибелью людей, и особо тяжкими преступлениями, совершенными в военное время, что в условиях Казахстана означает фактическую отмену смертной казни. Введено судебное санкционирование ареста, исключен конституционный запрет на возможность ведения прокуратурой и судом следствия [3]. То есть была дана оценка ситуации, которая сложилась у нас в стране в сфере правовой политики.

Кроме этого в Концепции правовой политики Республики Казахстан подведены итоги реализации Концепции правовой политики, принятой на период 2002-2010 года.

А именно, что проведенная реформа таким образом направлена на дальнейшую демократизацию институтов государства и общества. Все эти системные решения, получившие конституционное признание, должны найти дальнейшее воплощение в текущем законодательстве Республики Казахстан [4]. Кроме этого в указанной Концепции правовой политики Республики Казахстан, принятой на период 2010-2020 года была определена и дальнейшая перспектива развития государства в сфере реализации правовой политики. Так было отмечено, что вместе с тем фундаментальные изменения, происходящие в мировой экономике и политике, процессы глобализации, а также внутренняя динамика развития страны не позволяют довольствоваться достигнутым. В целях обеспечения соответствия национального права новым вызовам времени, повышения его конкурентоспособности необходимо дальнейшее совершенствование нормотворческой и правоприменительной деятельности государства, окончательно освободившись от правовых догматов, не отвечающих перспективам 21-го века [5].

Важное место в проводимой правовой политике Республикой Казахстан является уголовная политика, которая является наиболее важной частью всей правовой политики государства, так как обеспечивает защиту основ формирования правового государства.

Об этом достаточно убедительно было записано в Концепции правовой политики Республики Казахстан на период с 2010 по 2020 годы, что важнейшим звеном правовой политики государства является уголовная политика, совершенствование которой осуществляется путем комплексной, взаимосвязанной коррекции уголовного, уголовно-процессуального и уголовно-исполнительного права, а также правоприменения.

Оценивая современное состояние уголовного права, можно констатировать, что в целом обеспечено его поступательное развитие. Действующий Уголовный кодекс - достаточно

эффективный инструмент борьбы с преступностью и уголовно-правовой защиты прав и свобод человека, интересов государства и общества [6].

Чтобы полнее рассмотреть механизм реализации уголовной политики государства в сфере назначения уголовных наказаний, рассмотрим содержание самой уголовной политики.

Как известно, содержанию понятия «уголовная политика» и ее влиянию на преступность посвящено много исследований, научных работ. Наиболее активно данные вопросы исследовались учеными советского периода, особенно в 60-80-е годы прошлого столетия.

В 60- годы проблеме уголовной политики были посвящены работы таких авторов как А.А. Герцензон, М.Д. Шаргородский, А.С. Шляпочников, Б.С. Утевский и других.

В 80- годы вышли в свет по данной проблеме работы Г.А. Аванесова, Ю.М. Антоняна, Н.А. Беляева, М.М. Бабаева, С.Е. Вицина, П.С. Дагеля, А.И. Долговой, Н.И. Загородникова, В.К. Звирбуля, И.И. Карпеца, Н. Кудрявцева, В.В. Лунеева, Ю.И. Ляпунова, Г.М. Миньковского, Э.Ф. Побегайло, А.Б. Сахарова, Н.А. Стручкова, А.М. Яковлева и др.

Большое значение в теоретическом плане осмысления основ уголовной политики имеет монография С.В. Бородина «Борьба с преступностью: теоретическая модель комплексной программы», изданная в 1990 году [7].

Из более поздних работ следует назвать работу В.Н. Кудрявцева в которой предложена теоретическая модель противодействия преступности «Стратегия борьбы с преступностью» (2003 год) [8] , а также монографию С.С. Босколова «Основы уголовной политики» (1999г.) [9].

Среди казахстанских авторов можно выделить работы А.Х. Миндагулова «Профилактика преступлений» (2005 год) [10] и Е.О. Алауханова и З.С. Зарипова «Профилактика преступлений» (2008 год) [11].

Следует отметить, достаточно высокий уровень многих теоретических исследований и прикладных научных разработок советских ученых, несмотря на имевшие место в тот период ограничения в сфере идеологии понимания преступности и ее причин. Несмотря на это, труды ученых того периода позволили создать научную теорию уголовной политики, разработать ее основные понятия и принципы, которые успешно используются и в настоящее время.

На формирование теории уголовной политики большое внимание оказал и сам понятийный аппарат, в разработке которого и происходит процесс осмысления того или иного явления.

В научной литературе имеются различные трактовки понятия общего понятия «политика». Так, в одних случаях оно применяется для обозначения обычной методики принятия решений. Например, политика в сфере борьбы с пьянством и алкоголизмом, наркоманией, терроризмом, экстремизмом, коррупцией и т.д.

В другом случае понятие "политика" используется для обозначения сознательно организованной деятельности, необходимой и целесообразной в течение определенного времени. Например, политика в сфере реализации Закона Республики Казахстан «О профилактике правонарушений» [12] , где речь идет о деятельности органов государственной власти и государственного управления, общественных объединений, отдельных граждан и т. д., участвующих в данном процессе. В этом смысле понятие "политика" обозначает перспективу, причем чаще всего перспективу изменения, совершенствования.

По справедливому замечанию Н.Н. Матузова, политика обычно интерпретируется как область взаимодействия между различными социальными группами, партиями, нациями, народами, государствами, властью и населением, гражданами и их объединениями. Это - важнейший и самый сложный пласт общественной жизни. В содержательном плане, подчеркивает он, политика может быть прогрессивной и регрессивной, объективно обусловленной и волюнтаристской, отвечающей потребностям общественного развития и противоречащей им. История знает немало примеров глубоко ошибочной политики - реакционной, авантюрной, антинародной, приводящей к многочисленным человеческим страданиям и жертвам [13].

С аналогичных позиций в специальной литературе рассматриваются и вопросы уголовной политики.

По мнению С.С. Босколова, уголовная политика «как теория сложилась в результате не только интеграции науки уголовного права и социальной политики, но также сближения и объединения социологии, политологии, науки социального управления с криминологией и уголовным правом. Она стала закономерным итогом комплексного, всестороннего исследования преступности и других негативных явлений и процессов общественной жизни» [14].

Авторы по-разному трактуют содержание понятия «уголовная политика».

По мнению Н.И. Загородникова и Н.А. Стручкова: «Уголовная политика представляет собой такое направление советской политики, в рамках которого формулируются исходные требования борьбы с

преступностью посредством разработки и осуществления широкого круга предупредительных мер, создания и применения правовых норм материального, процессуального и исполнительного уголовного права, устанавливающих криминализацию и пенализацию, а когда нужно - декриминализацию и депенализацию деяний, а также посредством определения круга допустимых в борьбе с преступностью мер государственного принуждения» [15].

Ведущие ученые того периода полагали, что одним из важнейших элементов политики права считается уголовная политика, которая определяет общие принципы, основные направления и дальнейшие перспективы уголовно-правовой защиты общественных отношений. Эти и другие авторы считают, что уголовная политика реализуется в процессе применения на практике как специальных, так и мер общесоциального характера, а как отрасль знаний представляет собой совокупность тех общих положений, которые сводят воедино принципы всех отраслей науки уголовно-правового цикла.

Такую широкую трактовку уголовной политики в правовой литературе определяют как распространительную, как часть социальной политики, которая "касается определения начал уголовной ответственности, преступления, наказания и других институтов уголовного права, форм и средств розыскной и судебной деятельности по борьбе с преступностью, деятельность государства по исполнению мер государственного принуждения, применяемых к лицам, совершившим преступления, а также мер по предупреждению преступлений" [16].

По мнению казахстанских ученых, под уголовной политикой понимаются руководящие идеи и директивы государства о путях и средствах борьбы с преступностью [17].

Более широкое толкование уголовной политики дают российские ученые. По их мнению, уголовная политика, являясь частью социальной политики, представляет собой политику государства в области борьбы с преступностью, есть выработанная государством генеральная линия, определяющая основные направления, цели и средства воздействия на преступность путем формирования уголовного, уголовно-процессуального, уголовно-исполнительного законодательства, регулирования практики его применения, а также путем выработки и реализации мер, направленных на предупреждение преступлений [18].

Приведенные определения не исчерпывают перечня имеющихся в научной литературе формулировок широкой трактовки уголовной политики.

Не менее интересна позиция Г.М. Миньковского, полагавшим, что «как бы не именовались направления деятельности государства и общества, связанные с борьбой с преступностью, - уголовной политикой или политикой борьбы с преступностью, - речь идет о важнейшей части внутренней политики, обеспечивающей эффективное функционирование экономической, идеологической и социальной политики.» [19].

Рассматривая общие теоретические аспекты уголовной политики можно обозначить следующие положения. Во-первых, уголовная политика - это часть общей политики в сфере борьбы с преступностью, содержание и формы которой определяются мерами уголовно-правового, уголовно-процессуального и уголовно-исполнительного характера. Во-вторых, уголовная политика (в узком смысле) понимается та часть или направление государственной политики в сфере борьбы с преступностью, которая реализуется средствами и методами только уголовного права. В-третьих, уголовная политика определяет содержание и принципы уголовного законодательства. Проявляется это в вопросах криминализации и декриминализации деяний, категоризации преступлений, то есть ранжировании преступных деяний по степени общественной опасности, в определении целей и видов наказаний, в выделении обстоятельств, освобождающих от уголовной ответственности и наказаний, смягчающих или отягчающих ответственность и т.п.

Таким образом, в рамках уголовной политики, которую именуют и политикой в области борьбы с преступностью, можно выделить следующие самостоятельные составные части:

Уголовно-правовая политика.

Уголовно- процессуальная политика.

Уголовно-исполнительная политика.

Политика в сфере профилактики преступности.

Другими словами, уголовная политика — это комплекс различных мероприятий, основных направлений, средств и форм воздействия на преступность, ее причины, личность преступника, а также разработку мер по предупреждению преступности посредством закрепления их на законодательном уровне.

Поскольку преступность, выступающая в качестве основного объекта уголовной политики, является сложным социальным и негативным явлением того или иного общества, то уголовная

политика представляет собой сложное, многогранное социальное образование, объектом которой являются преступления и их совокупность совершенных, совершаемых в настоящее время или которые могут быть совершены в будущем.

Чтобы конкретизировать исследуемые вопросы, в структуре уголовной политики следует выделить ее цель, содержание и субъекты.

Цель уголовной политики заключается в обеспечении эффективного воздействия на преступность, ее причины и условия, а также выработки новых предложений по предупреждению преступности, которые должны быть реальными, научно обоснованными, выполнимыми, подкрепленными финансово, с наименьшими социальными затратами и издержками.

Содержание уголовной политики — сама стратегия достижения поставленных целей, то есть определение задач и методов (направлений) борьбы с преступностью, планирование материальных и людских ресурсов на эту деятельность, определение принципов организации и деятельности правоохранительных органов, осуществляющих борьбу с преступностью.

В теории управления под стратегией понимают способы достижения целей, [20] в словаре русского языка одним из смыслов стратегии указано как искусство руководства общественной, политической борьбой [21].

Так, Концепции правовой политики Республики Казахстан на период с 2010 по 2020 годы записана основная стратегия развития уголовной политики государства, суть которой заключается в том, что дальнейшее развитие уголовного права, как и прежде, должно осуществляться с учетом двухвекторности уголовной политики. Гуманизация должна касаться главным образом лиц, впервые совершивших преступления небольшой и средней тяжести, а также социально уязвимых групп населения - беременных и одиноких женщин, имеющих на иждивении несовершеннолетних детей, несовершеннолетних, людей преклонного возраста. Вместе с тем, необходимо и впредь проводить жесткую уголовную политику в отношении лиц, виновных в совершении тяжких и особо тяжких преступлений, скрывающихся от уголовного преследования, а также при рецидиве преступлений [22].

Субъектами уголовной политики являются все государственные и общественные организации и их должностные лица, участвующие в разработке программ контроля над преступностью и их реализации [23]. Применительно к законодательству Республики Казахстан субъекты правовой, в том числе и уголовной политики, государства перечислены в Законе Республики Казахстан «О профилактике правонарушений», принятом 29 апреля 2010 года [24].

В зависимости от того, какие субъекты и что именно определяют и реализуют, уголовная политика имеет различные формы выражения.

Являясь частью политики государства в сфере борьбы с преступностью, уголовная политика призвана определять стратегию, цели, задачи, принципы, основные направления, формы и методы деятельности государственных органов и институтов гражданского общества по противодействию преступности, особенно ее отдельным видам как террористическая, так и экстремистская преступность.

Успешное решение задач уголовной политики предопределяет ее тесную взаимосвязь с другой составляющими правовой политики, так как успешное воздействие на преступность можно оказывать лишь комплексными мерами, которые научно обоснованы, продуманы, взвешены и экономически обоснованы.

Неслучайно, в рамках реализации Послания Президента Республики Казахстан-Лидера Нации Н.А.Назарбаева народу Казахстана «Казахстан- 2050»: Новый политический курс состоявшегося государства»[25] был принят в 2014 году новый Уголовный кодекс Республики Казахстан, который вступил в силу 1 января 2015 года.

Например, в Уголовном кодексе РК 2014 года в статьях особенной части УК РК наиболее часто встречаются такие виды наказаний: лишение свободы (744), штраф (471), исправительные работы (468), ограничение по службе (342), конфискация имущества (264), привлечение к общественным работам (152), арест (150), смертная казнь (12).

Как мы видим, при сравнии санкций статей Особенной части по предусмотренным в них видов наказаний УК РК 1997 и 2014 годов, наблюдаются некоторые улучшения в сторону гуманизации уголовного наказания. Так, в санкциях статей Особенной части УК РК 2014 года возросли такие виды наказаний как штрафы (рост на 176), исправительные работы (рост на 310), ограничение по службе (рост на 135), привлечение к общественным работам (рост на 75).

Кроме этого, по сравнению с УК РК 1997 года Уголовным кодексом РК 2014 года значительно переработана система наказаний с акцентом на более широкое применение мер уголовных наказаний, альтернативных лишению свободы.

Вместе с тем, в новом УК РК была усилена уголовная ответственность за проявления экстремизма и терроризма, распространение радикальных идеологий, в том числе с использованием новых технологий (введены запреты на УДО, примирение, установлена ответственность за создание экстремистской группы, дачу разрешения на публикацию экстремистских материалов, повышен срок лишения свободы за разжигание национальной розни и др.).

Как нам представляется, содержание уголовной политики любого государства всегда связана в первую очередь с разделом наказаний Общей части Уголовного кодекса и предусмотренными санкциями статей Особенной части Уголовного кодекса Республики Казахстан.

По нашему мнению, с принятием нового УК РК был завершен очередной этап проводимых реформ в сфере правоприменения, и страна перешла к очередному новому этапу формирования новой уголовной политики государства.

Поскольку действия Концепции правовой политики Республики Казахстан на период 2010-2020 года заканчиваются через два года, то уже в настоящее время следует уже проводить подготовительную работу и приступать к осмыслению содержания нового документа ориентированного на следующий десятилетний период.

Список литературы:

- 1 См. Указ Президента Республики Казахстан от 20 сентября 2002 года № 949 (Утратил силу Указом Президента Республики Казахстан от 17 июня 2011 года № 102)
- 2 См. Указ Президента Республики Казахстан от 24 августа 2009 года № 858.
- 3 См. Указ Президента Республики Казахстан от 24 августа 2009 года № 858.
- 4 См. Указ Президента Республики Казахстан от 24 августа 2009 года № 858.
- 5 См. Указ Президента Республики Казахстан от 24 августа 2009 года № 858
- 6 См. Указ Президента Республики Казахстан от 24 августа 2009 года № 858.
- 7 Бородин С.В. Борьба с преступностью: теоретическая модель комплексной программы. - М.: Наука, 1990.
- 8 Кудрявцев В.Н. Стратегия борьбы с преступностью. М.: Юристъ, 2003.
- 9 Босхолов С.С. Основы уголовной политики. Конституционный, криминологический, уголовно-правовой и информационный аспекты. -М.: ЮрИнфоР, 1999, с. 28
- 10 Миндагулов А.Х. Профилактика преступлений: Учебник. - Алматы: НАС, 2005.
- 11 Алауханов Е.О., Заринов З.С. Профилактика преступлений. Учебник. - Алматы: Заң әдебитүгі, 2008.
- 12 См. О профилактике правонарушений: Закон Республики Казахстан. -Алматы: ЮРИСТ, 2012.
- 13 Н.И. Матузов. Актуальные проблемы российской правовой политики. // Государство и право. 2001. №10. С.5.
- 14 Босхолов С.С. Основы уголовной политики. Конституционный, криминологический, уголовно-правовой и информационный аспекты. -М.: ЮрИнфоР, 1999, с. 28
- 15 Загородников Н.И., Стручков Н.А. Направления изучения советского уголовного права. // Сов. государство и право. 1981. №7. С. 49.
- 16 Загородников Н.И. Советская уголовная политика и деятельность органов внутренних дел М., 1979. С12.
- 17 Уголовное право Республики Казахстан. Общая часть: Учебное пособие. — Караганда, 2002. С. 8.
- 18 Полный курс уголовного права: В 5 т./Под ред. Докт. Юрид. Наук, проф., заслуженного деятеля науки РФ А.И.Коробеева. Т. II Преступление и наказание. - СПб: Издательство Р.Асланова «Юридический центр Пресс», 2008, с. 75.
- 19 Миньковский Г.М. Правовая политика в сфере борьбы с преступностью и проблемы законодательного регулирования этой борьбы. // Проблемы формирования уголовной политики Российской Федерации и ее реализации органами внутренних дел. М.1995. С. 32.
- 20 Стефанов Н. Общественные науки и социальная технология. М., 1975, с. 165.
- 21 Ожегов С.И. Словарь русского языка: Ок. 60 000 слов и фразеологических выражений/С.И.Ожегов; под общ. ред. проф. Л.И.Скворцова.-25-е изд. Испр. и доп. – М.: ООО «Издательство Оникс»: ООО «Издательство «Мир и Образование», 2008, с. 758.
- 22 См. Указ Президента Республики Казахстан от 24 августа 2009 года № 858.
- 23 Миньковский Г. М. О понятии и системе уголовной политики в свете положений Конституции СССР: Труды Академии МВД СССР. — М., 1982. С. 78.
- 24 См. О профилактике правонарушений: Закон Республики Казахстан. - Алматы: ЮРИСТ, 2012, с. 4-10.
- 25 См. Стратегия «Казахстан-2050»: Новый политический курс состоявшегося государства. Послание Президента Республики Казахстан – Лидера Нации Н.А.Назарбаева народу Казахстана-Алматы:ЮРИСТ, 2013, с.34-35

Атаханова Г.М.

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, з.ғ.к., профессор м.а., atakan73@mail.ru

Байсалов А.Д.

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, з.ғ.к., доцент м.а., baysalov_1977@mail.ru

Аратұлы Қ.

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті доктор PhD, доцент м.а., kunya8585@mail.ru

Бегазова Г.Ж.

Д.А. Қонаев атындағы Еуразиялық заң академиясы, з.ғ.м., аға оқытушы, gulnafisa_86@mail.ru

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ПРОБАЦИЯ ҚЫЗМЕТІНІҢ КЕЙБІР ПРОБЛЕМАЛАРЫ

***Түйін:** Бұл мақалада Қазақстан Республикасында пробация қызметінің қалыптасып дамуымен, ол қызметтің құқықтық реттелуімен байланысты мәселелер қарастырылған. Авторлар пробация институтын қолдану проблемаларын талдаған, шетелдік тәжірибені ескере отырып, бұл қызмет түрінің болашақта даму перспективаларын, сондай-ақ аталған институтты жетілдірудің кейбір аспектілерін қарастырған.*

***Резюме:** В статье рассмотрены вопросы, связанные со становлением и развитием в Республике Казахстан службы пробации, законодательным регулированием ее деятельности. Авторы анализируют проблемы применения института пробации, рассматривают возможные перспективы развития этой службы с учетом зарубежного опыта, а также рассматриваются некоторые аспекты совершенствования данного института.*

***Summary:** The article deals with issues related to the establishment and development of the probation service in the Republic of Kazakhstan, the legislative regulation of its activities. The authors analyze the problems of applying the probation institute, consider possible prospects for the development of this service taking into account foreign experience, and also consider some aspects of improving this institution.*

Пробация институты қылмыстық атқару құқығында жаңа пайда болған институттардың бірі болып табылады. Пробация (латын сөзі «probatio» – сынау) – қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жазаларға сотталған немесе қамаудан босатылған тұлғалармен жүргізілетін жұмыстарды ұйымдастыру үшін халықаралық тәжірибеде қолданылатын заңи термин [1, 58-59]. Бұл институт негізгі бастауын АҚШ мен Англия елдерінен алады. Аталған елдерде бұл институт 19 ғасырда пайда бола бастаған. Атап айтқанда Англияда пробация институты 1887 жылы «Алғаш рет сотталғандарды сынау туралы» Заңның қабылдануымен пайда болды. Сонымен қатар аталған институттың ағылшын қылмыстық құқығында толық қалыптасып орнығуына келесідей нормативтік актілер ықпалын тигізген болатын: 1907 жылғы «Қылмыскерлерді сынау туралы» Заң, 1965 жылғы «Пробация туралы» Ереже, 1973 жылғы «Қылмыстық соттардың құзыреті туралы» Заң, 1991 жылғы «Қылмыстық юстиция туралы» Заң [2].

Сонымен бірге пробация институты Еуропаның бірқатар елдерінің (Швецияның, Германияның, Австрияның, Швейцарияның және т.б. елдердің) құқықтық жүйесінде өзінің орнын тапқан. Азия елдерінің ішінде Жапониямен, Қытайда орын алған. Әрине аталған елдерде пробация институтының өзіндік ерекшеліктері бар.

Кеңес Одағы кезінде 20 ғасырдың 30-шы жылдарына дейін пробацияның кейбір элементтері өзінің қолданысын тапқан болатын, атап айтқанда кәмелетке толмағандардың істері бойынша комиссияның жанында кәмелетке толмаған құқықбұзушылардың жеке басын, жүріс-тұрысын, өмір сүру салтымен ортасын зерделейтін педагог-зерттеуші-маман институты қызмет атқарған.

Пробация институты бұрынғы Кеңес Одағы елдері ішінен Латвия, Эстония, Украина мемлекеттерінде өзінің қолданысын табуда.

Қазақстан Республикасының аумағында аталған институт өз бастауын 2012 жылғы Заңнан алады [3]. Сонымен қатар 2014 жылы қабылданған ҚР қылмыстық атқару заңнамасында аталған институт өз дамуын тапты [4]. 17 қаңтар 2017 жылы ҚР «Пробация туралы» Заңы күшіне енген болатын. Аталған Заңның 1-бабының 1-тармағына сәйкес пробация бұл санаттары заңмен айқындалған адамдардың қылмыстық құқық бұзушылықтар жасауының алдын алу үшін олардың мінез-құлқын түзеуге бағытталған бақылау және әлеуметтік-құқықтық сипаттағы қызмет түрлері мен жеке айқындалатын шаралар жүйесі болып табылады [5].

ҚР «Пробация туралы» Заңы қабылданғаннан кейін Қазақстан Республикасы Англия, АҚШ, Нидерланд мемлекеттерінен кейін пробация институтының барлық моделін енгізген төртінші мемлекет болып табылады [6].

Кәзіргі таңда аталған институттың қызметінде оның ішінде постпенитенциарлық бағыттағы жұмыстарда, яғни жазасын өтеу мекемелерінен босап шыққан тұлғаларға қатысты қоғамға бейімдеу, қайта әлеуметтендіру жұмыстары бойынша кейбір проблемалардың орын алып отырғандығын айта кету қажетті.

Пробация қызметі тарапынан жүргізілетін бұл жұмыстардың басты мақсаты қылмыстық құқықбұзушылықтардың қайталануына жол бермеу болып табылады. Ақпарат құралдарында бірқатар басшылар тарапынан пробациялық қызметтің аталған бағытта жұмыстарының жоғары көрсеткіштерге ие екендігін атап өткен. Ал енді Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің статистикалық ақпараттарына жүгінсек бұрын қылмыстық құқықбұзушылық жасаған тұлғалардың қайта қылмыстық құқықбұзушылық жасауы көрсеткіштерінің жыл өткен сайын артып келе жатқанын байқауға болады [7]. Сонымен қатар мұндай жағдайлардың орын алу фактісін Қарағанды облысы бойынша прокуратура органдарымен Қарағанды облысы қылмыстық атқару жүйесі департаментінің пробация қызметінің жұмысына жүргізілген тексерулердің нәтижелері растайды. Атап айтқанда аталған аумақтың пробациялық қызметі жағымды статистиканы бұзбау үшін жалған мәліметтер беріп отырған, пробациялық қызмет өздерінің қарамағындағы пробациялық бақылауда тұрған тұлғалармен жасалған 42 қылмыстық құқықбұзушылық фактісін жасырған [8]. Бұл прокуратура органдары тарапынан пробациялық қызмет жұмысына жүргізілген тексеріс жұмыстарының алғашқы нәтижелері болып табылады. Сонымен қатар ҚР Бас Прокурорының соңғы мәлідемесіне сәйкес 2017 жылдың нәтижесі бойынша Қазақстанда пробациялық бақылаудағы сотталғандар тарапынан қайта қылмыс жасаудың саны төрт есеге өскен - 2016 жылы 248 жағдай орын алса, ал 2017 жылы 938 жағдай орын алған [9]. Әрі қарайда мұндай фактілердің анықталмайтындығына ешкім кепіл бермейді.

Пробациялық қызметтің жұмысында проблемалар жоқ емес бар, бұған дәлел ретінде жоғарыда аталған көрсеткіштерді айта кету қажет. Бұл проблемаларды шешудің келесідей жолдарын қарастырып кетейік.

Бұл пробациялық қызмет қызметкерлерінің санын арттыру қажет, себебі бүгінгі күні пробациялық қызметтегі қызметкерлердің саны 1495 адамды құрайды, сонымен қатар 17 қаңтар 2017 жылы күшіне енген ҚР «Пробация туралы» Заңына сәйкес пробация төрт бағытта өзінің қызметін атқаратын болады [5], ал бұл өз кезегінде онсызда жұмыс жүктемесі көп пробация қызметінің жұмысын одан сайын көбейте түсетіндігі анық.

Сондай-ақ санмен қатар жұмыс сапасы мәселесіде алға қойылуы қажет. Пробация қызметінің қызметкері қоғамның қандай талаптарына сай болуы қажет деген мәселе әлі күнге дейін шешімін таппай келе жатыр. Түрмеге қамауға алумен байланыссыз шараларға қатысты Біріккен Ұлттар Ұйымының минималды стандарт ережелері (Токио ережелері) [10] және өзгеде халықаралық құқықтық актілер пробация қызметінің қызметкерлеріне қойылатын талаптарға қатысты аса назар аударған. Пробациялық бақылаудағы тұлғалардың жеке басы ерекшеліктерін ескере отырып, құқық саласынан басқа әлеуметтік жұмыстар, педагогика, психология салалары бойынша білімді игерген кәсіби маман дайындау арқылы ғана бұл мәселені шешуге болады.

Сонымен қатар пробация қызметінің жүктемесін жеңілдету мақсатында пробация қызметінің жұмысына қоғамдық ұйымдар мен ерекшеліктерді көптеп тартқан дұрыс. Мысалы, АҚШ-ның бірқатар штаттарында қоғамдық ұйымдар сотталғандарды қайта әлеуметтендіру жұмыстар бойынша көмек көрсету мақсатында пробациялық қызметтің жүктемесінің 98%-ға дейін өз мойындарына алаған. Сонымен қатар Жапонияда да пробациялық қызметте кәсіби негізде қызмет атқаратындар саны 876 адамды құраса, ал еркті көмекшілердің саны шамамен 47 мың адамды құрайды [11http://online.zakon.kz/Document/?link_id=1004445241].

Сонымен қатар АҚШ-дағы пробациялық қызметтің тәжірибесінде қолданылып келе жатқан пробациялық бақылаудағы тиімді әдістерді қолданған дұрыс болар еді. Атап айтқанда интенсивті қадағалау әдісін қолдану қажет.

Пробацияның бұл түрі 1980 жылдардың басында Нью-Джерси және Джорджия штаттарында қолданыла бастады. Кәзіргі таңда АҚШ-ның штаттарының басым көпшілігінде пробацияның бұл түрі кеңінен қолданылуда. Жәй пробация кезінде пробация қызметкері қарауындағы 100-250 адаммен жұмыс жасаса, ал интенсивті қадағалау кезінде 20-50 адаммен жұмыс жасайды, яғни санмен емес сапамен жұмыс жасайды. Интенсивті қадағалау кезінде пробация қызметкері сотталғанның жүріс-тұрысына тиімді қадағалау жүргізіп, сапалы, білікті көмек көрсетеді. Сонымен қатар пробация

қызметкері сотталғанды жұмыс орны, тұрғылықты жері, бос уақытын өткізетін жері бойынша кез келген уақытта (түнгі уақытта да) барып тексеруге құқылы. Интенсивті қадағалаудағы сотталған тұлғаға қойылатын талаптарда өте қатаң және шектеуші сипатта болады [12].

Сонымен қорытындылай келе, қылмыстық атқару жүйесіндегі пробациялық қызметтің жұмысын тиімділігін арттыруда кадр мәселесін шешу қажет және пробациялық қызмет бойынша шетелдік тәжірибенің тиімді жақтарын алған дұрыс болар еді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. *Совершенствование законодательства, практика назначения и исполнения наказаний, мер постпенитенциарного воздействия. Рязань: Академия ФСИН России, 2009. С. 58-59*
2. <http://mosmediator.narod.ru/index/0-2217>
3. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне пробация қызметі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 15 ақпандағы № 556-IV Заңы // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs>
4. «Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексі» Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 5 шілдедегі № 234-V ҚРЗ.
5. «Пробация туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2016 жылғы 30 желтоқсандағы № 38-VI ҚРЗ. // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs>
6. *Казахстан в списке четырех стран мира, реализовавших все модели института пробации* // <http://mk-kz.kz/articles/2017/07/18/kazakhstan-v-spiske-chetyrekh-stran-mira-realizovavshikh-vse-modeli-instituta-probicii.html>
7. <http://service.pravstat.kz/portal/page/portal/POPageGroup/MainMenu>
8. *В Карагандинской области скрывали преступления среди досрочно освобожденных* // <http://novoetv.kz/2017/04/v-karagandinskoj-oblasti-skryvali-prestupleniya-sredi-dosrochno-osvobozhdennykh/>
9. *В Казахстане выросло число рецидивов со стороны осужденных на пробации* // <https://regnum.ru/news/2372768.html>
10. «Түрмеге қамауға алумен байланыссыз шараларға қатысты Біріккен Ұлттар Ұйымының минималды стандарт ережелері (Токио ережелері) БҰҰ Бас Ассамблеясының 1990 ж. 14 желтоқсандағы 45/110 қарары. // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs>
11. См: материалы «круглого стола» 14 февраля 2012 года. Департамент УИС по Павлодарской области. - г. Павлодар. - 2012 год.
12. *Освобождение от наказания. Институт пробации в мире* // <http://mosmediator.narod.ru/index/0-2217>

Атаханова Г.М.

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, з.ғ.к., профессор м.а., atakan73@mail.ru

Байсалов А.Д.

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, з.ғ.к., доцент м.а., baysalov_1977@mail.ru

Аратұлы Қ.

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, доктор PhD, доцент м.а., kunya8585@mail.ru

Рахимова Г.Н.

Д.А. Қонаев атындағы Еуразиялық заң академиясы, з.ғ.м., аға оқытушы

ҚОҒАМДЫҚ ЖҰМЫСТАР ТҮРІНДЕГІ ҚЫЛМЫСТЫҚ ЖАЗАНЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ШЕТЕЛДІК ТӘЖІРИБЕСІ

***Түйін:** Қоғамдық жұмыстарға тарту түріндегі қылмыстық жазаға қатысты Қазақстан Республикасының қылмыстық және қылмыстық атқару заңнамасын жетілдіру шет мемлекеттердің жағымды тәжірибесін зерделеусіз және енгізусіз тиімді болып табылмайды, сондықтан осы мақалада қоғамдық жұмыстарға тарту түріндегі шетелдік заңнама бойынша қылмыстық жазаны тағайындаудың және атқарудың ерекшеліктері талданған.*

***Резюме:** Совершенствование уголовного и уголовно-исполнительного законодательства Республики Казахстан в отношении уголовного наказания в виде общественных работ не может быть эффективным без изучения и внедрения положительного опыта зарубежных государств, поэтому в статье анализируются особенности назначения наказания и исполнения уголовного наказания в виде общественных работ по законодательству зарубежных стран.*

***Summary:** Improvement of criminal and criminal-Executive legislation of the Republic of Kazakhstan in respect of criminal punishment in the form of public works can not be effective without the study and implementation of positive experience of foreign countries, so the article analyzes the features of the sentencing and execution of criminal punishment in the form of public works according to the laws of foreign countries.*

Қазіргі таңда мемлекеттің қылмыстық атқару саясатындағы басым бағыттарының бірі бұл «түрме тұрғындарының» санын азайту, қылмыстық жазаларды тағайындауда ізгілік қағидасының ролін арттыру болып табылады.

Егер «Түрме тұрғындары» бойынша халықаралық рейтингтегі Қазақстан Республикасының жағдайына назар аударатын болсақ, оның өзі үш кезеңді қамтиды [1]:

Бірінші кезең - Кеңес Одағы ыдырағаннан кейінгі кезең, бұл кезеңде Қазақстан Республикасы АҚШ пен Ресейден кейін үшінші орын алған;

Екінші кезең - тәуелсіз Қазақстан кезеңі, бұл кезеңде әр жылдары әртүрлі орындарға ие болған, атап айтқанда 2009 жылы 13 орынға, 2010 жылы 22 орынға, 2011 жылы 31 орынға ие болған;

Үшінші кезең - кәзіргі кезең, бұл кезеңде 2017 жылы Қазақстан Республикасы 68 орынға ие болған (35441 адам бас бостандығынан айыру жазасын өтеп жатыр, 6421 адам тергеу оқшаулағыштарында ұсталуда).

Әрине мемлекеттің «түрме тұрғындарының» санын азайтуға ұмтылысына екі жағдай негіз болуда:

бірінші бас бостандығын айыру түріндегі жазасын өтеуші сотталғандарға кері әсерін тигізетін жағымсыз жағдайлардың орын алуы: сотталғанды бейімделген ортасынан айыру, сотталғанның туған-туысқандарымен байланысын үзуі және жазасын өтеу орындарында сотталғанның қылмыс жасауға бейім тұлғалардың жетегінде кетуі;

екінші бас бостандығын айыру орындарында жазасын өтеуші сотталғандарды ұстау үшін кететін шығынның өсуі, бас бостандығын айыру орындарында жазасын өтеуші сотталғандарды ұстауға күніне 1 638 теңге (бір күнге 1 638 X 35441=58 052 358 теңге, айына 1 741 570 740 жылына шамамен 21 млрд. теңге) жұмсалады, бұдан басқа қылмыстық атқару жүйесін ұстау үшін кететін қаражаттың мөлшеріде өте жоғары.

Әрине бүгінгі күнге дейін мемлекет тарапынан «түрме тұрғындар» санын азайту мақсатында бірқатар іс-шаралар жасалған болатын, атап айтқанда ішкі заңнаманы халықаралық стандарттарға сәйкестендіру (тәуелсіз Қазақстан Республикасының Қылмыстық, Қылмыстық атқару заңдары қабылданды), қылмыстық, қылмыстық атқару заңнамаларын жетілдіру және ізгіліктендіру бойынша жұмыстар жүргізілді (шамамен 70 нормативтік құқықтық акті қабылданды), бүгінгі күнге дейін 10 рахымшылық актісі жүргізілді және 2014 жылы жаңа Қылмыстық, Қылмыстық атқару, пробациялық

қызмет туралы заңдары қабылданды. Аталған іс-шаралармен қатар алдағы уақытта «Түрме реформасы» бойынша келесідей іс-шаралар жасау көзделуде: бас бостандығынан айыру жазасына балама жаза түрлері мен бұлтартпау шараларын қолдану, қылмыстық жаза мерзімдерін қысқарту, камерада ұстауға көшу, сотталғандарды жұмыспен қамтамасыз ету және пробацация мен электронды браслетті кеңінен қолдану [2].

Сонымен қатар жаза түрлері ішінен бас бостандығынан айыру жазасы және айыппұл жазасы жиі қолданылған болатын, осының салдарынан қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес қылмыстық жазалардың бірқатар түрлері әртүрлі себептерге байланысты қолданусыз қалды немесе аз қолданылады, нәтижесінде бас бостандығынан айыру жазасына сотталғандардың саны арта түскен.

Бүгінгі күні жағдай өзгеру үстінде, мысалы 2017 жылдың (қаңтар айынан қараша айына дейінгі аралықта) қылмыстық жазаларды қолдану статистикасына назар аударсақ: бас бостандығынан айыру жазасына 6391 адам сотталған, бас бостандығын шектеу түріндегі жазаға 7350 адам, қоғамдық жұмыстарға тарту түріндегі жазаға 4081 адам, айыппұл жазасына 3097 адам, ал түзеу жұмыстарына 30 адам ғана сотталған [2]. Байқап отырғанымыздай, қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес қылмыстық жазаларды тағайындау жағдайлары өсе түскен.

Қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес қылмыстық жазаларды кеңінен және тиімді қолдану үшін осы жаза түрлерінің басқа мемлекеттерде қолдану тәжірибесіне назар аудару қажет. Аталған мәселе бойынша шетелдік тәжірибенің жақсы жақтарын пайдалана білу қажет.

Бұл жерде қоғамдық жұмыстар түріндегі қылмыстық жазаны қолдану тәжірибесіне тоқтал кетейік. Қоғамдық жұмыстар түріндегі қылмыстық жаза 9 наурыз 1976 жылы Еуропа Кеңесінің министрлер комитетінің «Бас бостандығынан айыруға балама жаза шаралары туралы» №(76)10 Резолюциясы [3] және 1990 жыл 14 желтоқсандағы Түрмеге қамауға алумен байланыссыз шараларға қатысты Біріккен Ұлттар Ұйымының минималды стандарт ережелері (Токио ережелері) БҰҰ Бас Ассамблеясының 45/110 қарары [4] қабылданғаннан кейін кеңінен қолданыла бастады.

Аталған қылмыстық жаза түрі Еуропа елдерінде кеңінен қолданылатын қылмыстық жазалардың бірі, мұндай танымалдылыққа бірқатар жағдайлар негіз болған.

Осы жерде С. Егоров пен В. Тычинскийдің пікірлерімен келіспеске болмайды, олардың пікірінше бірқатар шет мемлекеттерде қоғамдық пайдалы жұмыстар түріндегі қылмыстық жазаның оларды кең таралған қылмыс түрлеріне және жазаны өтегеннен кейін өзінің жастығына қарай қоғамдық өмірге толық қатыса алатын құқықбұзушыларға қолдану мүмкіндігімен танымал. Мысалы, Францияда қоғамға пайдалы жұмыс туралы бұйрықтың 60% ұрлық жасаған немесе ұрланған затты жасырған, 30 жасқа дейінгі үйленбеген және жұмыссыз еркектерге қатысты шығарылған [5, 15 б.].

Еуропа елдерінде қоғамға пайдалы жұмыстар түріндегі қылмыстық жаза ретінде алғаш рет 1971 жылы Швейцарияның Қылмыстық кодексіне енгізілген болатын. Бастапқыда мұндай жаза тек қана кәмелетке толмағандарға қатысты қолданылған болатын, атап айтқанда 7 мен 18 жас арасындағы тұлғаларға қатысты тағайындалған. Біраз уақыт өткеннен кейін Швейцарияның бірқатар кантондарында кәмелетке толмағандарға қатысты негізгі жаза түрінде, ал ересектерге қосымша жаза түрінде тағайындалды. Әрине бұл өзінің жағымды нәтижесін берді [5, 12 б.].

Еуропаның басқа елдері аталған жаза түрін қолдану бойынша Швейцарияның тәжірибесін бірден қолдана қойған жоқ. Тек 1987 жылы Венгрия қоғамға пайдалы жұмыстарды түзеу-білім беру жұмысын жүзеге асырудың әдісі ретінде енгізді, ол 1993 жылы жойылған болатын.

Бұл жаза түрін Скандинавия мемлекеттері кеңінен қолдана бастады. Швецияның қылмыстық заңнамасында аталған жаза түрі жеке қылмыстық жаза түрінде емес шартты түрде соттау және пробацация кезіндегі орындалатын міндет (шарт) түрінде қарастырылған болатын. 1992 жылы Швеция мемлекеті эксперимент ретінде аталған жазаны түрін енгізген болатын, ал 1999 жылдан бастап қылмыстық заңнамасындағы жазалар жүйесіне енгізген болатын [6, 6 б.]. Швецияның Қылмыстық кодексі бойынша егер сот нақты қылмыс үшін айыппұл тағайындау жеткіліксіз деп табатын болса, қоғамдық жұмыстар тағайындалуы мүмкін. Бұл жағдайда ол қоғамдық жұмыстар шартымен үйлесетін шартты үкім шығаруы мүмкін немесе пробацацияда ұстау туралы үкім шығаруы мүмкін. Мұндай сотталушы ақы төленбейтін жұмыстар орындауға міндетті. Сонымен қатар Швецияның Қылмыстық кодексінің 30-тарауының 7-бабына сәйкес, түрмеге қамаудың орнына шартты соттауды немесе пробацацияны таңдаған кезде сот сотталушының қоғамдық жұмыстарды орындауға деген ықыласын ескеруі тиіс, егер мұндай шарт айыпталушының жеке басына және өзгеде жағдайларға сәйкес келетін болса (Швецияның Қылмыстық кодексінің 27-тарауының 2а-бабы және 28-тарауының 2а-бабы) [7]. Жоғарыда аталғандардың барлығы Швецияда қоғамдық жұмыстар қоғамнан оқшаулаумен байланысты жазаға сотталғандардың санын қысқартуға бағытталған іс-шара болып табылады деген тұжырым жасауға мүмкіндік береді.

Финляндия қоғамдық жұмыстар түріндегі жазаны 1993 жылы эксперимент ретінде енгізген болатын, тек алты жылдық сынақтан кейін 1999 жылы қылмыстық жазалар жүйесіне енгізілді. Финляндияда қоғамдық жұмыстардың екі түрі қарастырылған. Бірінші түрі қоғамдық жұмыс қадағалаумен бірге қолданылса, екінші түрі қоғамдық жұмыс шартты жазамен қоса қолданылады. Шартты жазамен қоса тағайындалған кезде сотталғанға атқаратын жұмыс сағаты белгіленеді, ол сынақ мерзімі ішінде белгіленген жұмыс сағатын орындамаған жағдайда пробация бойынша комиссия қадағалау тағайындау туралы шешім қабылдап, жүріп-тұру, еңбек ету және емделу бойынша қосымша ережелер белгілеуі мүмкін. Сонымен қатар комиссия қадағалауды қатаң жаза түрімен алмастыру мүмкіндігі туралы сотталғанды ескертуге құқылы. Сондай-ақ қадағалау күндізгі айыппұлмен немесе қысқа мерзімге (14 күннен 3 айға дейін) түрмеде қамаумен бірге тағайындалуы мүмкін. Қоғамдық жұмыстардың мерзімі жасалған қылмыстың ауырлық дәрежесіне қарай, 40 сағаттан кем емес 240 сағаттан жоғары уақытқа тағайындалады [8].

Чехия Республикасында қоғамға пайдалы жұмыс (қоғамдағы жұмыс) 50-400 сағат қоғамның пайдасы үшін ақысыз міндетті жұмыс орындаудан тұрады. Пайдалы жұмыстар үкім шығарылған кезден бастап бір жыл ішінде бос уақытта атқарылады. Сот шешімі бойынша қоғамдық жұмыстар жеке жаза ретінде тағайындалуы мүмкін, сондай-ақ басқа жаза түрлерімен (ақшалай айыппұл, тыйым салу бұйрықтары және т.б.) бірге тағайындалуы мүмкін. Егер сотталушыға 5 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалуы мүмкін болса, онда сот оның келісімінсіз қоғамдық жұмыс түріндегі жазаны тағайындай алады, ал басқа жағдайларда сотталғанның келісімі қажетті. Сотталғанның заңға сәйкес жүріс-тұрысын қалыптастыру мақсатында сот қоғамдық жұмыстармен қатар, оған қосымша міндеттер жүктеуге құқылы [9].

Францияда қоғамға пайдалы жұмыстар түріндегі жазаны атқарудың өзіндік ерекшеліктері бар. Францияның қылмыстық заңына сәйкес аталған жаза түрі 40-204 сағат көлемінде тағайындалады және жергілікті қоғам, мемлекеттік мекемелер немес қайырымдылық ұйымдарының пайдасы үшін ақысыз жұмыстар атқарудан тұрады. Жаза заңмен қарастырылған мерзімде өтеледі, бірақ 18 айдан аспауы тиіс. Қоғамға пайдалы жұмыстар үш санаттағы құқықбұзушыларға қатысты қолданылады:

- қасақан емес ауыр қылмысты алғаш рет жасаған тұлғаларға;
- ұсақ құқықбұзушылықтар немесе орташа ауырлықтағы қылмыстарды бірнеше рет жасаған тұлғаларға;

- аталған екі топқада жататын, жол ережелерін бұзушы тұлғаларға.

Бұл жаза түрі негізгі жаза түрінде және басқа жазалармен бірге тағайындалады:

- негізгі жаза түрінде (мысалы, алты ай ішінде 200 сағат жұмыс орындау);

- үкімді атқаруды кейінге қалдырумен бірге тағайындалады [10].

Бұл жаза түрі аталған елдермен қатар Германия, Англия, Дания, Израиль, АҚШ, Польша, Япония, Кения және т.б. мемлекеттерінде қолданылады.

Қоғамдық жұмыстар түріндегі қылмыстық жазаны өтеумен атқаруды осы жаза түрі қолданылатын елдердің барлығында дерлік пробация қызметімен ұйымдастырылады, сонымен қатар бұл жаза түрін қолдану барысында мемлекет қандайда пайда табуды көздемейді, оны қолданудағы басты мақсаттардың бірі сотталған тұлғаны тәрбиелеу. Сондай-ақ бірқатар елдердің қылмыстық заңнамаларында аталған жаза түрін тағайындаудың бірден-бір шарты аталған жазаны тағайындау бойынша құқықбұзушының келісімін қажет етеді, бұл ереже «Түрмеге қамауға алумен байланыссыз шараларға қатысты» БҰҰ минималды стандарт ережелерінің 3.4-тармағында да қарастырылған. Бірқатар елдердің қылмыстық заңдарында аталған жаза түрі шартты түрде қолдануды және белгілі бір тұлғалар санатына қатысты тағайындау қажеттілігін қарастырған [4].

Біздің елімізде де қоғамдық жұмыстарға тарту түріндегі қылмыстық жазаны тиімдірек қолдану үшін ең алдымен мұқият шетелдік тәжірибені талдай келе, оның тиімді жақтарын алу қажет. Атап айтқанда қоғамдық жұмыстарға тарту жазасын тағайындау кезінде сот сотталушы тұлғадан аталған жаза түрін өтеуге жазбаша келісімін алу қажет, сонымен бірге осы жаза түрін шартты түрде қолдану мәселесін қылмыстық заңнамада қарастыру және аталған жаза түрі тағайындалмайтын тұлғалар санатына күндізгі бөлімде оқуын қоғамдық жұмыспен бірге алып жүре алмайтын студентерді енгізу қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. *Возможности расширения деятельности службы пробацции* // <http://www.myshared.ru/slide/476528/>
2. <http://service.pravstat.kz/portal/page/portal/POPageGroup/Services/Pravstat>
3. 9 наурыз 1976 жылы Еуропа Кеңесінің министрлер комитетінің «Бас бостандығынан айыруға балама жаза шаралары туралы» №(76)10 Резолюциясы//http://www.innovbusiness.ru/pravo/DocumShow_DocumID_33340.html
4. 1990 жыл 14 желтоқсандағы Түрмеге қамауға алумен байланыссыз шараларға қатысты Біріккен Ұлттар Ұйымының минималды стандарт ережелері (Токио ережелері) БҰҰ Бас Ассамблеясының 45/110 қарары // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/O9000000004>
5. Егоров С, Тычинский В. Зарубежный опыт исполнения наказания в виде обязательных работ // *Ведомости УИС*, 2004, № 5. С. 15
6. *Уголовный кодекс Швеции* / Науч. ред. Н.Ф. Кузнецова и С.С. Беляев: Пер. на русский язык С.С. Беляева. СПб., 2001. С. 6.
7. *Уголовный кодекс Швеции. Принят в 1962 году. Вступил в силу 1 января 1965 года* // http://sweden4rus.nu/rus/info/juridisk/ugolovnyj_kodeks_shvecii#3:27
8. *The Criminal Code of Finland - Finlex* // <https://www.finlex.fi/en/laki/kaannokset>
9. *Применение общественных санкций в Республике Чехия* // http://old.nasledie.ru/polityne/18_15/article.php?art=5
10. *Уголовный кодекс Франции* // crimpravo.ru/codecs/france/2.doc

Ахметова Д.М.

Старший научный сотрудник МНИИ Академии правоохранительных органов
при Генеральной прокуратуре РК, советник юстиции, dariga.76@mail.ru

НЕКОТОРЫЕ ВОПРОСЫ ПРОФИЛАКТИКИ ПРАВОНАРУШЕНИЙ СРЕДИ НЕСОВЕРШЕННОЛЕТНИХ

***Аннотация:** Данная статья посвящена профилактике правонарушений среди несовершеннолетних. Рассмотрены проблемы поиска и установления гуманного подхода к решению вопросов предупреждения и пресечения преступности среди несовершеннолетних, проведения комплекса работ по выявлению и устранению причин возникновения криминального поведения подростков.*

***Ключевые слова:** несовершеннолетний, профилактика правонарушений, семья, школа.*

***Түйін:** Бұл мақала кәмелетке толмағандардың құқық бұзушылықтарының алдын-алуға арналған. Кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстың алдын алу және жолын кесу проблемаларын шешуге, жасөспірімдердің қылмыстық мінез-құлқының себептерін анықтауға және жоюға бағытталған жұмыстар кешенін іздестірулер қарастырылған.*

***Кілтмі сөздер:** кәмелетке толмаған, құқық бұзушылықтардың алдын алу, отбасы, мектеп.*

***Summary:** This article discusses the prevention of crimes among juvenile. The problems of searching and establishing a humane approach to solving problems of preventing criminality among juvenile are considered. Also, the article discusses problems carrying out of set of works to identify and eliminate the causes of the criminal behavior of teenagers.*

***Key words:** juvenile, prevention of offenses, family, school.*

В настоящее время, наряду с позитивными изменениями в обществе, протекают процессы, характеризующиеся негативными тенденциями: изменяется уклад и образ жизни людей, углубляется социальная дифференциация, усиливается конфликтность и бездуховность, прослеживается тенденция увеличения числа семей так называемой «группы риска», растет количество несовершеннолетних, вовлеченных в преступную деятельность, хранение, доставку, продажу и употребление наркотиков, произошел резкий рост беспризорности и безнадзорности несовершеннолетних[1].

Правонарушения несовершеннолетних детей и подростков могут быть самыми разными: насилие, жестокость, агрессивность, тяжчайшие преступления, вандализм, все это захлестнуло в последние годы нашу республику. В волну преступности всё чаще оказываются втянутыми несовершеннолетние, действия которых поражают цинизмом, дерзостью, нанесением телесных повреждений или даже убийство.

1 Аверин, А.Н. Социальная политика и подготовка управленческих кадров: учеб. пособие / А.Н. Аверин. – М.: Данисов и К, 2005. – 280 с.

2 Анимица Е.Г. Трудная дорога к государственной службе // Региональное управление и кадровая политика: проблемы совершенствования государственной и муниципальной службы. Тезисы докладов межрегиональной научно-практической конференции. Екатеринбург, 1999. С. 194–197.

3 Борисов, Е.И. Прежде чем учить руководителей /Е.И. Борисов // Служба кадров. – 2007. – №1 – С. 51 – 54.

4 Букина, Н. Неформальный подход к обучению / Н. Букина // Служба кадров. – 2007. – №3 – С. 58–62.

5 Бердюгин, С. Новый обучающий проект / С. Бердюгин., Э. Макаров // Служба кадров. – 2006. – №3 С. 63 – 65.

6 Бабинцев, В.П. Региональная система развития кадров государственной и муниципальной службы/ В.П. Бабинцев // Образовательная политика. – 2006. – №4 С. 13 – 15.

Тулешов А.Б.

ҚР Бас прокуратурасының жанындағы құқық қорғау органдарының академиясы
Астана қ., aranshy_90@mail.ru

ЛАУАЗЫМДЫҚ ӨКІЛЕТТІКТЕРДІ АСЫРА ПАЙДАЛАНУ ҚЫЛМЫСЫНЫҢ КЕЙБІР ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

***Түйіндеме:** Бұл мақалада автор Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 362-бабына сәйкес, лауазымдық өкілетті асыра пайдаланудың кейбір құқықтық мәселелеріне тоқталып өткен.*

***Резюме:** В данной статье авторы рассматривают некоторые правовые вопросы превышение власти или должностных полномочий согласно ст. 362 Уголовного кодекса Республики Казахстан.*

***Summary:** In this article, the authors examine some legal issues of abuse of power or official authority under art. 362 of the Criminal Code of the Republic of Kazakhstan*

***Түйінді сөздер:** билік, лауазымдық өкілеттікті асыра пайдалану, тергеу реттілігі, Қылмыстық процесілік кодекс, Қылмыстық кодекс.*

Мемлекеттің құқықтық саясатының маңызды буыны қылмыстық саясат болып табылады, оны жетілдіру қылмыстық, қылмыстық іс жүргізу және қылмыстық-атқару құқығын, сондай-ақ құқықта қолдануды кешенді, өзара байланыста түзету арқылы жүзеге асырылады.

Қылмыстық құқықтың қазіргі жай-күйін бағалай отырып, тұтас алғанда оны серпінді дамыту қамтамасыз етілді деуге болады. Қолданыстағы Қылмыстық кодекс - қылмысқа қарсы күрестің, адамның құқықтары мен бостандықтарының, мемлекет пен қоғамның мүдделерін қылмыстық-құқықтық қорғаудың жеткілікті пәрменді құралы.

Қылмыстық құқықты одан әрі дамыту, бұрынғыдай қылмыстық саясаттың қос векторлығын ескере отырып жүргізілуге тиіс. Ізгілендіру - ең бастысы, алғаш рет ауыр емес және ауырлығы орташа қылмыстар жасаған адамдарға, сондай-ақ халықтың әлеуметтік әлсіз топтары - жүкті және асырауында кәмелетке толмаған балалары бар жалғызбасты әйелдерге, кәмелетке толмағандарға, жасы ұлғайған адамдарға қатысты болуға тиіс. Сонымен қатар ауыр және аса ауыр қылмыстар жасауға кінәлі, қылмыстық қуғындаудан жасырынып жүрген адамдарға қатысты, сондай-ақ қылмыстар кінәлілігі кезінде қатал қылмыстық саясатты алдағы уақытта да жүргізу қажет.

Қылмыстық құқықты дамытудың маңызды бағыты, ең алдымен аса қоғамдық қауіп тудырмайтын адамдарға (абайсызда қылмыс жасаған кәмелеттік жасқа толмаған адамдар, өзге де адамдарға - жазаны жеңілдететін мән-жайлар) қатысты қылмыстық жазалаудан босатудың шарттарын кеңейту арқылы қылмыстық қуғын-сүргінді қолдану аясын кезең-кезеңмен қысқарту мүмкіндігін айқындау болып табылады [1].

Сондай-ақ қылмыстық заңнаманы ізгілендіру құқықтық саясат тұжырымдамасына сәйкес болуы міндетті. 2014 жылғы 3 шілдеде қабылданған № 226-V Қазақстан Республикасының жаңа Қылмыстық кодексінде сыбайлас жемқорлықпен ымырасыз күрестің мемлекеттік саясаты да көрініс тауып, сыбайлас жемқорлық және лауазымдық қылмысқа жауаптылықтың кешенді нормалары қамтылады.

Адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтары мемлекет арқылы қорғалады. Қазақстан Республикасының Конституциясының 1-бабында «ең қымбат қазына – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары» - деп жарияланған [2].

Мемлекеттің негізгі мақсаттарының бірі болып, қолданыстағы қылмыстық заңнамаларды олардың маңызды мақсатты бағыттарына қарай, одан әрі жетілдіруге бағытталған еңбектермен толықтыру болып табылады. Қылмыстық құқық саласындағы ең өзекті мәселелердің бірі ретінде, қай мезгілде болмасын сыбайлас жемқорлықпен жасалған қылмыспен күресу, оны табу және жауапқа тарту сұрақтары ерекше орын алады.

Сыбайлас жемқорлықпен күрестің көңіл тоя қоймайтын жағдайы, біздің алдымызға қылмыстық заңнама мен құқық қолдану тәжірибесін жетілдіру мәселелерін шешу мен құқық қорғау қызметіне қатысы бар ұсыныстарды жасау қажеттілігін алға тартып отыр.

Дегенмен, бүгінгі күні шешімін таппаған мәселелер көптеп кездесуде. Бұл жағдай қылмыстық заңда да орын алып отыр.

Қылмыстық құқық ғылымында пайда болған бірден-бір өзекті мәселе осы «билікті не лауазымдық өкілеттікті асыра пайдалану» қылмыс құрамын дұрыс саралаудың заңдылық мәселесі екені сөзсіз.

Аталған заңды қолдану барысында сыбайлас жемқорлық қылмыс құрамдарын жасаған тұлғалардың іс-әрекеттерін саралауда, олардың конституциялық құқықтарына нұқсан келтірмей, керісінше, заңи нормалармен (мәтінінде) берілген ережелеріне сәйкес, олардың жауаптылығы туралы сұрақтар (барлық халыққа түсінікті тілде) дәлме-дәл анықталуы қажет.

Қазіргі уақытта заң шығарушылық тұжырымның нақты болмауы, қылмыс құрамын қолдануда бірізділіктің болмауына билікті не қызметтік өкілеттікті асыра пайдалануды анықтамау да себеп болып отыр. Демек, ұқсас белгілерге қатысты айып тағу, нормаларды қолданып саралау барысында билікті не қызметтік өкілеттікті асыра пайдалануды анықтау, соттық-тергеу тәжірибесінде жіберілетін келеңсіз тәжірибеден құтылуға мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің нормаларында заңи техниканың қалыпты қолдануын ескере отырып, Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 362 – бабының диспозициясындағы мәтінге өзгерту енгізуді ұсынамын: Аталған баптың диспозициясындағы «Билікті немесе лауазымдық өкілеттіктерді асыра пайдалану, яғни мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамның не оған теңестірілген адамның өзінің құқықтары мен өкілеттіктерінің шегінен анық шығатын және азаматтардың немесе ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделеріне не қоғамның немесе мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделеріне елеулі зиян келтіруге әкеп соққан әрекеттер жасауы» - деп көрсетілген [3].

Осы мәтіннен «өкілеттіктерінің шегінен анық шығатын» деген тіркестігі «анық» деген пысықтауыш сөзі алынып тасталуы қажет.

Себебі: аталған бапта көрсетілген қылмыстық жауаптылық мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамның не оған теңестірілген адамның өзінің құқықтары мен өкілеттіктерінің шегінен шыққан кезде туындайды. Ал оның құқықтары мен өкілеттіктерінің шегі нақты нормативтік құқықтық актілермен (заңдармен, бұйрықтармен, қаулылармен, өкімдермен) айқындалып көрсетілген. Сондықтанда, жоғарыда аталған «өкілеттіктерінің шегінен анық шығатын» деген тіркестегі «анық» сөзін алып тастап «өкілеттіктерінің шегінен шығатын» деп қалдыру қажет.

Сонымен қатар, Билікті немесе лауазымдық өкілеттіктерді асыра пайдалану лауазымдық қылмыстардың неғұрлым кең таралған түрі. Ол көптеген жағдайларда лауазымды адамның қылмыстық әрекетінің бастамасы, яғни, басқа ауыр қылмыстар жасаудың алғашқы тәсілі болып табылатынын естен шығармауымыз қажет.

Қылмыстық сот ісінің оңтайлы моделі жасалмайынша мемлекеттің қылмыстық саясаты тиімді болмақ емес. Сондықтан қылмыстық-іс жүргізу құқығын дамыту перспективалары туралы айтқанда, Республиканың қолданыстағы Қылмыстық-іс жүргізу кодексі негізінен қылмыстық әділет жүйесін қазіргі уақыттағы демократиялық, құқықтық мемлекеттің сипаттарына сәйкес келтіргенін атап өткен жөн. Заң шығарушының басты мақсаты тікелей қолданылатын, заңдардың мәнін, мазмұнын және қолданылуын айқындайтын және әділ сотпен қамтамасыз ететін, адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтары туралы конституциялық нормаларды тануға негізделген қылмыстық іс жүргізу заңын қалыптастыру болатын [1].

Қазақстан Республикасының Қылмыстық процесстік кодексінің 24-тарауындағы «Сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізудің жалпы шарттары» 187 – бабының «Тергеулік» 3 бөлімінде Қылмыстық кодекстің 362 баптың (төртінші бөлігінің 3) және 4) тармақтарында) көзделген қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша алдын ала тергеуді сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет тергеушілері жүргізеді деп көрсетілген және аталған баптың 4 бөлімінде Қылмыстық кодекстің 362 (бірінші, екінші, үшінші бөліктерінде және төртінші бөлігінің 1) және 2) тармақтарында) бабында көзделген қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша алдын ала тергеуді сотқа дейінгі тергеп-тексеруді бастаған ішкі істер органдары немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет жүргізеді деп көрсетілген [4].

Құқық қорғау органдарының қызметкерлерінің жұмысының сапасын орталық аппаратпен немесе басшылық құрам тарапынан белгілі есептілік мерзімінде жасаған көрсеткіштерімен және жіберген кемшіліктер негізінде есептелініп отырады. Сондықтан болар, көп жағдайда құқық қорғау органдары өз құрылымдық бөлімдеріндегі қызметкерлерге қатысты жүргізілетін сотқа дейінгі тергеп-тексеру жұмыстары барысында сыбайлас жемқорлық жағдайын туғызып, яғни кінәлі жауаптылық қағидаттарының сақтамай, істі жылы жабуға тырысады.

Мысалы, салыстырма үшін қарасақ, Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 146 (Азаптаулар), 412 (Көрінеу кінәсіз адамды қылмыстық жауаптылыққа тарту), 433 (Қылмыстық құқық бұзушылықты жасыру) баптарында көзделген қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша алдын ала тергеуді осы органның қызметкері болып табылмайтын адамға қатысты сотқа

дейінгі тергеп-тексеруді бастаған ішкі істер органдары немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет жүргізеді.

Сыбайлас жемқорлыққа жағдай туғызбау мақсатында және кінәлі жауаптылық қағидаттарының сақталуы үшін құқық қорғау органдарының қызметкерімен жасалған Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 362 бабында (бірінші, екінші, үшінші бөліктерінде және төртінші бөлігінің 1) және 2) тармақтарында, төртінші бөлігінің 3) және 4) тармақтарында) көзделген қылмыстық құқықбұзушылықтар туралы істер бойынша алдын ала тергеуді осы органның қызметкері болып табылмайтын адамға қатысты сотқа дейінгі тергеп-тексеруді бастаған сотқа дейінгі өндіріс органдарының бірінің тергеушілік тәртібінде аталған мәселенің шешімі болуы мүмкін.

Әдебиеттер тізімі

1. «Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған Құқықтық саясат тұжырымдамасы туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 24 тамыздағы № 858 Жарлығы; [Электронды ресурс] <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/U090000858>

2. Қазақстан Республикасының Конституциясы Конституция 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданды; [Электронды ресурс] <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000>

3. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ; [Электронды ресурс] <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226>

4. Қазақстан Республикасының Қылмыстық процесілік кодексі Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 4 шілдедегі № 231-V ҚРЗ. [Электронды ресурс] <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000231>

Даубасова С.Ш.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Заң факультетінің қылмыстық құқық, қылмыстық іс жүргізу және криминалистика
кафедрасының аға оқытушысы, Алматы қаласы, daubassova2017@gmail.com

Аяпова Б.Ә.

М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің
Заңтану және халықаралық қатынастар факультетінің
Қылмыстық процесс және криминалистика кафедрасының оқытушысы, Шымкент қаласы
E-mail: balzhan_ayarova@mail.ru

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚЫЛМЫСТАРДЫ СОТҚА ДЕЙІНГІ ТЕРГЕУДІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Түйіндеме: Аталған мақалада экологиялық қылмыстарды сотқа дейінгі тергеуді бастаудың кейбір мәселелері қарастырылған. Мақалада Қылмыстық және Қылмыстық іс жүргізу Кодекстерінің мәні, экологиялық қылмысқа және экологиялық қылмыстарды ашып тергеуге байланысты нормативті-құқықтық негізі ашылған. Сондай-ақ, экологиялық қылмыстарды анықтау, ашу, тергеу сатылары жан-жақты зерттеліп, баяндалған. Экологиялық қылмыстарды сотқа дейінгі тергеудің сұрақтары түсінікті болу үшін, автор қазіргі кезде Қазақстанның бірталай өңірлерінде орын алған экологиялық жағдайларға мысал келтіріп, оларды зерттеп, оларға қатысты сотқа дейінгі тергеу жүргізу барысын ашып көрсеткен.

Түйін сөздер: қылмыс, құқықбұзушылық, криминалистика, криминалист, тергеу, тергеуші, прокурор, прокуратура, іс-жүргізу, кодекс.

Аннотация: В данной статье рассмотрены некоторые вопросы предварительного досудебного расследования экологических преступлений. В статье раскрыты сущность Уголовного и Уголовно-процессуального Кодекса, нормативно-правовая база экологических преступлений и процесса рассмотрения экологических преступлений. А также, изучены процессуальные стадии рассмотрения экологических преступлений. Для более тщательного изучения предварительного досудебного расследования экологических преступлений, автор приводит примеры экологических бедствий имеющих место в большинстве регионов Казахстана, исследует их, раскрывает процедуру предварительного досудебного расследования по этим делам.

Ключевые слова: преступление, правонарушение, криминалистика, криминалист, следствие, следователь, прокурор, прокуратура, процесс, кодекс.

Summary: In this article some questions of preliminary pre-judicial investigation of ecological crimes are considered. In the article essence of the Criminal and the Criminal Procedural Code, normative and legal base of ecological crimes and consideration process of ecological crimes are opened. And also, procedural stages of consideration of ecological crimes are studied. The author gives examples of ecological disasters, which are taking place in the majority of the regions of Kazakhstan, investigates them and opens procedure of preliminary pre-judicial investigation of these affairs for more careful studying of preliminary pre-judicial investigation of ecological crimes.

Keywords: crime, offense, criminalistics, criminalist, consequence, investigator, prosecutor, prosecutor's office, process, code.

Қылмысты анықтау, ашу және тергеуге, оның кезеңдер құрылысына (сатылары) қатысты өкілетті органдардың қызметі – криминалистика және қылмыстық іс жүргізу ғылымының өкілдерімен қарқынды жасалатын және күмәнсіз әдістемелік мәнге ие мәселе. Оны зерттеу нәтижелері қылмыстың жеке түрлерін (топтарын) зерттеу әдістерін жетілдіруде күдіксіз ақсайды; берілген кезеңдерді есепке ала отырып, сәйкес әдістемелер құрастырылады, олардың әрқайсысында тиімді нәтижеге жету мақсаттары мен құралдары нақтыланады. Мазмұндық жағынан және тергеуші шешетін тапсырма тарапынан дәлелдеудің тұтастай процесі кезең бойынша қарастырылады – арызды тіркеу кезеңі, Сотқа дейінгі тергеудің бірыңғай тізіміне қылмыстық құқықбұзушылық туралы хабарлау, тергеудің алғашқы кезеңі, кезекі және қорытынды кезеңі. Аталған әрбір кезеңде сәйкесінше: арызды тіркеу кезеңінде, СТБР-ге қылмыстық құқықбұзушылық туралы хабарлау кезеңінде – қылмыс немесе қылмыстық әрекеттің сипаттарын анықтау; алғашқы кезеңде – күдіктіні анықтау; соңғы екі кезеңде – толық тергеу тапсырмасын шешу, сотқа тапсыру үшін күдіктінің қылмысын дәлелдеу.

Процессуалдық және криминалистикалық әдебеттерде қылмысты анықтау мәселесіне көп көңіл бөлінеді. Ең алдымен, жеке жұмыстар «қылмысты ашу» түсінігіне байланысты мәселенің процессуалдық тарапына қатысты болды [1]. Кейбір ғалымдардың пікірлері бойынша, қылмысты

анықтау – нәтижесінде жасырын (беймәлім) қылмыстық әрекеттер құқық қорғау органдарына айқын болатын процесс, осы сәттен қылмыс сипаттарының бар болуы және қылмыстық іс қозғауға жеткілікті негіздің болуына байланысты материалдарды қарау заңды міндеті туындайды [2, 18 бет]. Осыған байланысты сұрақ туындайды: қылмысты анықтауды оны ашудың ажырамас бөлігі деп санауға болады ма? Криминалистикалық әдебиеттерде осыған қатысты екі негізгі көзқарас кездеседі. Бірінші жақ қылмысты анықтауды оны ашуге қатысты әрекетке қосады, өйткені осылайша тұтастық қамтамасыз етіледі және қылмысты ашудың ортақ процесінің тиімділігі артады деп санайды [3]. Өзге авторлар қылмысты анықтауды қылмыспен күрестің жеке, алғашқы кезеңі ретінде қарастырады, себебі қылмысты ашу қылмыстық-процессуалдық заң қарастырған құралдар арқылы тек қылмыстық іс қозғалғаннан кейін ғана жүргізіледі деп санайды [4]. Бір қылмыстық әрекетті тергеу немесе соттық талқылау процессінде өзге де қылмыстардың жасалған туралы фактілер анықталуы мүмкін жағдай – бұл мәселе қарастырылмайды.

Егер бұрын қолданыста болған ҚР ҚПК-де анықтау және қылмыстық іс қозғауға дейінгі рұқсат етілетін тергеу әрекеттері қарастырылатын тарау болса, ҚР жаңа ҚПК қабылдануымен 1 тарау 179 бапқа сәйкес сотқа дейінгі тергеудің бастамасы арызды тіркеу, , Сотқа дейінгі тергеудің бірыңғай тізіміне қылмыстық құқықбұзушылық туралы хабарлау немесе алғашқы кейінге қалдырылмайтын тергеу әрекеттері болып табылады. 5 тарау 181 бапқа сәйкес қылмыстық құқықбұзушылық сипаттарын көрсететін жеткілікті мәліметтер жоқ болса, арыз және қылмыстық құқықбұзушылық сипаттарын айқындау үшін өкілетті органның тексеруі мен бақылауын қажет ететін хабарлар, сотқа дейінгі тергеудің бірыңғай тізіміне тіркелместен үш тәулік көлемінде өкілетті мемлекеттік орган қарауына жіберіледі.

Осы арада экологиялық қылмысты анықтау мәселесі өте күрделі және сондықтан арнайы процессуалдық және криминалистикалық талқылауды қажет етеді. Ең басында айта кету керек, экологиялық қылмыстар арасында ірі мәселелер 1 және 2 топ қылмыстарына қатысты орын алады, себебі бұл құқықбұзушылықтар ластануға ұшыраған территория ондаған, жүздеген километрлерді аратын кеңістіктік факторларды ғана емес, сонымен бірге көптеген ірі өзгерістер енгізетін және өзгерістерді жоя алатын метеорологиялық факторлардың күрделі кешенінен құралады. Биологиялық объектілерде қылмыстың сипатын анықтау процесі күрделі жүреді, себебі оның иммундық жүйесі сыртқы теріс әрекеттерге қарсы әрекет етеді және уақытша фактор болады, ол созылмалы болуы мүмкін – болған экологиялық қылмыс салдарынан биологиялық түрдің өлуінен бұрын апталар, айлар, кейде жылдар өтуі мүмкін. Қоғамдық назарға іліккен бірнеше мысал негізінде түсіндірейік. 2000 жылы Маңғыстау облысында Каспий жағалауында бірнеше мыңдаған итбалық денелерін тапты. Олардың өлімінің себебін созылмалы токсикоз деп жариялады. Жергілікті басылымда бірнеше жыл бойы жануарлар организмінде мұнай қалдықтары мен ауылшаруашылық пестицидтар жиналған, сол итбалықтардың иммунитеттерінің күрт құлдырауына және жұқпалы ауруларға ұшырауына алып келген деген ресми қорытынды жасалды. 2006 жылы көктемде ең аз дегенде 330 итбалық қырылды. Сол кезде комиссия пікірі бойынша, ең ықтимал себеп оба вирусы болды. Оған қоса, жайсыз ауа райы да айтылды. Бірақ микробиология және вирусология Институтының өкілдері Маңғыстау облысында итбалықтардың жаппай қырылуы қарқынды балық аулау нәтижесінде болғанын жариялады. Өлген итбалықтарды Қаламқас және Қаржанбас мұнай орындары арасындағы жағалаудан, «Қаламқас» су қорғағыш құбыр ауданынан тапқан. 2009 жылы мамырда Каспий жағалауында жүздеген өлі итбалықтар саналды. Маңғыстау облысының Тұрқараған ауданында өлі итбалықтардың 350-і табылды. 2010 жылы наурызда, Aktau-news сайтының мәліметтері бойынша, қоршаған ортаны қорғау вице-министрі Э.Садвақасова Каспий теңізінде итбалық популяциясының азаюының басты себебі адам әрекеттері екенін айтты. «Ең бірінші себеп, біз Каспий теңізінде белсенді балық аулау кәсібін жүргізесіз, ал ол – итбалықтардың негізгі қорегі. Біздің территориямызда итбалықтар популяциясы – шамамен 8000 түрі бар, және ол жыл сайын азайып отыр», -деп баяндаған Эльдана Садвақасова. 2010 жылы мамырда парламент депутаты Виктор Киянский премьер-министрдің атына ұсыныс тастады. Өзінің сөзінде депутат «сайлаушылар профилактикалық, алдын алу және қайта қалпына келтіру шараларының әлсіреуі Каспийде итбалықтардың, балықтардың жаппай қырылуына, ал енді оралдық ақбөкендердің қылуына алып келді және алып келетіндігін хабарлағанын» баяндаған. Итбалықтарға қатысты көптеген зерттеулер жүргізілді, қазақстандық мамандар ғана емес, Германиядан, Ресейден, Англиядан және т.б. ғалымдар шақырылды. Нәтижелер баяндалды. Кейіннен, 2014 жылы басылымда Қашағанда құбырдың ауысқаны жөнінде ақпарат пайда болды. Өзіміз білетіндей, Қашаған Каспий қайраңында жатқан бірегей орын және ондағы мұнай алу қаупі тірі организмді жоятын жоғарыкүкіртті газдардың шығарылуымен жүргізіледі. Бұқаралық ақпарат құралдарында Қашағанда оратылған құбырда газдың шығуы туралы мақалалар жарияланды. Кейбір басылымдарда құбырлар

2016 жылы ауыстырылатыны жарияланға. Осылайша сұрақ туындайды, экоцидке алып келген жарамсыз құбырларды пайдалану кімнің кінәсі? Ірі жоғалтуға алып келген технологиялық процесстерді бұзу арқылы, жарамсыз құбырларды біле тұра пайдаланған тұлғаларға қарсы қылмыстық іс қозғалды ма? Жауап жоқ! Ақбөкендерге қатысты осыған ұқсас жағдай, жаппай қырылудың себебін ғалымдар адам әрекеттерінің нәтижелерімен байланыстырып отыр. ҚР Ауылшаруашылығы министрлігінің соңғы мәліметтеріне сәйкес, 2015 жылдың осы көктемінде Қазақстанда жүз мыңнан аса ақбөкен қырылды. Қостанай облысыны өзінде 80 мыңнан аса ақбөкен анықталған, бірақ мәселе анықталмаған. Қазақстандағы Калачи елді мекеніндегі «ұйқы ауруы» тарихында ғалымдар топырақтың, Калачидағы 12 ұңғымадан алынған жер асты ауаның және судың зерттеу нәтижелері алынды. Осыдан кейін мамандарда ары қарай зерттеуді қажет ететін «ұйқы ауылының» феноменінің жұмыс нұсқасы пайда болды. «Калачи топырағының сынамасында СО тұншықтырғыш газ бен СН көмірсутектің шектен тыс құрамы анықталды. «Ұйқы ауруының» себебін мен былай айтар едім: оттектің төмен концентрациясы және тұншықтырғыш газ бен көмірсутектің жоғары концентрациясы бар ауамен үздіксіз демалу», -деп есептейді Қазақстан ҰЯО бас директорының орынбасары Лукашенко. Бұл тек жұмыс нұсқасы ғана екендігін ескертті. «Ұйқы ауруын» бір ғана фактор емес, үш фактордың жиынтығы – оттектің жетіспеуі, оған қоса СО мен СН-тың артық болу факторы құрайтындығын ескертті. Мысалы, сараптау нәтижесі бойынша жер асты ауада тұншықтырғыш газдың (СО) концентрациясы шекті деңгейде тұр. Көмірсутек (СН) концентрацияның шекті деңгейінен аспайды, ШМК жартысы деңгейінде тұр. Оттек – нормадан аз, «бірақ өлімге алып келетіндей емес», дейді ғалымдар. «Үш компоненттің әрқайсысы жеке-жеке шамамен норма шегінде тұр – сондық олардың ешқайсысы күдік тудырмады, және «ұйқы ауруының» себебін анықтай алмады. Ал үш фактордың жиынтығы кезінде классикалық синергетикалық нәтижес туындайды. Өз өздерінен аса маңызды емес факторлар бір бірін күшейтежі эәне сол кезде «ұйқы ауруын» тудырады», - дейді ғалымдар. Ұзақ уақыт бойы ғалымдар жалған ізбен жүріп келді – Калачи кегес заманында уран өндірген жабық кендердің қасында орналасқан. Ғалымдар «ұйқы ауруы» мен кеннен шығатын радиация арасындағы байланысты анықтауға тырысты. Ғалымдардың нұсқасы бойынша «ұйқы ауруы» мен кеннен шығатын радиация арасында байланыс бар. Шахтада жұмыс кезінде нығайту, төсеу кезінде көптеген ағаштар қолданылған. Ұңғыма жабылғанда, ол сумен толтырыла бастаған. Ағаштың сумен әрекетінен тұншықтырғыш газдар бөліне бастаған. Ал оған белгілі көлемде су толған соң, газ жоғарыға шыға бастады», - деп түсіндіреді ғалым [5].

Келтірілген мысалдардағы барлық аталған ақпараттарды бағалау, білім кешенін, ең алдымен экологиялық, криминалистикалық, техникалық, сосын барып қана құқықтық білімді қарастырады. Ақпараттарды тексеру бір уақытта бірнеше бағытты біріктіреді, оның ішінде: ластану іздерін анықтау және алу; жануарларды зерттеу, адамдарды зерттеу, кәсіпорындарды анықтау; осы кәсіпорындардағы қажетті құжаттар мен олардың көшірмелерін анықтау және алу; қатысты тұлғаларды анықтау; ластандырғыш заттардың әрекетін бақылау және көптеген өзге бағыттар. Бұл тек бастапқы ақпарат қана.

Бастапқы ақпаратты тексеру барысында табиғатты қорғау прокуратурасы әртүрлі қызметтермен бірге, мысалы, ҚР Ауылшаруашылығы министрлігімен бірге әртүрлі шаралар жүргізеді: тексеріс жүргізуді ұйымдастыру, табиғатты қорғау қызметтерінен ресми анықтама алыс; азаматтардан сұхбат алу; жабайы жануарларды зерттеу; құжаттарды зерттеу мен салыстырмалы сараптамасын талап ету; ақпараттың құпия көздерін пайдалану; тазалау құралдарының бар болуы мен олардың жағдайын тексеру; оперативті бақылау; телефон әңгімелерін есту және байланыс каналарынан ақпараттарды түсіріп алу; құралдарды, ғимаратты, жер аймағын және т.с.с. жедел зерттеу.

Осылайша, экология саласындағы қылмысты тергеу ерекше орынға ие, себебі соңғысын анықтау ерекшеліктерімен анықталады және биологиялық, химиялық, физикалық, тіпті экономикалық және құқықтық шараларды қолдану және кешенін ұйымдастыруды қажет етеді.

Экологиялық қылмыстар туралы материалдарды қарастыруға қатысты әрекеттің криминалистикалық мәнінің екі аспектісі бар: процессуалдық және оперативті-іздеу. Берілген жағдайда әңгіме оперативті материалдарды оперативті-іздеу функциялары арқылы іс жүргізетін органдардың қарастыруы, және қолда бар процессуалды құралдарды пайдалану жолымен қылмыстық істі тіркеу туралы ҚР ҚПК 179-186 баптарына сәйкес жүргізілетін қылмыстық-процессуалдық әрекет туралы болып отыр. Мұндай әрекеттің криминалистикалық аспектісі «тексеру әрекеттері» деп аталады. ҚР жаңа ҚПК-же «терсеріс әрекеттері» түсінігі жоқ. Өзге нормативті актілерде, заң әдебиеттерінде және тәжірибелік қызметкерлер арасында мұндай әрекеттер әртүрлі аталады: «тергеуге дейінгі терсеріс», «алғашқы тексеріс», «қылмыс туралы хабарды қарастыру» [3].

Қылмыстық сот жүргізудің ең таласты аспектілерінің бірі, тексеріс процессуалды құқық пен криминалистика түйіскен мәселелерге қатысты болады. Осы кезде ҚР ҚПК-де (ескісінде де, жаңасында да) бұл қызметтің реттемелеуінің, оны жүргізуге қатысты сәйкес криминалистикалық ұсыныстың жоқтығы байқалады.

Жеке криминалистер алғашқы материалдарды қарастыру және қылмыстық істі қозғау мәселелері қылмыстық процесс ғылымына қатысты болуы керек, тергеу әдістері мен криминалистикаға қатысты емес. Біз В.А.Образцовтың қылмыстық іс қозғау үшін мәліметтердің жеткілікті болу мәселесін шешу, олардың терсеріс жүргізу қажеттілігі қылмыстық процесске қатысты деген пікіріне қосыламыз. Оған қоса, қылмыстық іс қозғалған алғашқы мәләмет тергеудің бастапқы кезеңінде туындаған тергеу ситуациясы мен нұсқасы тарапынан арнайы криминалистикалық бағалау объектісі болып табылады және іздеу-танысу тапсырмаларының осы кезеңдегі сипаты мен бағытын анықтайды [6, 351-бет].

Тексеріс жүргізудің тактикалық және әдістік ерекшеліктері қылмыстың түрлік (топтық) ерекшеліктерімен, тексеріс тапсырмасының ерекшелігімен, оның құралдары және өткізу уақытының шектелуімен; түскен ақпарат, сол ақпарат көздерінің ерекшеліктерімен (мысалы, оперативті-іздеу шаралары арқылы алынған ақпарат және азаматтардың арыздарынан, бақылаушы органдардың, т.с.с. тексеріс материалдарынан алынған ақпарат); тексеріс жүргізу субъектісінің салалық ерекшелігімен (табиғатты қорғау прокуратурасы); тексеріс кезінде туындайтын жағдай ерекшеліктерімен (қажетті құжатты алуда әртүрлі қақтығыстық жағдайлардың, қиындықтардың туындауы, мүдделі тұлғалардың қарсыласуы және т.б.) анықталады.

Тексеріс кезеңінде қылмыстық істі қозғауға себеп болатын қылмыс туралы ақпарат шешуші рөл ойнайды. Негіз процесс кезінде анықталатын болғандықтан, себептің туындауы, процесстің бастапқы сәті ретінде, осы негіздерді орнатуға алып келеді. Сәйкесінше, қылмыстық іс қозғауға негізді анықтауға қатысты процессуалды әпекет әрқашан себепті тексеру мен бағалаудан басталады. Экологиялық қылмыс туралы материалдарды тексерудің мәні мамандар зерттеулерінде жазылған.

Істі сараптау қылмыстық істі қозғау, ары қарайғы тергеуге және соттық талқылауға негіз болатын қажетті алғашқы материалды құрайтын материалдар тізбегін анықтауға мүмкіндік береді:

1. Табиғатты қорғау прокуратурасы жүргізген арнайы тексеріс материалдары;
2. Қоршаған табиғи ортаның жағдайын мемлекеттік экологиялық бақылайтын органдардың жазбаша арыздары;
3. Қоғамдық экологиялық ұйым өкілдерінің жазбаша арыздары;
4. Оперативті бөлімше қызметкерінің рапорты (қылмысты анықтау және құжаттандыруға немесе қылмыстық жағдай және оған қатысты тұлғалар туралы мәліметтер нақты анықталатын оның жеке эпизодтарға қатысты жүргізілген жұмыстың жалпы жазбаша қорытындысы);
5. Бұқаралық ақпарат құралдарының басылымдары;
6. Жеке азаматтардың арыздары.

Экология саласындағы қылмыстар туралы қылмыстық іс, тергеу тәжірибесі көрсеткендей, тексеріс кезеңінің өзінде көрінетін ерекше күрделілігімен ерекшеленеді. Экологиялық құқықбұзушылық туралы істің соттық жалғасын қамтамасыз ету үшін, ең алдымен азаматтардан, бұқаралық ақпарат құралдарынан, қоғамдық экологиялық ұйым өкілдерінен түскен материалдардың толықтығын және кемшіліктерді жою қажеттілігі мақсатында ірі тексеріс жұмыстарын жүргізу керек.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Герасимов И. Ф. *Некоторые проблемы раскрытия преступлений.* - Свердловск: Средне-Уральское кн. изд-во, 1976. - 184 С.
2. Иванова Л.А. *Криминалистическая характеристика и первоначальный этап расследования преступлений, связанных с загрязнением вод и атмосферы: Автореф. дис. канд. юрид. наук / Урал. ГЮА РФ. - Екатеринбург, 2003. - 22 С.*
3. Образцов В.А. и др. *Расследование преступных загрязнений водных объектов и атмосферного воздуха.* М., 1981. - 64 С.
4. Зорин, Г.А. *Теоретические основы криминалистики Минск: Амалфея, 2000. - 416 С.*
5. <https://www.google.kz/m yvision.kz/post/132671>
6. Образцов В.А. *Криминалистика: Курс лекций / Ассоциация работников правоохранительных органов РФ. - Г., 1996. - 448 С.*

Даубасова С.Ш.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Заң факультетінің қылмыстық құқық, қылмыстық іс жүргізу және криминалистика
кафедрасының аға оқытушысы, Алматы қаласы, daubassova2017@gmail.com

Каипжанова Н.Е.

М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің
Заңтану және халықаралық қатынастар факультетінің Қылмыстық процесс және криминалистика
кафедрасының оқытушысы, Шымкент қаласы, E-mail: kaipzhanova.nasgul@mail.ru

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚБҰЗУШЫЛЫҚТАРДЫ АШУ БАРЫСЫНДА ҚОЛДАНАТЫН СОТ САРАПТАМАЛАРЫНЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

***Түйін.** Аталған мақалада қазіргі таңда жасалатын экологиялық қылмыстық құқықбұзушылықтарды ашу барысында қолданатын сот сараптамаларының кейбір мәселелері қарастырылған. Мақалада экологиялық қылмыстық құқықбұзушылықтардың түсінігі мен белгілері, экологиялық қылмыстық құқықбұзушылықтарды тергеу барысында қолданатын сараптамалардың жекелеген түрлері мен олардың өзіндік белгілері мен ерекшеліктері жан-жақты қарастырылып, ашылған. Сондай-ақ, мақалада экологиялық сараптаманы тағайындау мен өткізудің құқықтық нормативтік негіздері, экологиялық сараптамаға қатыстылығы бар құзыретті мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалардың өкілеттіктері мен қызметі баяндалған. Экологиялық қылмыстық құқықбұзушылықтардағы сараптама мәселесі түсінікті болу мақсатында, автор мақалада сұңқылдақ аққулардың қырылуы мәселесіне қатысты бастапқы және қосымша сараптаманың сұрақтарын нақты қойып, оларды егжей-тегжей зерттеп, сараптаманың қорытындысын берген.*

***Түйін сөздер:** экология, құқықбұзушылық, сұңқылдақ аққу, ветеринар, патологанатом, залал, қылмыс, сараптама, кодекс, қызыл кітап,*

***Резюме.** В данной статье рассматриваются некоторые проблемные вопросы судебной экспертизы, которая применяется при раскрытии экологических преступлений. В статье детально и тщательно рассмотрены и раскрыты понятие и признаки экологических преступлений, отдельные виды и особенности экспертиз, которые применяются при раскрытии экологических преступлений. А так же, в статье рассмотрены нормативно-правовые основы назначения и проведения экологических экспертиз, полномочия и компетенция государственных органов и должностных лиц, имеющих непосредственное отношение к экологической экспертизе. В целях более детального рассмотрения некоторых вопросов экспертиз при раскрытии экологических преступлений, в статье автор приводит вопросы основной и дополнительной экспертизы гибели лебедей, тщательно их исследует и анализирует, а также дает окончательное заключение.*

***Ключевые слова:** экология, правонарушение, красная книга, лебедь, ветеринар, патологанатом, ущерб, преступление, экспертиза, кодекс.*

***Summary.** In this article some problematic issues of judicial examination which is applied at disclosure of ecological crimes are considered. In the article the concept and signs of ecological crimes, separate types and features of examinations which are applied at disclosure of ecological crimes are carefully considered and opened in details. And also, in the article normative and legal basics of appointment and carrying out environmental assessments, powers and competence of the government bodies and officials directly related to environmental assessment are covered. For more detailed consideration of some questions of examinations at disclosure ecological crimes, the author provides questions of the main and additional examination of swans death, carefully investigates and analyzes them, and also draws the final conclusion in the article.*

***Keywords:** ecology, offense, Red List, swan, veterinarian, patologanaty, damage. crime, examination, code.*

Экологиялық сараптама жүргізу кезінде сараптау комиссиясы белгіленетін шаруашылық қызметтерінің экологиялық талаптарға сәйкестігін орнатады және сараптамаға алып келетін нысанды жүзеге асырудың мүмкіндігін анықтайды. Экологиялық қылмыстарды тергеу барлық жағдайда дерлік сот сараптамаларының әртүрлі түрлерін тағайындаумен байланысты. Тағайындалатын сот сараптамалары жүзеге асырылуы қоршаған табиғи ортаға зиянды әсерін тигізетін шаруашылық шешімді қабылдаудың алдында болатын қоршаған ортаны қорғаудың міндетті шарасы болып табылатын мемлекеттік экологиялық сараптамалардан ажыратылуы тиіс. Экологиялық талаптар зиянды химиялық, физикалық және биологиялық әсерлерден қоршаған ортаны қорғау болып табылады және экологиялық сараптамалардың көмегімен мемлекет жайлы орта, табиғатты тиімді пайдалану т.б. жағдай жасауға тырысады. Экологиялық сараптама мемлекеттік немесе қоғамдық негізде жүзеге асырылады. Оларды жүргізу тәртібі, сараптама комиссиясы мүшелерінің өкілеттіліктері мемлекеттік сараптама сияқты қоғамдық сараптамада Қазақстан Республикасының

Экологиялық кодексі және басқа да нормативтік-құқықтық актілермен анықталады [1, 114 б.]. Экологиялық сараптамаларды ұйымдастыру, жүзеге асыру Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің құзыретіне жатады.

Қазақстан Республикасының қылмыстық кодекс заң талаптарына сәйкес, жасалған экологияға байланысты 3 және 4-топтағы қылмыстарды, мысалы, заңсыз аң аулау, балық аулау, ағаштарды кесу т.б. тергеу кезінде сот трасологиялық, сот баллистикалық сараптама, материалдар мен заттардың криминалистикалық сараптамасы сияқты дәстүрлі сот сараптамалары тағайындалады [2, 114-117 бб.].

Кей жағдайла сараптаманың басқа түрлері де тағайындалуы мүмкін, мысалы, биологиялық, ботаникалық. Сонымен, мысалы, табиғи орманды алқаптарын, бау көшеттерін заңсыз кесу, ағаштарды құлату фактілері бойынша істер жөніндегі ботаникалық сараптама тағайындалды және сарапшылардың алдына келесідей мәселелер қойылды:

1. Нысандар ағаштың қай түріне жатады?
2. Олар ҚР Қызыл кітабына енген бе?
3. Ағаштар арамен өсіп тұрған күйінде әлде қураған күйінде кесілген бе?
4. Кесілген ағаштардың жасы қандай?
5. Жас бұталардың түзілуі есебінен өздігінен қалына келуі мүмкін бе немесе ағаштар нөлдік белгіге дейін түбінен кесілген бе?
6. Кесілген көшеттерді қайта қалпына келтіру үшін қанша уақыт қажет?
7. Келтірілген залалдың сомасы қандай?

1-6-мәселелер дендрохронология, өсімдіктерді жіктеу мен анатомиясында ғылыми негіздері мен әдістемесі бойынша білімі бар сарапшы-ботаниктермен шешілді [3]. Егер мынадай мәселе қойылса: «Ағаш отырғызуды сантарлық ережелер, мәдениетті отырғызуды өңдеудің агротехникалық тәсілдері сақталған ба», оларды шешу агрономдардың, орман мамандарының, эпидемиологтардың құзыретіне кіреді.

Жануарларды (балықтар, құстар, сүтқоректілер, сондай-ақ олардың денелерінің табылған бөліктері) заңсыз ату, аулау және пайда табумен байланысты істер бойынша сарапшы-зоологтардың шешіміне мынадай мәселелер қойылды:

1. Аталған нысан қандай түрге жатады?
2. Ол ҚР Қызыл кітабына енген бе?
3. Жануардың жасы нешеде?
4. Жануар жылдың қай мезгілінде ауланды немесе табылды?
5. Аталған дене мүшелер жануардың біреуіне немесе бірнешеуіне тиесілі ме?
6. Залалдың сомасы қандай (келтірілген залал)?

Жоғарыда келтірілгендерге ұқсас, 1-5-мәселелер жануарлардың жіктелуінен, морфологиясынан, анатомиясынан, және олардың биологиялық циклі мен мекендеу аймағынан білімі бар сарапшы-зоологтармен шешіледі [3].

Қағида бойынша, осы сот сараптамаларын тағайындау мен оларды жасау үшін материалдарды дайындау прокурор мен тергеушіге қиындық келтірмейді.

1 және 2-топтағы қылмыстарды тергеу кезінде қоршаған ортаны қорғау мәселелерінің міндеттері өзінің сипаты бойынша кешенді және сонымен бірге қатынастың көрсетілген аймақтарын реттеуші құқықтық нормаларға сәйкес аспектілерді қоса алғанда, экономикалық, технологиялық, әлеуметтік, биологиялық, медициналық, әкімшілік және шаруашылық аспектілерге ие. Бұл міндеттің қаншалықты күрделі екендігін келтірілген мысалдардан көруге болады: 2004 жылы Ақтөбе қаласы ІІБ-нан ҚР ӘМ ССО Орталық (Алматы) ҒӨССЗ-на ҚР ҚК баптары бойынша көтерілген қылмыстық іс материалдары бойынша кешенді сараптама жасау туралы қаулы түсті: 277-бап «Экологиялық талаптары бұзу», 281-бап «Суларды ластау, бітеу және сарқу», сұңқылдақ аққулардың жаппай қырылу ісі бойынша 289-бап – «Жануарлар дүниесінің жаппай қырылуы»[4]. Бастапқы сараптаманың шешіміне мынадай мәселелер қойылды:

1. Сұңқылдақ аққулардың қырылу себебі неде?
2. Сұңқылдақ аққулардың қырылуының басты себебі қайсы: жарақаттар, аурулар немесе улану?
3. Аққулардың қырылуы уланудан немесе басқа да себептерден орын алды ма?
4. Сұңқылдақ аққулардың қырылуы мен улану арасында тікелей себепті байланыс бар ма?
5. Сұңқылдақ аққулардың қырылуы қоқыс жинайтын бөгеттердің суын пайдаланғаннан кейін бірден орын алды ма әлде қандай да бір белгілі уақыт аралығында орын алды ма?
6. Сұңқылдақ аққулар қандай улы немесе күшті әсер ететін заттармен уланған?
7. Сұңқылдақ аққулардың қырылуы мен улануы қоқыс жинайтын бөгетке улы заттардың немесе мұнайды демеркаптанациялау қалдықтарының суға түсуінің нәтижесінде болуы мүмкін бе?

8. Сұңқылдақ аққулардың қырылуы қоқыс жинайтын бөгеттердегі судың құрамында сульфат, хлорид пен бордың мөлшері көптігінен уландырғыштықтың жоғарылығы салдарынан болуы мүмкін бе?

9. Сұңқылдақ аққулардың қырылуы мен улануы құрамында сульфат, хлорид пен бор бар азықтарды пайдалану нәтижесінде орын алуы мүмкін бе?

Қосымша сараптаманың шешіміне мынадай мәселелер қойылды:

1. Сұңқылдақ аққулардың қырылуы қоқыс жинайтын бөгеттердегі судың құрамында хлорид пен бор сияқты өнеркәсіптік қалдықтардың компоненттерінсіз тек қана сульфаттың (мұнайдың демеркаптанациясы) мөлшері көптігінен уандырғыштықтың жоғарылығы салдарынан болуы мүмкін бе; немесе керісінше, сұңқылдақ аққулардың қырылуы қоқыс жинайтын бөгеттердегі судың құрамында мұнайдың демеркаптанациясының (сульфаттар) компоненттерінсіз тек қана өнеркәсіптік қалдықтардың (хлоридтер мен борлар) мөлшері көптігінен уандырғыштықтың жоғарылығы салдарынан болуы мүмкін бе?

2. Хлор, бор, сульфат компоненттерінің арасындағы химиялық реакциялардың салдарынан қандай да бір химиялық заттардың пайда болуы мүмкін бе?

3. Сұңқылдақ аққулардың қырылуы мен улануы хлор, бор, сульфат компоненттерінің арасындағы химиялық реакциялардың салдарынан пайда болған химиялық заттардан болуы мүмкін бе?

Сараптама іс материалдары бойынша жүргізілді, зерттеу нысаны ретінде мыналар келтіріледі: паталогоанатом, микробиолог мамандары қорытындыларының нотариуспен расталған көшірмелері, ветеринарлық сараптаманың 3 актісі (вирусолог, паразитолог және бактериологтар), оқиға орнын қарау хаттамасы, химиялық және радиологиялық зерттеулердің қорытындысы, химиялық-аналитикалық зертханалар актісі, суды санитарлық-гигиеналық бағалау актісі, «Қазақстан Республикасы кәсіпорындары өндірісінің улағыш өнеркәсіптік қалдықтарының классификаторы» қосымшасы, «Республикалық ветеринарлық зертхана» РМК Ақтөбедегі бөлімшесінің хаты, қоқыс жинаушы-булаушының төлқұжаты, №370 хаттама, табиғатты пайдалануға рұқсат алуға «Танжер ЭКО» ЖШС-ның өтініші; 27.11.03 жылғы № 006710 02 сериялы табиғатты пайдалануға рұқсаттың №3 қосымшасы (артқы бетінде) бар «Танжер ЭКО» ЖШС-ның қоршаған ортаны ластауға 27.11.2003 жылғы № 020303364 рұқсаты; №3 қосымшасымен бірге «Танжер ЭКО» ЖШС-ның қоршаған ортаны ластауға 27.11.03 жылғы №02006310 рұқсаты; 27.11.2003 жылғы №02006310 рұқсатқа №3 қосымша, «Республикалық ветеринарлық зертхана» РМК Ақтөбедегі бөлімшесінің сертификаттау бөлімі меңгерушісінің, куәгерді тергеу хаттамалары; ветеринарлық зерттеу және ветеринарлық сараптама автілерін дайындау кезінде пайдаланылған материалдар; судың улылығы және балықтардың улану диагностикасы; суды санитарлық-гигиеналық бағалау; ветеринариядағы зертханалық зерттеулер; химиялық-улы тәсілдер; тіндерді, ағзаларды, азықтарды, су және басқа да материалдарды биохимиялық, токсикологиялық және микологиялық зерттеу бойынша нұсқаулық; ауыз су, сульфат мөлшерін анықтау тәсілдері; санитарлық ережелер мен нормалар.

Мамандар келтірілген барлық қорытындылар қандай да бір деректің барын белгіледі, алайда оның аққулардың жаппай қырылуымен себепті байланысын анықтай алмады.

Ақырында, сұңқылдақ аққулардың биологиялық деректерін, аққулардың өліктерін паталогоанатомиялық ашу бойынша мамандардың берген қорытындыларын, қоқыс жинағыштағы суларды радиологиялық және химиялық зерттеу бойынша қорытындыларды, санитарлық нормалар мен қалдықтарды пайдалануға арналған қоқыс жинағышты пайдалану құқығына құжаттарды, мұнай өңдеу технологиясын, азық-түліктердің тағамдық құндылықтары мен қауіпсіздігінің талаптарын зерттей отырып, қорытындыға келді: «Сұңқылдақ аққулардың қырылуы құрамында шекті мөлшерінен бірнеше рет артық сульфат пен хлорид бар улы суды пайдаланғанның нәтижесінде болған. Көрсетілген заттар мұнай демеркаптанациясы (сульфаттар) мен 1996 жылға дейін жұмыс істеген химиялық зауыттың (хлоридтер) өнеркәсіптік қалдықтарының компоненттері болып саналады».

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Романова Н.Л. *Понятие и система экологических преступлений. Дис... канд. юрид. наук. Иркутск, 2001. 125 С.*
2. Е.Р.Россинская *Судебная экспертиза в уголовном, гражданском и арбитражном процессе: Практик. пособие. – М., 1996 - 363 с.*
3. *Архивные заключения Алматинского отделения ЦСЭ МЮ РК*
4. *Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексі 04 шілде 2015 жыл*

Ирубаева А.Т.

Помощник ректора Академии правоохранительных органов при Генеральной прокуратуре
Республики Казахстан, кандидат юридических наук, 7171230@prokuror.kz

СОВЕРШЕНСТВОВАНИЕ СИСТЕМЫ ПОДГОТОВКИ, ПОВЫШЕНИЯ КВАЛИФИКАЦИИ И ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ ПЕРЕПОДГОТОВКИ СОТРУДНИКОВ ПРАВООХРАНИТЕЛЬНЫХ ОРГАНОВ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

***Резюме.** В статье рассматриваются вопросы совершенствования системы подготовки, повышения квалификации и профессиональной переподготовки сотрудников правоохранительных органов.*

***Түйін.** Бұл мақалада құқық қорғау органдары қызметкерлерін даярлау, біліктілікті арттыру және кәсіби қайта даярлау жүйесін жетілдіру сұрақтары қарастырылады.*

***Summary.** The article considers elevation of qualification and professional re-training of the staff of different positions including the units of economic security and counteraction of raising their qualification.*

В плане нации – 100 конкретных шагов по реализации пяти институциональных реформ главы государства Н.А. Назарбаева говорится, что «законодательное закрепление системы регулярного обучения госслужащих является повышение квалификации не реже одного раза в три года» [1].

Указом Президента Республики Казахстан 4 мая 2015 года Академии придан особый статус организации образования. Основными направлениями деятельности которой определены: повышение профессионального уровня сотрудников правоохранительных органов, в том числе состоящих в Президентском резерве руководства правоохранительных органов Республики Казахстан, координация и проведение межведомственных научных исследований в сфере правоохранительной деятельности и реализация программ послевузовского образования [2].

Одним из значимых событий в жизни Академии правоохранительных органов при Генеральной прокуратуре Республики Казахстан является то, что в результате проведенной подготовительной и презентационной работы, на заседании Координационного Совета органов налоговых (финансовых) расследований содружеств, поддержана инициатива о придании Академии статуса базовой организации по обучению фискалов СНГ (*Решение Совета Министров иностранных дел государств-участников СНГ от 06.04.2018 г.*) [3].

В соответствии с Совместным приказом правоохранительных органов «Об утверждении Содержания и Правил профессиональной подготовки, переподготовки и повышения квалификации сотрудников правоохранительных органов Республики Казахстан» №152 от 24 декабря 2015 года, профессиональная подготовка сотрудников правоохранительных органов осуществляется в форме специального первоначального обучения для лиц, впервые поступающих на правоохранительную службу, профессиональной переподготовки и повышения квалификации сотрудников правоохранительных органов, состоящих в Президентском резерве руководства правоохранительных органов Республики Казахстан.

Профессиональная подготовка – форма профессионального обучения, направленного на развитие личности для приобретения знаний, умений и навыков, а также привития норм поведения, необходимых для выполнения служебных обязанностей.

Повышение квалификации - форма профессионального обучения, позволяющая поддерживать, расширять, углублять и совершенствовать ранее приобретенные профессиональные знания, умения и навыки.

Основной целью профессиональной переподготовки и повышения квалификации сотрудников, состоящих в Президентском резерве (*сотрудников Генеральной Прокуратуры РК, Национального Бюро по противодействию коррупции Агентства по делам государственной службы и противодействию коррупции, МВД РК*), является совершенствование профессиональных навыков, управленческой компетентности для назначения на предполагаемые руководящие должности.

К задачам профессиональной переподготовки сотрудников правоохранительных органов относится приобретение сотрудниками дополнительных знаний, умений и навыков, необходимых для выполнения нового вида служебной деятельности или новых функциональных обязанностей.

К задачам повышения квалификации сотрудников правоохранительных органов относятся углубление и расширение теоретических и практических знаний, навыков и умений в соответствии с предъявляемыми квалификационными требованиями для эффективного выполнения ими своих должностных обязанностей.

Планирование деятельности по переподготовке и повышению квалификации сотрудников осуществляется с учетом приоритетных направлений правоприменительной практики, региональных особенностей, количественного и качественного кадрового состава, а также предложений правоохранительных органов [4].

Таким образом, целевой аудиторией при прохождении курсов повышения квалификации и профессиональной переподготовки являются сотрудники органов прокуратуры, осуществляющие надзор за законностью судебных актов и представительство интересов государства по уголовным делам, включенные в специальную группу переговорщиков, сотрудники Национального бюро по противодействию коррупции МДГС РК, расследующие уголовные дела о взяточничестве, сотрудники службы экономических расследований.

В Концепции правовой политики Республики Казахстан на период с 2010 по 2020 годы, указано о необходимости дальнейшего совершенствования процессуальных основ деятельности органов прокуратуры и в рамках этой работы повысить роль и ответственность прокурора в досудебном производстве, в том числе путем расследования органами прокуратуры уголовных дел о преступлениях, представляющих серьезную общественную опасность и сложность, как составной части функции уголовного преследования, осуществляемого прокуратурой [5].

Самостоятельность прокурорского надзора, как вида государственной деятельности определяется ее содержанием, как вида государственной деятельности определяется ее содержанием, которое заключается в осуществлении высшего надзора за точным и единообразным применением законов, Указов Президента Республики Казахстан и иных нормативных правовых актов на территории Республики, принятии мер по выявлению и устранению любых нарушений законности. Эту деятельность, кроме прокуратуры, не могут осуществлять никакие другие государственные и иные органы, т.к. задачи прокуратуры отличаются от задач иных структур государства [6].

Реализация принципа состязательности и равноправия в уголовном судопроизводстве зависит от знания прокурором материалов дела, умения вести судебный допрос, обоснованно реагировать на нарушения законности и ходатайства участников процесса, выступать в судебных прениях и репликах.

Для развития профессиональной компетентности государственному обвинителю необходимо обладать навыками публичного выступления, знать психологические приемы и манипуляции, особенности «чтения» невербальной информации, уметь вести конструктивный диалог и разрешить конфликтную ситуацию, не допускать деструктивных путей развития конфликта. В этой связи, Управлением по организации повышения профессионального уровня, разработана учебная программа курсов повышения квалификации сотрудников прокуратуры *«Развитие ораторского (публичного) мастерства и практическое применение в деятельности»*, модули которой используются и на других курсах обучения.

В рамках современной тенденции и модернизации образовательных программ, требующих внедрения современных методов обучения, становятся актуальными вопросы внедрения новых информационных технологий и использования профессионального подхода в образовательном процессе повышающее эффективность процесса обучения.

Қазіргі кезде мемлекет заң бойынша жеке меншікке берілмеген және беруге болмайтын тарихи-мәдени ескерткіштер орналасқан жерлерге меншік құқығын сақтап отыр. Міне, осыған сәйкес мемлекет жерге мемлекеттік меншік құқығы қатынастарының субъектісі болып табылады. Тарихи-мәдени мақсатына арналған жерлерді пайдаланудағы қатынастарының субъектілері дегеніміз – жер құқығы қатынастарына қатысушылар болып табылатын және соған орай құқықтары бар әрі осы құқық қатынасында міндеттер атқаратын жеке және заңды тұлғалар, мемлекет. Мысалы: мемлекеттік органдар, жердің меншік иелері, жер пайдаланушылар, қазақстандық тұлғалар, шетелдік тұлғалар, халықаралық ұйымдар және т.б., ал бұл қатынастардың субъектілері дегеніміз – жер құқық қатынастарына қатысушылардың заңдармен белгіленген немесе реттелген құқықтары мен міндеттері.

Ал енді тарихи-мәдени мақсатына арналған жерлерді пайдаланудағы қатынастарды төмендегідей бөліп қарастырамыз:

1) материалдық құқық қатынастары құқық субъектілерінің тікелей жерге қатысты құқықтары мен міндеттерін анықтаушы нормаларды құрайды.

Басқаша айтқанда бұл құқықтар құқық нормасымен қарастырылған құқықтар мен міндеттерді жүзеге асыру арқылы қалыптасады.

2) процессуалдық құқықтық қатынастар. Материалдық құқықтық қатынастардың пайда болуын, тоқтатылуын және жүзеге асыру тәртібін анықтайтын нормаларда көрінеді. Яғни құқықтық реттеуге тарихи-мәдени мақсатына арналған жерлерді пайдаланудағы қатынастары түспейді, оларды жүзеге асыру тәртібі түседі. Оған жерге қатысты мәмілені тіркеу тәртібі жатады. Жерді сатып алу-сату шарты жер ресурстарын басқаратын өкілетті органның тиянақты тексеруінен кейін міндетті түрде тіркелуге жатады.

3) реттеуші жер құқық қатынастары заңи жауапкершілікті қолдануға байланысты емес жер құқық қатынастарын жүзеге асыру процесінде қалыптасады.

4) қорғаушы жер құқық қатынастары жасалған құқық бұзушылыққа жауапкершілік шарасын қолдануға байланысты пайда болады. Қорғау құқық қатынастары жер заңының бұзылуының барлық жағдайында пайда болады. Мысалы, жердің нысаналы мақсатын заңсыз өзгерту жер учаскесін алып қоюға негіз болады (жер құқығы жауапкершілігі); келтірілген залалды өтеу (азаматтық құқықтық жауапкершілік; айып төлеуді қолдану (әкімшілік құқықтық жауапкершілік)).

Тарихи-мәдени мақсаттағы жерлерді байланысты қатынастарды мемлекеттік реттеудің түрлері:

1) заң шығарушылық; тарихи-мәдени мақсаттағы жер қатынастарын реттеуді жүзеге асыратын заңдарды қабылдау қызметі;

2) заң орындаушылық; заң орындалуын қамтамасыз ету қызметі;

3) құқық қорғау қызметі; яғни кінәлі тұлғаны жауапкершілікке тарту.

Ал тарихи-мәдени мақсаттағы жер қатынастарын мемлекеттік реттеуде қолданылатын амал-тәсілдердің жиынтығы екі топқа бөліненді: әкімшілік және экономикалық.

Тарихи-мәдени мақсаттағы жерлерді мемлекеттік реттеудің қызметтерінің түрлері:

- 1) жер учаскелерін есепке алу және мемлекеттік жер кадастрын жүргізу;
- 2) жерді жеке меншікке немесе жер пайдалануға беру немесе алып қою;
- 3) жердің санатын анықтау және жерді бір санаттан екінші санатқа ауыстыру;
- 4) жерді аймақтарға бөлу және жерге орналастыруды жүзеге асыру;
- 5) жер мониторингісін жүргізу;
- 6) жер төлемдерін алу;
- 7) жерді қорғау шараларын жүргізу;
- 8) жерді пайдалану мен қорғау шараларына мемлекеттік бақылау жүргізу;
- 9) жер дауларын шешу.

Тарихи-мәдени мақсаттағы жерлерді қорғау үшін ақы төлеу жер төлемдерінің экологиялық құқықтық көрінісі болып танылады. Ол жерді қорғау үшін төленетін төлемдердің өзі бірнеше түрлерге бөлінеді. Олар: Жерді ластағаны үшін ақы төлеу, яғни жерге эмиссияға ақы төлеу; жерді табиғи ресурс ретінде молықтырғаны үшін ақы төлеу; жерге келтірілген зиянның орнын толтыру т.б.

Тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау және пайдалану:

- 1) тарихи-мәдени мұра объектілерін анықтауға, зерттеуге және насихаттауға;
- 2) тарихи-мәдени мұра объектілеріне тарих және мәдениет ескерткіштері мәртебесін бекітуге;
- 3) жоюдан, тағылық актілерінен, өңін айналдырудан, жалған дәріптеуден, бұрмалаудан, орынсыз өзгерістер енгізуден, тарихи түпмәтіннен үзіп тастаудан қорғауды қамтамасыз етуге;
- 4) археологиялық және ғылыми-реставрациялау жұмыстарын жүргізу жолымен қайта түлетуге және сақтауға;
- 5) олардың сақталуы қамтамасыз етілетін нормаларға сәйкес күтіп-ұсталуына;
- 6) этномәдени ортаны қайта түлету процесінде, сондай-ақ ғылыми және тәрбиелік мақсаттарда пайдалануға бағытталған шаралар жүйесін қамтиды [3].

Тарихи, ғылыми, көркемдік және өзге де мәдени құндылығы бар объектілер табылған жағдайда, жер пайдаланушылар одан әрі жұмыс жүргізуді тоқтата тұрып, бұл туралы тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану жөніндегі уәкілетті органға хабарлауға міндетті.

Тарихи-мәдени мұра объектілерінің сақталып тұруына қатер төндіруі мүмкін жұмыстардың барлық түрлерін жүргізуге тыйым салынады.

Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жағдайларды қоспағанда, тарихи-мәдени мақсаттағы жерге жатқызылған жер учаскелері оның меншік иелері мен жер пайдаланушылардан алып қойылмайды.

Тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғауды қамтамасыз ету мақсатында тарихи-мәдени мақсаттағы жерлерде Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіппен қорғау аймақтары, құрылыс салуды реттеу аймақтары және қорғалатын табиғи ландшафт аймақтары белгіленеді.

Тарихи-мәдени мұра объектілерінің қорғау аймақтарының, құрылыс салуды реттеу аймақтарының және қорғалатын табиғи ландшафт аймақтарының шекараларын тиісті жергілікті атқарушы органдардың ұсынуы бойынша облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті өкілді органдары (мәслихаттар) бекітеді.

Аталған аймақтарды айқындаудың тәртібі мен олардағы жерді пайдалану режимін тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану жөніндегі уәкілетті орган айқындайды.

Қорғалатын аймақтардың, құрылыс салуды реттеу аймақтарының және қорғалатын табиғи ландшафт аймақтарының шегінде тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану жөніндегі уәкілетті орган Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасында көзделген негіздерде және тәртіппен әкімшілік ықпал ету шараларын қолдануы мүмкін [2].

Тарихи-мәдени мұра объектілері тарих және мәдениет ескерткіштері мәртебесін заңда белгіленген тәртіппен өздері тарих және мәдениет ескерткіші деп танылған кезден бастап иеленеді.

Тарихи-мәдени мұра объектілерін Тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізіміне енгізу туралы шешім қабылдау үшін құжаттар Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен ұсынылады.

Тарихи-мәдени мұра объектілерін тарих және мәдениет ескерткіштері деп тану оларды міндетті түрде ресми жариялануға тиісті халықаралық, республикалық және жергілікті маңызы бар Тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізімінде бекіту арқылы баянды етіледі. Археология ескерткіштері олар анықталған кезден бастап тарих және мәдениет ескерткіштері мәртебесін алады.

Қазақстан Республикасындағы тарих және мәдениет ескерткіштері заңмен міндетті түрде қорғалуға және сақталуға жатады, оларды пайдаланудың, оларды меншіктену құқығын өзгертудің және оларды мәртебеден айырудың ерекше құқықтық режимі болады.

Тарих және мәдениет ескерткішін мәртебесінен айыруға және тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізімінен шығарып тастауға объект толық түгел жойылған және (немесе) тарихи-мәдени мәнін жоғалтқан жағдайда ғана жол беріледі.

Жаңадан анықталған тарихи-мәдени мұра объектілері алдын ала есепке алу тізіміне енгізіледі және олар өздерінің мәртебесі туралы түпкілікті шешім қабылданғанға дейін, тарих және мәдениет ескерткіштерімен бірдей қорғалуы тиіс [3].

Тарих және мәдениет ескерткіштеріне меншік қатынастарының ерекшеліктері бар. Ол Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексімен және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарымен реттеледі, тарих және мәдениет ескерткіштері деп танылған тарихи-мәдени мұра объектілері тарих және мәдениет ескерткіштеріне меншік құқығының объектілері болып табылады. Ал субъектілер болып Қазақстан Республикасының жеке және заңды тұлғалар болып табылады.

Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан және басқа субъектілерге тиесілі емес тарих және мәдениет ескерткіштері Қазақстан Республикасының ерекше меншігі болып табылады.

Қазақстан Республикасы қазақ халқының және Қазақстан Республикасында тұратын басқа да халықтардың тарихи-мәдени мұрасын құрайтын тарихи-мәдени құндылығы бар тарих және мәдениет ескерткіштеріне меншік құқығын олардың меншік иелерімен жасалған шарттар бойынша сатып алуы мүмкін.

Қазақстан Республикасы атынан халықаралық және республикалық маңызы бар ескерткіштерге меншік иесі өкілетті тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану жөніндегі уәкілетті орган, ал жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштеріне - облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдары жүзеге асырады [3].

Қазақстан Республикасының тарихи-мәдени мұраларды қорғау туралы заңдарының бұзылуына кінәлілігі әрекетінен немесе әрекетсіздігінен көрінген тұлғалар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады.

Тарих және мәдениет ескерткішіне немесе оның қорғау аймағына зиян келтірген жеке және заңды тұлғалар тарих және мәдениет ескерткішін немесе оның қорғау аймағын қалпына келтіруге, ал бұл мүмкін болмаған кезде келтірілген зиянды Қазақстан Республикасының азаматтық заңдарына сәйкес өтеуге міндетті. Тарих және мәдениет ескерткішін немесе оның қорғау аймағын қалпына келтіру уәкілетті органның бақылауымен жүзеге асырылады [3].

Қазақстан Республикасының 1992 жылғы 2 шілдедегі «Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы» Заңының 27-бабына және Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 27-бабына сәйкес Алматы қаласының әкімдігінің қаулысымен Алматы қаласында 118 тарихи-мәдени белгіленген. Олардың ішінде:

1. Боралдай обалар некрополи (қорымы), ескерткіштің түрі археология, орналасқан жері Боралдай елді-мекенінің оңтүстігі. Үлкен Алматы өзенінің сол жағалауы

2. Қорған, ескерткіштің түрі археология, орналасқан жері 20, 22 линиялар, Жандосов көшелері, 20-линия, 128 үй, Тәжібаева к-сі, 37

3. Қорған, ескерткіштің түрі археология, орналасқан жері ҚР ҰҒА-ның Бас Ботаникалық саябағы, ботаникалық саябақтың оңтүстігіне қарай 600м., оранжереядан оңтүстік-батысқа 200м, орталық саяжалдың оңтүстігі

4. Бұтақты-2 қонысы, ескерткіштің түрі археология, орналасқан жері Бұтақты шатқалының ішінде 7,6км., спорт кешенінен 1км. Батысқа қарай

5. Қимасар тұрағы, ескерткіштің түрі археология, орналасқан жері Қимасар асуы, Медеу шатқалы

6. Батыр Райымбек Хангелдіұлының (XVIII ғасыр) бейіті, ескерткіштің түрі қала құрылысы және сәулет, орналасқан жері Райымбек даңғылы, орталық зиратқа қарсы

7. Бұрынғы Әскери қамал – (бұрынғы Верный бекінісі, қазір - ҚР ҚМ «Қолдау» РМК өкілдігінің бөлімдері), ескерткіштің түрі қала құрылысы және сәулет, орналасқан жері Черкасск қорғанысы к-сі, 69а. (Қуратов, Тәтібеков, Жетісу, Станиславский көшелері), Кіші Алматы өзенінің сол жағалауы

8. Бұрынғы Верный обсерваториясы, Бредихин астрографы академик Г.А.Титовтың үйі және мұнарасы (қазір – Алматы облысының қоршаған ортаны қорғау басқармасының өкілдігі),

ескерткіштің түрі қала құрылысы және сәулет, орналасқан жері Амангелді к-сі, 89, Сейфуллин к-сі, 197, Абай даңғылы қиылысы

9. Бұрынғы Верный телеграфы (қазір – Қазақстан Республикасындағы Пәкістан елшілігі), ескерткіштің түрі қала құрылысы және сәулет, орналасқан жері Төлебаев к-сі, 25 Мақатаев к-сі қиылысы

10. «Арасан» емдеу-сауықтыру моншалар кешені (қазір – «Арасан» орталық сауықтыру орталығы). Сәулетшілер В.Т.Хван, М.К.Оспанов; инженерлер В.Чечелов, К.Төлебаев, ескерткіштің түрі қала құрылысы және сәулет, орналасқан жері Қонаев к-сі, 75 және т.б. бекітілген [4].

Алматы облысының жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізімін бекіту туралы Алматы облысы әкімдігінің қаулысына сәйкес Алматы облысында 1500-ден аса тарихи-мәдени ескерткіштер бекітілген. оның ішінде Жамбыл ауданында:

1. Бәрнеше Ұлы Отан соғысында қаза болған жауынгерлерге орнатылған обелиск

2. Ж. Жабаев бюсті, 1976 жыл, Жамбыл ауылы

3. Медетбек батыр ескерткіші, 2008 жыл, Жамбыл ауылы

4. А. Жамбылұлы бюсті, 2008 жыл, Жамбыл ауылы

5. Н. Тілендиев ескерткіші, 1999 жыл, Жамбыл ауылы

6. Наурызбай батыр кесенесі, 2006 жыл, Дегерес ауылы Бесбатыр тауында

7. Ү. Кәрібаевтың музей үйі, 1988 жыл, Үмбеталі ауылы, Кәрібаев көшесі, 63 үй

8. СССР-ң 50 жылдығына орай кеңес үкіметі күрескерлеріне орнатылған обелиск, 1967 жыл, Аққайнар ауылы (Прудки)

9. Сарыбай би бюсті, 1992 жыл, Қарасу ауылы

10. Сүйінбай Аронұлы кесенесі, 1996 жыл, Қаракастек ауылы

11. Сәмен батыр ескерткіші, 2005 жыл, Самсы ауылы

12. Бейіт, 19 қорғаннан құралған, ежелгі темір дәуірі, Ақсеңгір бекетінен оңға қарай 3,5 м жерде, Ақсеңгір өзені сол жақ жағалауында

13. Қорғандар, ежелгі темір дәуірі, Ақсеңгір бекетінен оңға қарай 8 км, Ақсеңгір өзенінің сол жақ жағалауында және көптеген ежелгі дәуірден қалған қорғандар [5].

Тарихи-мәдени сараптама жүргізудің ережесі (бұдан әрі - Ереже) «Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 19-бабы 7) тармақшасына сәйкес әзірленген және тарихи-мәдени мұра объектілеріне тарихи-мәдени сараптама жүргізудің тәртібін айқындайды. Тарихи-мәдени сараптама мәдени-мұра объектісінің тарихи-мәдени маңызын және сақталу деңгейін белгілеу мақсатында жүргізіледі.

Халықаралық және республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштеріне сараптаманың жүргізілуін тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану жөніндегі уәкілетті орган қамтамасыз етеді.

Тарихи-мәдени мұра объектілеріне немесе жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштеріне сараптаманың жүргізілуін қамтамасыз етуді облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органы қамтамасыз етеді [6].

Ата бабамыздың қалдырған мұраларын сақтап алу мақсатында Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы қабылданған. «Мәдени мұра» Мемлекеттік бағдарламасын Қазақстан Республикасы Президенті Н.Назарбаев бастауымен құрылған. 2003 жылы мемлекет Басшысы Қазақстан халқына Жолдауында Қазақстанның үлкен мәдени мұрасын, мемлекеттік тілде гуманитарлы білім қорын, тарихи-мәдени және сәулет ескерткіштерін қалпына келтіруді, ұлттық әдебиет пен жазудағы көпқасырлы тәжірибені біріктіруді зерттеудегі бірыңғай жүйе қалыптастыруға бағытталған бағдарлама жасауды бұйырды.

Бағдарламаны жүзеге асыру 2004 жылы басталған болатын және екі жылға есептелген. Кейін тағы екі кезең құрылды: 2007 жылдан 2009 жылға дейін және 2009 жылдан 2011 жылға дейін.

«Мәдени мұра» Мемлекеттік бағдарламасы мәдениетке деген мемлекеттік қозғалысын анықтаған рухани және білім беру істерінің даму саласындағы негізгі құжат, стратегиялық ұлттық жоба болып кетті. Мұншалықты үлкен жобаны іске асыруды ТМД елдерінің ішінде алғаш бастаған Қазақстан.

«Мәдени мұраның» мақсаты – елдің тарихи-мәдени мұрасын зерттеу, қалпына келтіру және сақтау, тарихи-мәдени дәстүрлерді қайтару, шет елде Қазақстанның мәдени мұрасын үгіттеу.

Бағдарламаның бағыттары:

- ұлттық мәдениетке ерекше маңызы бар тарихи-мәдени және сәулет ескерткіштерін қалпына келтіру;

- археологиялық зерттеулер және т.б.

2004 жылдан – бағдарламаны жүзеге асыра бастаған кезден – бастап тарих пен мәдениеттің 78 ескерткішінде реставрациялық жұмыстар бітірілген, олардың 28-і (35%) - 2008-2011 жылдары реставрацияланған.

Тәуелсіз Қазақстан тарихында алғаш рет еліміздегі ескерткіштердің масштабты инвентаризациясы өткізілді және республикалық (218 объект) және жергілікті (11 277 объект) маңызы бар тарих пен мәдениет ескерткіштерінің Тізімі қабылданды.

«Мәдени мұра» бағдарламасы Қазақстан тарихындағы теңдессіз гуманитарлы акция бола тұрып, қазақ халқының ұлттық рухани байлығын әлемге паш етті [7].

Бағдарламаның ең маңызды бағыттарының бірі оны жүзеге асыру барысында алынған, мәліметтерді жүйелендіру және тарихи-мәдени мұра объектілері орналасқан жерлердің құқықтық жағдайын жақсарту болып табылады. Тарихи-мәдени объектілер орналасқан жер учаскелерін пайдалану, қорғау қатынастарын реттейтін нормалардың жүйесін жетілдіруіміз өажет. Сонымен қатар, ата-бабамыздың даналығымен жасалған ескерткіштерді әлемдік деңгейде танытып, еліміздің туризм саласын дамытуға болады. Ал бүгінгі күні тарихи-мәдени мақсатқа арналған жерлер қатынастары бойынша реттейтін заңнама актілерінің аздығы үлкен мәселе болып отыр. Сол үшін тарихи-мәдени мұраларымызді қорғау үшін жүйеленген нормативтік акт қабылдауымыз қажет. Ұлы қазақ даласында өмір сүрген және өмір сүріп жатқан халықтың мәдени игілігін сақтау басты мақсат болу керек, себебі кешегіден қалған тарихи мұралар ата-бабамыздың қалдырған асыл қазынасы, сондықтан ол жер учаскілерін әрбір азамат қорғап, қастерлеу қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1. Қазақстан Республикасының Конституциясы.*
- 2. Қазақстан Республикасының Жер кодексі Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы №442 Кодексі.*
- 3. Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы/ Қазақстан Республикасының 1992 жылғы 2 шілдедегі №1488-ХІІ Заңы.*
- 4. Алматы қаласының жергілікті маңызы бар Тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізімін бекіту туралы Алматы қаласы әкімдігінің 2010 жылғы 10 қарашадағы №4/840 қаулысы. Алматы қаласы Әділет департаментінде 2010 жылғы 9 желтоқсанда №864 тіркелген.*
- 5. Алматы облысының жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізімін бекіту туралы Алматы облысы әкімдігінің 2010 жылғы 27 сәуірдегі №53 қаулысы. Алматы облысының Әділет департаментінде 2010 жылы 07 маусымда №2052 тіркелген*
- 6. Тарихи-мәдени сараптама жүргізудің ережесін бекіту туралы Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрінің 2007 жылғы 20 тамыздағы №219 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2007 жылғы 14 қыркүйекте Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне №4933 болып енгізілген.*
- 7. <http://www.madenimura.kz/kk/government-program-madenimura/programs-madenimura/>.*

Шарипов Ш.М.

Қазақ ұлттық аграрлық университеті, «Құқық» кафедрасының профессоры,
з.ғ.к., Алматы Djamilya.Ospanova@kaznu.kz

Укибаева Қ.Е.

Қазақ ұлттық аграрлық университеті, «Құқық» кафедрасының оқытушысы, заң ғылымының магистрі,
ukibaeba@mail.ru azizkhan_0606@mail.ru

ҚЫЛМЫСТЫҚ ПРОЦЕСТЕГІ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕР

***Резюме.** В статье авторы отмечая положительные результаты проводимых в стране судебно-правовых реформ постарались показать их отражение в развитии уголовного процесса. Вместе с тем, авторы полагают казахстанский уголовный процесс излишне загруженным и критикуют вопросы внедрения в него элементов оперативно-розыскной деятельности, что может отрицательно сказаться на демократические и состязательные основы уголовного процесса.*

***Summary.** In the article the authors, noting the positive results of judicial and legal reforms conducted in the country, tried to show their reflection in the development of the criminal process. At the same time, the authors believe that the Kazakhstani criminal process is overly busy and criticizes the introduction of elements of operational search activity into it, which can adversely affect the democratic and adversarial foundations of the criminal process.*

Тәуелсіздік жылдары Қазақстанның қылмыстық және қылмыстық-процестік заңнамасы кезең-кезеңмен жүргізіліп жатқан реформалар аясында бірнеше рет жаңаланды. Атап айтқанда, 1997 жылға дейін өтпелі кезеңге сай, ҚазақССР-і кезінде қабылданған кодекстер қолданыста болып, соның ішінде қылмыстық және қылмыстық процессуалдық кодекстер бойынша тергеу және сот істері жүргізіліп жатты.

13 желтоқсан 1997 жылы Қазақстан Республикасының қылмыстық-процессуалдық кодексі қабылданып, ол 2014 жылға дейін қолданыста болды.

Қазіргі уақытта анығырақ айтсақ, 2015 жылдан бастап, міне үш жылдан аса 2014 жылы қабылданған қылмыстық процессуалдық кодекс бойынша қылмыстық сот өндірісі жүргізілуде. Оғанда осы қысқа мерзім ішінде 18 рет өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

Осы жылдары ішінде конституциялық және сот-құқықтық реформалармен тергеуді сот пен прокуратурадан бөлектеу (1995-1997 жж. Мемлекет Тергеу Комитеті қызмет атқарды) сот істерін қарауда қарапайымдылау, процесстік үнемдеу, сот сатыларын онтайландыру, сот жүйесін біркелкілендіру, оны мамандандыру, қылмыстық процесстік репрессивтік мәнін азайту, т.б. қомақты іс-шаралар жүзеге асты. Әрине, мұнда өз тәжірибемізден қоса жетілген шет мемлекеттердің қол жеткен жетістіктері мен адам құқығын қорғаумен байланысты әлемдік стандарттарға да ұмытылыстың болғаны анық.

Оған дәлел, Қазақстан тәуелсіз мемлекет ретінде халықаралық қауымдастықпен мақұлданған бірнеше Конвенцияларға, халықаралық шарттар мен құжаттарға тұрып, негізгі заңы – Конституциясында баянды еткен демократиялық, құқықтық мәртебелі мемлекетті қалыптастыру үрдісін жалғастыруда.

Сәйкесінше, қылмыстық және қылмыстық-процесстік заңнаманы ізгілендіру, репрессивтік мәнін төмендету, осылайша процесстің неғұрлым демократиялық бастамаларын күшейту қарастырылды.

Дегенмен, түрлі тәжірибені имплементациялау барысы әркез сәтті жалғасты деуге болмас. Бір жағы саотты барынша тәуелсіз ету, қылмыстық қудалауды бейтараптау, прокурорлық қадағалауды тиімділеу мен қорғау мен айыптаудың теңдігін қамтамасыз ету дұрыс болғанымен, кейбір жағдайда, қылмыстық процесте керексіз нәрселерді қабаттастыру дұрыс болмаған сияқты.

Атап айтқанда, қазіргі «Жедел-ізвестіру қызметі туралы», Заңымен реттеліп келген, жедел-ізвестіру іс-шараларын қылмыстық-процесстік заңға жасырын тергеу әрекеттері атауымен трансформациялау орын алды. Айта кетерлік маңызды тұсы, бұл әрекеттер арнаулы орталықтармен азаматтардың тікелей конституциялық құқықтары мен бостандықтарына қол сұғу арқылы іске асырады. Осылайша, қылмыстық процессті барынша трансферентті (ашық), демократияландыру үрдістерімен қол жеткен жетістіктерге нұқсан келеді. Кезінде мемлекеттік тергеу комитетін құрып, оның жойылуына бірден-бір себепші тергеу мен жедел-ізвестіру қызметтерін бір органға біріктіру болғаны, ендігері тарихтан әйгілі.

Бұл ескі қызметтің тергеу мен жедел-ізвестірудің реттеуші нормативтік көздегі бөлек, іске асыру әдістері басқа, тіпті кейбір жағдайларда қиыспайтын тұстарымен ерекшеленетіндігін ескерсек,

қылмыстық процесстік заңды жедел іздестіру шараларымен тергеу әрекеттерінің ара-жігі бұрынғыша ажыратылып, әрқайсысының өз жолымен жүргендігі абзал.

Қылмыстық процестің міндеттері мен конституциялық негіздерінің жаңаша форматы ойластырылды. Мұнда тергеуге бейтараптық талабы қойылса, сот талқылауының әділ жүргізілуіне нұсқалды. Сондай-ақ негізсіз айыптау мен соттардан қорғау және ақтау, құқыққа құрметпен қарауды қалыптастыру міндеттері көздейді.

Ата Заң – Конституцияда баянды етілген қағидаттар негізінде жаңарған қазақстандық қылмыстық процестің ережелері қалыптастырылды. Солардың қатарында: кінәсіздік презумциясы; соттылықтың кепілдіктері; заңсыз әдістермен алынған дәлелдемелерге жол берілмеді; өзіне және жақындарына қарсы куәлік беруден босату; заңның адамның жағдайын ауырлататын кері әсеріне тиым салу; сотта әркімнің өзін тыңдата алу құқығы, т.б. сөзсіз қылмыстық процесті демократияландыру үрдістерінен.

Қылмыстық сот істерін қарауға алқабилерді (присяжный заседатель) қатыстыру сот билігін халықтандыру, яғни ел өкілдерімен бірге сот төрелігін жүзеге асыру іске асты. Сонымен, модельденген-алқабилердің қатысуы – ар-ождан соты, кәсіби судьямен біргелікте, аса ауыр қылмыстарға қатысты істердің тағдырын шешумен байланысты болды. Сот жүйесі де осыған ынғайланып, мамандандырылған ауданаралық қылмыстық істері бойынша соттар ұйымдастырылды.

Тәуелсіздік жылдары ішінде сот жүйесінде бірнеше дүркін реформалаудан (жаңалаудан) өтті. Нәтижесінде, соттарды мамандандыру, сот сатыларын (инстанцияларын) бірыңғайлау, сот тәуелсіздігінің кепілдіктерін нығайту, т.б. іс-шаралар іске асты. Қазіргі уақытта үш сатылы: аудандық, облыстық және ҚР Жоғарғы Соты, сәйкесінше бірінші, апелляциялық және кассациялық тәртіптерде істерді қарайтын болды.

Сот жүйесін мамандандыру сот істерін қараудың сапасы тиімділігін арттырды, жергілікті соттардың жүгін жеңілдетті. Мамандандырылған экономикалық, кәметке толмағандардың істері бойынша, қылмыстық істері бойынша, әскери, әкімшілік істері бойынша соттардың легі пайда болды.

Қылмыстық процеске қатысушылардың құқықтары мен заңды міндеттері барынша қарастырылып, олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағытындағы іс-шаралар ойластырылды.

Процестік мәжбүрлеу шараларының да аясы кеңейтіліп, халықаралық стандарттармен үйлестірілді. Солардың қатарында кепіл, ұйқамак, жақындауға тиым салу, т.б. айтуға болады.

Қылмыстық процеске қылмыстылықпен күресуге байланысты превентивтік міндетте пайда болды. Яғни, ондайдың алдын алудың маңыздылығы ерекше аталды.

Іс жүргізушілер: анықтаушы, анытқама органы, тергеуші прокурор және сот нақты қылмыстық істер бойынша жасалған қылмыстардың себептерін әсіресе оларға оңтайлы болған мән-жайларды анықтау арқылы, тиісті органдар мен лауазымды және заңды тұлғаларға ұсыныс, ал сот жеке қаулы енгізу арқылы, олардан аталған себептерді жою, қылмыстылыққа қарсы тұру шараларын жүзеге асыруды талап ете алады.

Қылмыстық процесстік кодексте қылмыстың процестің өзін қоса, қылмыстылықпен күрестің құралдары ретінде: жедел-іздестіру және қарсы барлау қызметін көрсетеді.

Жоғарыда көрсетілгендей, қылмыстық процестің репрессивтік мәнін азайту шараларының нәтижесінде күдікті ретінде ұстаудың мерзімі ересектер үшін 72-ден 48 сағатқа, кәметке толмағандар үшін 24 сағатқа кемітілді. Ал, 72 сағатқа ұстауға негіздер нақтыланды. Олардың қатарында: аса ауыр қылмыс; террористік немесе экстремистік қылмыстар; жаппай тәртіпсіздіктер кезіндегі қылмыс; қылмыстық топтың құрамында жасалған қылмыс; есірткі заттарының заңсыз айналымына байланысты, кәметке толмағандарға қарсы жыныстық қатынастық, сондай-ақ кісі өліміне әкеп соққан қылмыстар; т.б. қатысты күдікпен 72 сағат ұстауға рұқсат етілді.

Бұлтартпау шаралары мен тергеу әрекеттерін санкциялау толықтай соттар құзырына өткізілді. Кепіл, мәжбүрлеп куәландыру және үлгілерді алу, сондай-ақ мүлікке тоқтам алу тек соттың санкцияларымен іске асатын болды.

Қылмыстық процеске медиация (татуластыру) институты пайда болып, сәйкесінше жаңа процесстік тұлға – медиатор енгізілді. Бұл да процестің репрессивтік мәнін азайтумен байланысты болды.

Сондай-ақ қылмыстық іс-жүргізуде процесстік келісім қолданылатын болды. Оның екі түрі: 1) кінәні мойындату туралы мәміле; 2) ынтымақтастық туралы процесстік келісім қарастырылды[1]. Қылмыстық процесті тиімдеу мен үндеу орын алды. Яғни істерді тергеу мен сотта қараудың қысқартылған нысандары ойластырылып, олардың жалпы тәртіппен ерекшеленетін тұстары, атап айтқанда, мерзімдік құралдық, іс-шараларын ықшамдай тиімдеу қарастырылады. Қазір хаттамалық нысанда іс жүргізу 3 тәуліктен аспайтын, ал сотта 15 тәуліктен аспайтын; бұйрықтық өндірістік

бойынша тергеуі 5 тәуліктен аспайтын, ал сотта 3 тәуліктен аспайтын; жеделдетілген сотқа дейінгі тергеу – 15 тәуліктен аспайтын, ал сотта – 10 тәуліктен аспайтын мерзім ішінде қаралатындығы көзделеді[2].

Халықаралық қауымдастық толыққанды мүшесі ретінде Қазақстан шетелдермен түрлі салаларда қарым-қатынаста болып келді. Солардың қатарында қылмыстылыққа, әсіресе оның ұйымдасқан нысандарына, қауіптілігі елеулі –терроризм, экстремизм және есірткі заттарын тарату, адам саудасы сияқты қылмыстарға қарсы тұру іс-шараларын бірлесіп ойластыру, жүзеге асыру, тәжірибе алмасу, қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек көрсету, экстрадициялау, т.б. қамти бұл бағыттағы халықаралық ынтымақтастықты нығайтып келеді.

Дегенменде, түрлі тәжірибені имплементациялау барсы әркез сәтті жалғасты деуге болмайды. Бір жағы сотты барынша тәуелсіз ету, қылмыстық қудалауды бейтараптау, прокурорлық қадағалауды тиімдеу мен қорғаумен айыптаудың теңдігін қамтамасыз ету дұрыс болғанымен, кейбір жағдайда, қылмыстық процесте керексіз нәрселерді қабаттастыру дұрыс болмаған сияқты.

Атап айтқанда, ішіндегі «Жедел-іздігі қызметі туралы» Заңмен реттеліп келген, жедел-іздігі іс-шараларын қылмыстық-процестік заңға «жасырын тергеу әрекеттері» атауымен трансформациялау орын алды. Айта кетерлік маңызды тұсы, бұл әрекеттер арнаулы органдармен азаматтардың тікелей конституциялық құқықтары мен бостандықтарына қол сұғу арқылы іске асады. Осылайша қылмыстық процесті барынша трансферентті (ашық) демократияландыру үрдістерімен қол жеткен жетістіктерге нұқсан келеді. Кезінде мемлекеттік тергеу комитетін құрып, оның жойылуына бірден-бір себепші тергеу мен жедел-іздігі қызметтерін бір ортаға біріктіру болғаны, ендігері тарихтан әйгілі.

Бұл екі қызметтің тергеу мен жедел-іздігі реттеуші нормативтік көздері бөлек, іске асыру әдістері басқа, тіпті кейбір жағдайларда қиыспайтын тұстармен ерекшеленетіндігін ескерсек, қылмыстық процестік заңды жедел-іздігі қызметімен «қоректендірудің» қаупі де бар сияқты. Сондықтан жедел-іздігі шараларымен тергеу әрекеттерінің ара-жігі бұрынғыша ажыратылып, әрқайсысының өз жолымен жүргізілгені абзал.

Сондай-ақ, қылмыстарды сотқа дейінгі тергеу-тексеру органдарының (сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметті қоспағанда), процессуалдық дербестігі мен тәуелсіздігі жеткілікті деуге әлі де бола қоймас. Ведомствалық бағыныштылық олардың: ПО, ҰҚО, экономикалық қылмыстарды тергеу қызметінің (кіріс министрлігіне) қызметінде жоқ емес, бар.

Сондықтан, тергеудің шынайы дербестігін және тәуелсіздігін қамтамасыз ету мақсатында, тергеушілердің басын біріктіріп бөлек органның болуы жөніндегі пікірдің өміршеңдігі айқын.

Тергеу органдарының қызметіндегі кемшіліктері: қылмыстардың ашылмаған бөлігінің жылдан жылға азаймады, тергеушілердің кәсібилігінің ақсауы, сәйкесінше қылмыстарды тергеудің сапалылығының төмендігі осы органдарға бәсекелестік негізде жеке іздеу (частный сыщик), заманауи тілде айтқанда детективтік қызметті енгізуге мензейді.

Елбасы – ҚР Президенті өзінің соңғы жылдарындағы қазақстан халқына жолдауында детективтік қызметтің жобасын әзірлеп, бұл туралы заң қабылдауды қажеттігіне нұсқағанын ескертсек, мұндай үдерістің жеделдетілгені дұрыс.

Дамуы тек алға жылжу, ілгерлеу мақсатымен ұйымдасқан Қазақстан Республикасының қылмыстық процесін неғұрлым модернизациялау, сәйкесінше құқықтық және демократиялық мемлекеттің стандарттарына жеткізу бүгінгі күннің міндеті.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. *Комментарий к Уголовно-процессуальному кодексу Республики Казахстан // под ред. М.Ч. Когамова. – Алматы: Жеті-Жарғы. 2015.*

2. *Төлеубеков Б.Х. Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік құқығы. Дәрістер курсы. –Алматы. 2016-384 б.*

Ондашұлы Е.

Заң ғылымдарының магистрі, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың заң факультетінің, мемлекет және құқық теориясы мен тарихы, конституциялық және әкімшілік құқық кафедрасының аға оқытушысы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ АҚПАРАТ ҚҰҚЫҚТАРЫН КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ЗАҢДЫҚ РЕТТЕУ

Түйін. Мақалада ақпарат құқықтары ХХ ғ. аяғы мен ХХІ ғ. басында болған ақпараттық революцияның әсерінен туындап заманауи конституциялық құқық ретінде қарастырылады. «Цифрлық дәуір» қазақ қоғамына да әсер еткеніне байланысты, құқықтық қатынастардың жаңа ақпараттық түрі пайда болды. Қазақстан Республикасының ұлттық заңнамасында ақпарат алу құқығының мекемесінің пайда болуы мен қалыптасу тарихы айқындалған. Осы құқықтың сипаты мен құрамы туралы қазіргі заманғы ғылыми көзқарастар мен пікірлер қарастырылады. Қазақстан Республикасының 1993 және 1995 жылғы Конституциясындағы ақпарат алу құқығының конституциялық-құқықтық реттеуі талданған.

Түйінді сөздер: ақпарат алу құқығы, ақпараттық қоғам, ақпарат құқықтарын конституциялық және заңдық реттеу.

Резюме. В статье рассматривается право на информацию как важное современное конституционное право, возникшее и актуализированное под влиянием информационной революции кон. ХХ – нач. ХХІ столетия. Отмечается, что «цифровая эра» затронула и казахское общество, в связи с чем оформился новый вид правоотношений – информационные. Отслежена история возникновения и становления института права на информацию в национальном законодательстве Республики Казахстан. Рассмотрены современные научные подходы и взгляды на природу и состав правомочий данного права. Проанализировано конституционно-правовое регулирование права на информацию в Конституциях РК 1993 и 1995 гг.

Ключевые слова: право на информацию, информационное общество, правомочия права на информацию, конституционно-правовое регулирование права на информацию.

Summary. The article deals with the right to information as an important modern constitutional law that arose and was actualized under the influence of the information revolution. ХХ - beg. ХХІ century. It is noted that the "digital era" also affected the Kazakh society, in connection with which a new type of legal relations - information ones - took shape. The history of the origin and formation of the institution of the right to information in the national legislation of the Republic of Kazakhstan is traced. Modern scientific approaches and views on the nature and composition of the powers of this right are examined. The constitutional-legal regulation of the right to information in the Constitution of the Republic of Kazakhstan in 1993 and 1995 is analyzed.

Key words: right to information, information society, right to information, constitutional legal regulation of the right to information.

ХХІ ғасырдағы әлемдік өркениеттің ақпараттық қоғамға өтуінің динамикалық процестері, оның кең ауқымды ақпараттық алмасуы, жаһандық ақпараттық жүйелердің таралуы және ақпараттық технологиялардың қоғамдық өмірдің барлық салаларына енуі, осы саладағы құқықтық қарым-қатынастың жаңа түріне және заңның жаңа саласына – ақпарат құқықтарына алып келді. «Цифрлық дәуірдің» трансұлттық және ұлттық деңгейде әсерін тигізуінің нәтижесінде, адамзат өміріндегі жаһандық өзгерістер ғылыми-теориялық талқылауды жүзеге асыруды, сондай-ақ қазіргі жаһандық үдерістерді реттейтін қолданыстағы нормативтік-құқықтық базаны қайта қарауды өзектендірді. Қазақ мемлекеті, осы жаһандық үдерістерге бей-жай қарамай, оның талаптарын, оның ішінде құқықтық саладағы талаптарын қабылдады. Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 16 наурыздағы № 573 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық ақпараттық инфрақұрылымын қалыптастыру және дамытудың мемлекеттік бағдарламасында мемлекет, ұйымдар мен жеке тұлғалардың құқықтарын нығайтатын нормативтік құқықтық қолдау саласындағы нормативтік құқықтық актілер қабылданды [1].

«Ақпарат – адам дамуының, азаматтық қоғамның қалыптасуы мен мемлекеттік басқару тетігінің жұмыс істеуінің іргелі ресурсы болып табылады»[2, 3-6] деген Ю.А. Нисневичтің пікірімен келіспеу мүмкін емес. Ақпараттық құқық саласындағы мамандар қазіргі заманғы мемлекеттің адам құқықтары мен бостандықтарын нақты кепіл беру мен қорғау үшін міндетті шарт ретінде ақпараттың еркіндігін (кең түсініктемеде) азаматтық қоғамның негізгі сипаттамаларының бірі ретінде қарастырады[3,4]. Жатқанбаева А.Е. халықты ақпараттандыру мен коммуникациямен қамтамасыз етудегі мемлекеттің маңызды рөліне назар аударады, осыған байланысты ғылыми қауымдастықта мемлекеттің жаңа ақпараттық қолдау көрсету функциясы туралы түсінік пайда болды [5, 65-6]. Афанасьева О. адамның және азаматтың жеке, саяси, әлеуметтік және өзге де құқықтары мен бостандықтары жүзеге

асырылатын құқықтар мен бостандықтарды қамтамасыз ету жүйесінің бірігу элементі ретінде ақпарат алу құқығының ерекше маңыздылығын атап өтеді [6].

Осылайша, ақпарат алу құқығы заманауи демократиялық ақпараттық қоғамдағы ең маңызды конституциялық құқықтардың бірі болып табылады.

Жоғарыда аталғандай Қазақстан Республикасындағы ақпарат құқықтарын конституциялық және құқықтық реттеу мәселесі ғылыми эзирлеуді дамыту үшін өзекті және перспективті болып табылады.

ТМД аумағында тақырыптың әртүрлі аспектілерін О. Афанасьева, И.Л. Бачило, А.Е. Жатқанбаева, А.Т. Ибрагимов, А.В. Малько, А.В. Минбалеєв, Е.В. Мицкая, Ю.А. Нисневич, Д.В. Огородов, М.А. Погорелова, Д.А. Савельев, Р.М. Сеитова, П.С. Скопец, В.С. Хижняк, С.Н. Швердяев және т.б. өздерінің зерттеулерінде көтерген болатын.

Осы мақаланың мақсаты - Қазақстан Республикасындағы ақпарат құқықтарын конституциялық және құқықтық реттеу тұрғысынан зерттеу.

Мақалада көтерілген мәселені ашу үшін ақпарат алу құқығының құқықтық сипатын қарастырған жөн. Арнайы ғылыми әдебиетте осы мәселе бойынша жалпы қабылданған түсінік жоқ.

Осылайша, қазіргі уақытта ақпарат алу құқығының құқықтық сипатына қатысты екі ғылыми көзқарас көріне бастады. Олардың біріне сәйкес ақпарат алу құқығы - құқықтық мүмкіндіктерге, халықтың «үкіметтік ақпараттарға» қол жеткізу өкілеттіктеріне (мемлекеттік органдардың өкілеттіктерін жүзеге асыруға байланысты туындайтын ақпарат) негізделген айрықша құқық. Екінші көзқарас ақпарат құқығы институтін кешенді субъективті адам құқығы ретінде қарастырады, оның негізі ақпаратпен (қабылдау, беру, өндіру және тарату, яғни ақпаратпен еркін жұмыс істеу) кез-келген іс-әрекетті еркін жүзеге асыра білу. Кейбір жағдайларда мұндай көзқарас еркін ойлау мен наным-сенім бостандығын, сөз бостандығы және бұқаралық ақпараттың еркіндігі сияқты ақпараттық қатынастар саласындағы басқа да субъективті құқықтарды осы құқықтың «сіңіріп алу» мүмкіндігін қарастырады. Жатқанбаева А.Е. осы көзқарастарды талдай отырып, ақпараттық құқықтарды ақпарат көздеріне негізделіп бөлу тәсілімен келіспей (бірақ олардың ерекшеліктерін ескере отырып), ақпараттық құқықтарды жан-жақты қарастыру керек деп санайды [7, 63-6]. С.Н. Швердяев конституциялық ұйғарымның белгісіздігі мен анықталынбағандығы үшін (Ресей Федерациясының Конституциясының мәтінінде қолданылған) ақпарат алу құқығының сипаты мен мәні туралы әртүрлі көзқарастардың бар екендігін көрсетеді [8].

Ақпарат алу құқығының мәніне қатысты қазіргі заманғы ғылыми түсініктердің спектрі осы құқыққа кіретін өкілеттіктер құрамының негізінде шартты түрде тар және кең көзқарастарға бөлуге болады. Тар ауқымдағы түсіндіруге келетін болсақ ақпарат алу құқығына тек ақпаратқа қол жеткізу мен алу кірсе, ал кең ауқымда түсіндіру оған ақпаратқа немесе онымен жұмыс істеуге бағытталған барлық субъективті құқықтарды кіргізеді. Бұл тұрғыда, Огородова Д.В-ның «тіпті тар тұрғыда алсақ ақпарат алу құқығы біртұтас болмайды, өйткені ол жеке қатынастар шеңберінде (әкімшілік, азаматтық, еңбек және т.б.) айтарлықтай өзгереді», деген пікірі дұрыс болып көрінеді [9, 6-6].

Ақпарат алу құқығының табиғаты, мәні және құрамы туралы пікірлердің екіұштылығы төмендегі ғылыми көзқарастарда айқын көрінеді. Лисицына Е.С. ақпарат алу құқығын ақпаратқа қол жеткізу құқығы (іздеу жыне алу) мен ақпараттық қызмет құқығының (өндіру, тарату және сақтау) синтезі ретінде қабылдап, оларды белгілі бір ақпарат иеленушінің құқықтық мәртебесі негізінде бөлуді ұсынады. Сонымен қатар, автор ақпарат алу құқығын адамның және азаматтың кешенді конституциялық құқығы ретінде қарау пікірін ұстанады [10]. Азаматтарға ақпараттық қызмет көрсету теориясын В.Н. Монахов ұсынған болатын. Оның аясында ғалым азаматтардың негізгі ақпараттық құқықтары мен міндеттерінің кешенді мемлекеттік-құқықтық институты туралы баяндайды. Сонымен қатар, ақпараттық құқықтар институты ақпаратты алу құқығын (алу және пайдалану) және ақпаратты қорғау құқығын қамтиды [11].

Ғылыми қауымдастықта конституциялық құқықтар жүйесіндегі ақпарат алу құқығына ортақ көзқарастар орын таппайды. Бірқатар ғалымдар оны саяси құқықтар жүйесіне қосып, жеке құқықтарына сілтеме жасау мүмкіндігін ескере отырып ұсынуды қолдайды [12,13]. Басқа авторлар оны тек жеке құқық ретінде қарастырады, өйткені ол әлеуметтік өмірдің барлық салаларына әсер етеді [14,15].

Көріп отырғанымыздай, заманауи ғылымдағы ақпарат алу құқығының мәнін түсінуде бірлік пен айқындық жоқ. Осы мақаланың шеңберінде біз бұл жағдайды екі негізгі себеппен түсіндіруге тырысамыз. Біріншіден, бұл ұғым құқықтық тәжірибеде ХХ ғасырдың аяғынан бастап пайда болды, сондықтан осы мәселе бойынша ғылыми пікірталас қарқынды дамып келеді. Ақпарат

алу құқығының теориясы үнемі жаңа тәсілдер, тұжырымдамалармен дамып және толықтырылып келеді. Екіншіден, зерттеу объектісі өте күрделі, көп қырлы және өзгерістерге ұшырайды, бұл әсіресе жеке ұлттық заң ғылымы аясында оның интегралды ғылыми және теориялық көрінісін қалыптастыруды қиындатады (мысалы, он бес-жиырма жыл бұрын, ақпараттық құқық контексінде Интернетте құқықтық түсіндіру мәселесі іс жүзінде көтерілмеді, ал бірақ бүгінде көптеген ғылыми зерттеулердің объектісі болып келе жатыр).

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, осы мақалада ақпарат алу құқығы ақпаратты іздеу, алу, өндіру, беру, тарату және қорғау бойынша өкілеттіктердің жиынтығын қамтитын күрделі ұғым ретінде қарастырылатынын айқындадық; адамның және азаматтың ортақ құқықтан туындаған ақпаратқа негізделген конституциялық құқығы, оны іске асыру заңнама арқылы заң жүйесінде мүмкін болады.

Айта кететін жай, Қазақстан Республикасында ақпарат алу құқығының конституциялық және құқықтық шоғырлануына белгілі бір алдын-ала жазылған тарихы бар.

Барлығымыз білетіндей, кеңестік заңнамада тәуелсіз конституциялық құқық ретінде ақпарат алу құқығы қатаң идеологиялық және саяси себептерге байланысты болмады. КСРО-ның конституцияласында, сондай-ақ Одақтық республикалардың конституцияларында ол мүлдем белгіленбеген (1950-ші жылдардың ортасына дейін) немесе формальды шектеулі «қысқартылған» нысанда болды (баспасөз еркіндігі және мәдени құндылықтарға қол жеткізу еркіндігі сияқты). Осылайша, 1978 жылы Қазақ КСР-нің Конституциясында азаматтардың ұлттық және әлемдік мәдениеттің жетістіктеріне қол жеткізуге кепілдік беретін сөз бен баспасөз еркіндігі (саяси бостандықтар) (48-бабы) мен нормативтеріне кепілдік беретін нормалар болды (44-бабы) [16, 42-б]. Ақпарат алу құқығының заңды түрде бекітілген тұжырымдамасының пайда болуы (тіпті тар тұрғыдан алғанда) Қазақстан Республикасы «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» ҚР Заңы бойынша 05.06.1991 ж., 11-бабы тұтынушылардың өнім туралы ақпарат алу құқығына арналған [17]. Осы мәселені егжей-тегжейлі зерделеген Р.М.Сеитова, Қазақстан Республикасындағы экономика саласындағы ақпарат алу құқығы туралы заң шығарудың кездейсоқ емес екендігін және тәуелсіздік таңында өркениетті әлем мен нарықтық экономикада маңызды прогрессивті өзгерістермен байланысты екенін атап көрсетеді [18]. Толыққанды конституциялық құқық ретінде ақпарат алу құқығын бекіту үшін тең дәрежеде болатын 1991 жылғы 28 маусымдағы «Баспасөз және бұқаралық ақпарат құралдары туралы» Қазақ ССР Заң нормалары болды. Осы Заң Қазақ КСР-і Кеңес Конституциясының уақытында сөз бостандығы мен баспасөз тұжырымдамасының заңды мазмұнын кеңейтіп, толықтырды, ақпарат алу құқығын жүзеге асыру тетігін тиімді қамтамасыз етіп, сонымен қатар алғаш рет цензураның бұқаралық ақпаратқа жол бермеуі туралы ережені қамтыды [19, 390-б]. Осылайша, өткен ғасырдың 90-шы жылдарының басында ұлттық құқықтық жүйедегі ақпарат алу құқығын одан әрі конституциялық және құқықтық нығайту үшін заңнамалық негіз әзірленді.

Қазақстан Республикасындағы ақпарат құқығын конституциялық-құқықтық реттеу 1993 жылғы алғашқы тәуелсіз Конституцияны қабылдаудан басталды. Мемлекеттің осы құқықтың маңыздылығын мойындауына ресми түрде куәландырған негізгі заңдағы ақпарат алу құқығын конституциялық дәрежеде бекітуі болды. Атап айтқанда, 11-бап азаматтардың «... ақпаратты таңдаудың кез-келген заңды әдісі арқылы алуға және таратуға» құқығын белгілейді және 10-бапта азаматтардың «... сөз бостандығына, нанымына және еркін пікір білдіруге құқығы бар. Ешкім өз нанымдарын мәжбүрленіп білдіруге немесе өз нанымдары үшін қудалануға ұшырамайды» [20]. Айта кету керек, бұл құқықтарды заң шығарушы азаматтық құқықтар мен бостандықтар санына жатқызды, бұл олардың «табиғи» заңды сипатын, яғни идеологиялық конъюнктурадан және саяси режимнен босаған абсолютті, ажырағысыз сипатын мойындауды білдірді. Р.М. Сеитованың пікірі бойынша 1993 жылғы конституциялық ережелер «ақпарат құқығының мазмұнын нақтылау және ақпараттық құқық саласындағы құқықтық хабардарлықты одан әрі дамытуға үлкен ықпал еткен» [21].

20-баптың 2-тармағында адамның және азаматтың заңмен тыйым салынбаған кез келген тәсілмен ақпаратты еркін алуына және таратуға құқығы бар [22]. Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесімен 2015 жылы берілген мақалаға арналған ғылыми-практикалық түсініктемеде мақаланың мәтінінен туындайтын ақпаратқа монополияның мүмкін еместігі туралы айтылады [23]. Ұлттық қауіпсіздікті ескере отырып, осы бапта заң шығарушы мемлекет құпиясы болып табылатын ақпараттарды пайдаланудың шектеулі мүмкіндіктерін қарастырды. Осы ақпараттың тізімі 1999 жылғы 15 наурыздағы «Мемлекеттік құпиялар туралы» Заңда қамтылған. Айта кету керек, бұл шектеулер мемлекеттік биліктің ашықтығы мен жариялылығының халықаралық қағидаттарына қайшы келмейді және қазіргі Батыс ғылымында басым «еркін ақпараттық ағын» теориясына да қайшы келмейді. Мысалы, Канадада, 11 қыркүйектегі қайғылы оқиғалардан кейін, Бас

прокурор халықаралық қатынастар мен ұлттық қауіпсіздік салаларына қатысты ақпаратқа тыйым салу құқығын алды. 20-баптың 3-тармағында сөз бостандығының шектеулері мен ақпаратты еркін алу және тарату құқығы белгіленген. Елдің тұтастығына және оның конституциялық жүйесіне зиян келтіретін қауіпті түрлердің тізбесі келтірілген.

Сондай-ақ, сол мақалада сөз бостандығы Конституциялық Кеңесінің шешімі бойынша кешенді сипатта және «ақпарат алу құқығымен тікелей қатынаста» [24]. Диалектикалық қарым-қатынас айқын: ақпарат құқығы, сөз бостандығы мен шығармашылықты жүзеге асырудың негізгі құралдарының бірі болып табылады; өз кезегінде, ақпараттық құқықтар мен бостандықтар шығармашылық қызметтің және әлеуметтік-саяси плюрализмнің көзі бола алады деген бағамен келіспеуіміз қиын.

Ақпарат құқығының конституциялық-құқықтық реттеуінің маңызды құралы - бұл цензураға тыйым салу (Конституцияның 1-бабы, 20-бабы). Бұл ереженің практикалық маңызы ел тұрғындарының ең алдымен бұқаралық ақпарат құралдары мен Интернеттегі оқиғалар туралы сенімді ақпараттарды алудың нақты мүмкіндігі. Бұл ереже мемлекеттің, қоғамдық ұйымдардың және бұқаралық ақпарат құралдарының «әрбір азаматқа оның құқықтары мен мүдделерін қозғайтын құжаттармен, шешімдермен және ақпарат көздерімен танысуға мүмкіндік беру туралы» 18-баб 3-тармағымен байланысты болады [25].

Қорытындылай келе, ақпарат құқығының жоғарыда аталған конституциялық-құқықтық ережелері кейінгі жылдары Қазақстан Республикасының арнаулы және салалық заңнамасында олардың одан әрі дамуына орын тапты. Дегенмен, ақпарат беру құқығының жетілдірілуі сол жерде аяқталмайды. Ақпараттық қатынастарды дамытудағы жаңа ашулар мен үрдістер олардың нормативтік қолдауын және жаңа ғылыми-теориялық зерттеулерді әрі қарай дамытуды қажет етеді.

Әдебиеттер:

1. Указ Президента Республики Казахстан от 16 марта 2001 г. № 573 О Государственной программе формирования и развития национальной информационной инфраструктуры Республики Казахстан (с изменениями, внесенными Указом Президента РК от 21.11.03 г. № 1232) [Электронный ресурс]. URL: https://online.zakon.kz/document/?doc_id=1022089#pos=1;-179 (дата обращения: 01.02.2018).
2. Ю.А. Нисневич О праве на информацию: проблемы законодательного регулирования [Электронный ресурс]. URL: https://www.hse.ru/mirror/pubs/lib/data/access/ram/ticket/40/151865408204b721392939359763ebc3cca501481c/o_pr_ave.pdf (дата обращения: 31.01.2018).
3. Скопец П.С. Государственно-правовое регулирование конституционного права граждан России на информацию и его ограничений: Автореф. диссерт. на соискание ученой степени к.ю.н.: 12.00.02 / Скопец Павел Сергеевич. – Санкт-Петербург, 2006. – 23с.
4. Погорелова М. А. Конституционно-правовое регулирование права на информацию в Российской Федерации: Автореф. диссерт. на соискание ученой степени к. ю. н.: 12.00.02 / Погорелова Марина Александровна. – М., 2010. – 38с.
5. Жатқанбаева А.Е. Конституционно-правовые основы права на свободу получения информации // Известия Национальной Академии наук Республики Казахстан. – 2012. - №5. – С. 61-69.
6. Афанасьева О. Право граждан на информацию и его гарантии [Электронный ресурс]. URL: <http://www.strana-oz.ru/2004/3/pravo-grazhdan-na-informaciyu-i-ego-garantii> (дата обращения: 29.01.2018).
7. Жатқанбаева А.Е. Конституционно-правовые основы права на свободу получения информации // Известия Национальной Академии наук Республики Казахстан. – 2012. - №5. – С. 61-69.
8. Шевердяев С.Н. Право на информацию: к вопросу о конституционно- правовой сущности // Право и политика. - 2001. - № 10. - С. 91-100.
9. Огородов Д.В. Правовые отношения в информационной сфере: Автореф. диссерт. на соискание ученой степени к. ю. н.:12.00.02 / Огородов Дмитрий Иванович. – М., 2002. – 33с.
10. Лисицына Е.С. Право на информацию и информационную деятельность в Российской Федерации: конституционно-правовые аспекты: Диссерт. на соискание ученой степени к. ю. н.:12.00.02 / Лисицына Елена Сергеевна. – М., 2003. – 214с.
11. Монахов В.Н. Государственно-правовые вопросы информационного обслуживания граждан в СССР (конституционный аспект). Автореф. диссерт. на соискание ученой степени к.ю.н. - М. - 1983. – 36с.
12. Report of the Special Rapporteur on the promotion and protection of the right to freedom of opinion and expression, Frank La Rue. A/HRC/17/27. Distr.: General 16 May 2011.
13. Савельев Д.А. Права человека в области информации (международно-правовые аспекты): Диссерт. на соискание ученой степени к.ю.н.:12.00.02 / Савельев Дмитрий Алексеевич. – М. - 2002. – 243с.

14. Хижняк В.С. *Право человека на информацию: Механизм реализации / Под ред. В.Т. Кабышева.* - Саратов, - 1998. – 145 с.
15. Марвик К. *Ваше право на правительственную информацию.* - СПб. - 1996. – 56с.
16. Конституция (Основной Закон) Казахской ССР. — Алма-Ата: Казахстан, 1978. — С. 42.
17. Закон Казахской Советской Социалистической Республики *О защите прав потребителей от 5 июня 1991 года №640-ХІІ* [Электронный ресурс]. URL: https://base.spinform.ru/show_doc.fwx?rgn=1287 (дата обращения: 02.02.2018).
18. Сеитова Р.М. *Право на информацию – естественное право человека* [Электронный ресурс]. URL: <https://articlekz.com/article/5270> (дата обращения: 01.02.2018).
19. *О печати и других средствах массовой информации: Закон Казахской ССР от 28 июня 1991 г. // Ведомости Верховного Совета Казахской ССР. - 1991. - № 28. - Ст. 390.*
20. Конституция Республики Казахстан. Принята Верховным Советом РК двенадцатого созыва 28 января 1993 г. - Алма-Ата: Казахстан, 1993. - С. 31.
21. Сеитова Р.М. *Право на информацию – естественное право человека* [Электронный ресурс]. URL: <https://articlekz.com/article/5270> (дата обращения: 01.02.2018).
22. Конституция Республики Казахстан. Принята на республиканском референдуме 30 августа 1995 г., с изменениями и дополнениями, внесенными Законом Республики Казахстан от 7 октября 1998 г. - Алматы: Бастама-Правовая инициатива, 2000. — С. 68.
23. Конституция Республики Казахстан. Научно-практический комментарий (Конституционный Совет Республики Казахстан, 2015) [Электронный ресурс]. URL: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=36368312#pos=0;0 (дата обращения: 01.02.2018).
24. Конституция Республики Казахстан. Научно-практический комментарий (Конституционный Совет Республики Казахстан, 2015) [Электронный ресурс]. URL: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=36368312#pos=0;0 (дата обращения: 01.02.2018).
25. Конституция Республики Казахстан. Научно-практический комментарий (Конституционный Совет Республики Казахстан, 2015) [Электронный ресурс]. URL: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=36368312#pos=0;0 (дата обращения: 01.02.2018).

Қуандықов Б. Ж.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ мемлекет және құқық теориясы мен тарихы,
конституциялық және әкімшілік құқық кафедрасының доценті, заң ғылымдарының кандидаты

Ахатов У.А.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ мемлекет және құқық теориясы мен тарихы,
конституциялық және әкімшілік құқық кафедрасының профессоры м.а.,
заң ғылымдарының кандидаты

Ондашұлы Е.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ мемлекет және құқық теориясы мен тарихы,
конституциялық және әкімшілік құқық кафедрасының оқытушысы

НОҒАЙ ОРДАСЫНДАҒЫ БИДІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘРТЕБЕСІ

Түйін. Мақалада Ноғай Ордасындағы билердің құқықтық мәртебесіне ғылыми талдау жасалады. Авторлар билердің атқаратын қызметіне ерекше мән береді.

Резюме. В данной статье рассматривается правовой статус биев в Ногайской Орде. Авторы уделяет внимание на каждую функцию биев.

Summary. In this article is considered to the legal status “bies” in the Nogai Orda. Also authors is devoted to every function of “bies”

Ноғай Ордасындағы бидің мәртебесі еркше болып табылды. Оның себебі, көшпелі далада мемлекет басшысы негізінен хан болып табылатын болса, Ноғай Ордасында мемлекетті хан емес, би басқаратын болғандығында. Ноғай Ордасындағы бидің құқықтық мәртебесінің табиғатын терең тану үшін жалпы көшпелі даладағы би лауазымының эволюциялық дамуына және этимологиялық қалыптасуына мән беруіміз қажет. Көшпелі елдердегі би болу дәстүрінің ұзын сонар тарихы бар. Оның бастаулары сонау есте жоқ ескі замандарға барып тіреледі. Бұл дәстүрде заман озған сайын түрленіп, әрбір тарихи кезеңнің өзіндік ерекшеліктері кесе көлденең алға тартқан талаптарға бейімделіп өзгеріп отырған. Сондықтан да, би институтын бір жақты бағалауға болмайды. Дала жұртындағы би болу дәстүрінің мәніне терең бойлау үшін оның сонау замандардағы қатпар-қатпар иірімді өткен жолының сырын ашуға ден қою керек. Сол арқылы ғана біз бұл институттың ішіне бүккен тылсым қасиетін елге паш ете аламыз.

Ал ол үшін “би” сөзінің тамырына терең бойлап көрелікші. “Би” сөзі тамырын өте тереңнен тартады. Бұл сөздің шығу тегі туралы бүгінгі күні ғылымда бір арнаға тоғысатын тұжырымды пікір жоқ. Оның этимологиясына алғаш рет көңіл бөлген Г. Вамбери, В. Радлов сияқты оқымыстылар “би” сөзінің төркінін көне түркі тілінің биіктікті, жоғарылықты білдіретін мағынасынан іздестіреді [1, 107 б]. Ал В. Бартольд “Бег-тюркский титул, у османов-бей, у киргизов- би или бий” [2, 502 б], - деп “би” сөзінің “бек” деген сөздің өзгерген түрі екендігін және оның XV ғасырдан ерте еш жерде кездеспейтіндігін айтады [2, 36 б]. Мұны С.Г. Кляшторный мен Т.И. Сұлтановтар құптады [3, 351 б]. Ал А. Леонтьев пен А.И. Добромисловтар “би” сөзін “билеу”, “билейді” деген етістіктен шыққан дейді [4, 118 б]. Қ. Халид “би”-бектен, бек-бүюктен қысқарған дей отырып, “бүюктің” - үлкен, зор деген мағына білдіретіндігін тілге тиек етеді [5, 87 б]. Сонымен бірге, Кеңес дәуірінде қалыптасқан дәстүр бойынша “би” сөзін “бай” сөзімен жақындастырып, оның астарынан таптық сарын іздеуде кездеседі [6, 506 б]. Кейінгі кезде осы мәселені арнайы зерттеген А. Оразбаева “би” сөзі ежелгі түріктің “бек” сөзінен бас алады да, негізінен “басқару”, “билеу”, “билік ету” ұғымдарын білдіреді.

Олай болса “би” терминінің пайда болу уақыты да ежелгі түркі заманына тірелетіні даусыз-деген тұжырымға келеді [1, 108 б]. Р. Сыздықова мен М. Қойгелдиев “би” сөзін “бек” сөзінің бір нұсқасы дей отырып, “бекті” ханнан кейінгі орынға қойып, “би” рудың, тайпаның басшысы болған деген ой айтады [7, 68 б].

Көріп отырғанымыздай жоғарыда келтірілген пікірлер “би” сөзінің әр қырын ашып көрсететіндей. Араларындағы кішігірім алшақтықтарға қарамастан олар бірін-бірі толықтырып, дамыта түсетіндей. Біздің ойымызша “би” және “бек” сөздері әр түрлі тарихи кезеңдерде сахнаға шыққан атаулар, әрине бір кездерде бұл екі атау бірін-бірі ауыстырып, мәні жағынан бір ұғымды білдірген уақыттары да болған. Мысалы: “би” терминін “бек” сөзі түрік қағанаты дәуірінде қолданылып, оның синониміне айналғанын аңғарамыз.

Федоров – Давыдов өзінің еңбегінде “бей” мен “бек” сөздерінің “кодекс куманикустағы” аудармасын береді. Онда “бей” сөзі латынша “барон”, парсыша “әмір”, титулдарымен теңестірілсе, ал “бек” сөзі латынша “принц” парсыша “сын царя” деген мағынада берілгені көрсетеді [8, 47 б]. М. Қашқари өзінің сөздігінде “бекті” бұрынғы тегіндердің лақап аты десе, “тегін” деп патша балалары аталатындығын айтады [9, 28 б]. Сонымен қатар, Березиннің “Тоқтамыс ханның жарлықтарының”

аудармасында “бек” пен “би” сөзі бірнеше адамдардың титулы ретінде қатар қолданылады. Бұл жарлықтардың Ш. Уәлиханов еңбегінде көрсетілгені баршамызға мәлім. Бұдан түйетін ой “бек” пен “би” сөздері егіз қозыдай көне заманнан бері қолданылып келе жатқан сөздер екендігі. Көшпелі өмір салтына байланысты бірде біреуі тарих сахнасынан бой тасалап қалса, кей кездерде біреуінің қоғамдағы рөлі артып отырған.

“Би” сөзі өз бастауын түрік дәуірінен де әріден, ықылым замандардан алады. Оны біз қытай жазбаларынан кездестіреміз. Бұл Қытай жазбалары да белгілі жаңсақтықтардан ада емес сияқты. Мәселенки, Һұндар қытайларға жат ел болғандықтан, тілі де түсініксіздеу келетіндіктен, қытайлардың хан дәуіріндегі жазылған “тарихнама” атты еңбегінде үйсіндердің ел басшысын “күнму” деп қате жазған. Кейін бұл сөз “күнми” деп ауыстырылып қолданылғанға ұқсайды. Ол кейін бізге орысша тілдік өзгерістерге ұшырап “гумно” ретінде белгілі болады. “Күнми” дегендегі со”ғы “ми” сөзі туралы “әйгілі жапон ғалымы Сиратари (Ширатори Б.Қ.) көптеген зерттеулер арқылы осы ... әріптің хан патшалығы дәуірінде “би” (деп) оқылғандығын және “би” деген лауазымның ежелгі қаңлыларда да қолданылғандығын, тіпті “би” лауазымының осы заманғы қазақтар арасында да сақталып келгендігін дәлелдеген еді [10, 7 б.]. Біз үйсін заманында өмір сүрген, атақты Елсау, Оңқай т.б. билердің болғанын білеміз және олардың елі үшін еткен қажырлы еңбектерімен де таныспыз. Осы Ғұн, Үйсін дәуірінде “би” сөзі әр түрлі дәрежедегі лауазымдарды білдірген. Өйткені сол кездегі тарихшы Бань-Гудың “Ханнама”: батыс өңір шежіресі “Үйсін мемлекеті” деген еңбегінде былай дейді – “Күнбиді” екі уәзірі, оң қанаттағы, сол қанаттағы екі әскербасы, үш сұлтаны, екі биі, бір тұтық биі, екі бас бақылаушысы болған” [11, 280 б.]. Көріп отырғанымыздай, “би” сөзі біріншіден, “күнби” лауазымына жалғанып үйсіндердің ел басқарушысын білдірсе екіншіден, қатардағы белгілі қызметтерді атқаратын, функцияларыны” ерекшеліктеріне байланысты “тұтық би” және “би” ретінде белгіленген лауазымдарды көрсетіп тұр. Бұл тұста би атағы мұрагерлік жолымен де және халық ішінен өзінің жеке қасиеттерімен ерекшеленіп, екшеуленіп шыққан топ мүшелерінің де атағына айналған деуге болады. Ал түрік қағанаты тұсында “би” қоғамдағы әлеуметтік-саяси өзгерістердің әсерінен “бек” лауазымының тасасында қалып қояды. Оған сол кездегі қаған тұқымдарыны” жаппай билікке ұмтылуы себеп болғандай. Ол туралы “қаған тұқымы мемлекеттік басшылық орындарда билік құрумен қатар үздіксіз (перментті) ұлық, яғба, шад, әртісбер орындарын иеленіп, елдің әр түрлі аймақтары мен мемлекет салаларында қаған саясатын жүргізді, “түріктердің және тархандардың соттық қызметтерін атқарды” дейді.

М.С. Орынбеков [12, 120 б.]. Мемлекеттік билік жүргізуде “тектілік” қағидасы өте кең етек жаяды. Осыған сәйкес, бектерді қаған тағайындайды және олар қаған саясатын жүргізушілер болып табылады. Сонымен бірге бұл тұста қара халықпен байланысты бектерді” болғандығын да байқауға болады. Бұл кезеңде “би” сөзі “бек” сөзінің синонимі ретінде қолданылғанына қарамастан, ол лауазымға ие болудың мұрагерлік және қара халық ішінен суырылып шығып ел тізгінін қолға ұстау дәстүріні” өз жалғасын тапқанын көреміз.

Ал бертің келе бұл лауазымның аумақтық аясы кеңейе түседі. Мәселен, О. Сүлейменов: “Светослав Киевский” Игорьді үш рет ”буим”- дейді. Меніңше “буй” атауы Киев Русінде кінәздің атақты, белгілі бір баспалдағын білдіре отырып, дәреже қатарына енген болуы керек” – деп [13, 54 б] оның қыпшақ даласы арқылы орыс еліне де дендеп ене бастағанын сөз етеді.

“XIII-XV ғғ. аралығындағы моңғол үстемдігі тұсында бек, би институттары қатаң әскери-әкімшілік жүйеге сүйенген әлеуметтік құрылым тасасында қалып, қоғам өміріндегі өзінің дәстүрлі үлес-салмағын біршама жоғалтып алады [1, 109 б.]. Сонда да болса, бұл институт өткен жолдан адаспай, өзінің ел өмірінің рухани бастауларымен тығыз байланыстылығын, көшпелі халықтағы билікті ұйымдастырудың бірден-бір күре тамыры екендігін көрсетеді. Мысалы: кезінде Шыңғыс ханды ақ киізге көтеріп, хан сайлаған, оған кеңесші болып, “Ұлы жаса” заңын жасауға үлкен үлес қосқан билердің, оның ішінде атақты Майқы бидің еткен еңбегін айтсақ та та жеткілікті. Әрине бұл кезеңде, шын мәнінде жалпы би институты өзінің басынан ішінара тежемелік үрдістерді өткеруде еді. Көп уақыт өтпей, би болудың атам заманнан келе жатқан ”өзіндік жолы” қандай сыннан болса да сүрінбей өтетіндігін көрсетеді. Бұл дүмпулердің жүруін белгілі Ер Едіге жырындағы мына жолдар дәл дөп басатындай:

Қаннан қайрат кеткенде,

Биге медет жеткенде,

Қан қашып би қуғанда ... [14, 61 б].

Осыдан бастап ел билігіне жергілікті тұрғындардың ішінен шыққан билердің көптеп араласа бастағанын байқаймыз. Бұл дегеніміз өзінің бастауын сонау әріден өрбітетін, жеке қасиетімен еліне танылып би атағын алу үрдісінің де тарих көшіне қайта ілігіп, дами бастағанынан хабардар етеді.

Міне, қысқаша көшпелі даладағы би институтының эволюциялық дамуына талдау жасаудың өзі Ноғай Ордасы орнағанға дейін бұл институттың, кезеңнің алға тартқан талабына сәйкес түрленіп отырғандығын көрсетеді.

Ноғай Ордасындағы бидің өзі жалпы көшпелі даладағы институтының дамуының бір сатысының кезеңін көрсетеді. Ноғай Ордасында билердің бірнеше түрі болды. Ең жоғарғы мемлекетті басқарушы лауазымды тұлға “ұлы би” деп аталды. Сонымен қатар, Ноғай Ордасында қатардағы билер де болған. Негізінен қатардағы билер ұлы бидің тапсырмасын орындап, әкімшілік сипаттағы қызметтерді атқарды. Сонымен қатар, қатардағы билер соттық қызметті де жүзеге асырған болатын.

Егер осыған дейін еуразия даласындағы көшпелі мемлекеттердің басым көпшілігін Шыңғысхан ұрпақтары басқарып, қанат алып келген болса, ал Ноғай Ордасында бірінші басқарушы тұлға би лауазымын иеленді және Шыңғысқан ұрпағының шығу міндетті болып табылмады. Ноғай Ордасын Едіге тұқымынан шыққан билер басқарды. Мемлекетті би басқару дәстүрі көшпелі далада осы Едіге би тұсында қалыптасты.

Ноғай Ордасында ұлы биді жалпыхалық құрылтайында сайлайтын болған. Ұлы биді киізге көтеріп ұлықтайтын болған. Оны киізге көтеріп, өздерінің бойынан асырады. Бұл халықтың ұлы би билігінің мойындауының көрінісі болып табылады. Ұлы биді Едіге тұқымдары ағалы-інілік жүйесімен кезек-кезек басқарып отырған болатын.

Ноғай Ордасындағы ұлы бидің қолында үлкен құзіреттер шоғырланды. Ұлы би негізінен мынандай қызметтер атқарды:

- Біріншіден, көші-қон мәселесін шешті;
- Екіншіден, мырзаларға жер телімдерін берді;
- Үшіншіден, лауазымды тұлғаларды қызметке тағайындады;
- Төртіншіден, ең жоғарғы әскер басы болып табылды;
- Бесіншіден, жоғарғы сот қызметін жүзеге асырды.

Едіге билік құрған кезеңнен бастап, оның әулетінің сокральдік сипаты туралы аңыз қалыптастырыла бастады. Кейбір аңыздарда Едіге Мұхаммед пайғамбардың ұрпағы болып саналды. Сондықтан да, Шыңғысхан әулетімен қатар, мемлекетті билеуге құқылы деп танылды.

Ноғай Ордасындағы бидің мәртебесін иелену тәртібі төмендегідей нобайда жүзеге асты. Мысалы, Алтын Орданың қол астындағы маңғыт жұртының билеріне: Едіге, Мансұр, Ғази жатты. Ал маңғыт жұрты өзбек хандығымен қазақ хандығының құрамында болған кезеңде Баққас, Хорезми, Аббас маңғыт жұртының тұтқасын ұстады. Тәуелсіз Ноғай Ордасының билерінің қатарына: Мұса, Жаңбұршы, Хасан, Шейх-Мұхаммед, Әлшағыр, Мамай, Ағыш, Мамай, Саид-Ахмед, Шейх-Мамай, Жүсіп, Смайл, Жүніс жатқан болатын. Ұлы Ноғай Ордасын: Смайл, Дін-Ахмет, Орыс, Оразмұхаммед басқарған болатын. Осы Ұлы Ноғай Ордасының Орыс елі қойған билерінің қатарына: Дін - Мұхаммед, Іштерек, Қанай жатады. Ал, Қази ұлысы немесе Кіші Ноғай Ордасының билеріне Ғази, Жақсыат, Боранғазы, Қасым жатқан болатын.

Ноғай Ордасын ХҮ ғасырдың аяғына дейін Шыңғысхан әулетінің атынан ноғайлы билер басқарып келді. Ноғай Ордасындағы бидің құқықтық мәртебесі әулеттік негізде айқындалып отырды. Би Ноғай Ордасындағы ең жоғарғы басқарушы тұлға қызметін атқарды. Көп жағдайда Ноғай Ордасын басқарушы билер, Ноғай Ордасында Үлкен кеңеспен Кіші кеңеске тәуелді болып отырды. Өзінің беделі ерекше болған билер ғана шексіз басқарушы тұлғаға уақытша айнала алған.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Оразбаева А. Қазақ қоғамындағы билер институтының генезисі мен тарихи эволюциясы // *Саясат журналы*. - №11. - 1997. - 107-114 бб.
2. Бартольд В. Туркестан в эпоху монгольского нашествия: Сочинения в 9-ти т-х. – Москва, 1963. – Т. 1. – 760 с.
3. Қазақ ССР тарихы. Алматы. - 1983. – 2.Т. – 345 б.
4. Леонтьев А.Л. Обычное право казахов // *Юридический вестник*. - 1889. - 5. Т. – С. 7-11. / Добромислов А.И. Суд у киргиз Торгайской области. XVIII и XIX вв. -Казань. - 1904. – 357 с.
5. Құрбанғали Х. Тауарих хамса /бес тарих/. - Алма-Ата. – Қазақстан, 1992. – 304 б.
6. Толыбеков С.Е. Кочевое общество казахов в XVII- начале XX века. -Алма-Ата: Наука, 1971. - 633 с.
7. Сыздықова Р., Қойгелдиев М., Қадырғали би Қасымұлы және жфлнамалар жинағы. – Алматы: қазақ университеті, 1991. – 68 б.
8. Федоров – Давыдов Г.А. Общественный строй Золотой орды. – М., 1973. – 178 с.
9. Қашқари М. Түбі бір түркі тілі. - Алма-Ата, 1993. – 192 б.
10. Мұхаметқанұлы Н. Тарихи зерттеулер. – Алматы: Жалын, 1994. – 144 б.
11. Жұртбай Т. Дулыға. – Алматы: Жалын, - 1994. – 368 б.
12. Орынбеков М.С. Ежелгі қазақтың дүниетанымы. – Алматы: Ғылым, 1996. – 168 б.
13. Сүлейменов О. Азия. - Алма-Ата: Жазушы. 1992. – 258 б.
14. Ер Едіге. - Алматы: Ғылым, 1995. – 152 б.
15. жылнамалар жинағы. – Алматы: Қазақ университеті, 1991. – 68 б.

Айдашов Аңсар Бейбітұлы

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы жанындағы Құқық қорғау органдары академиясының 2 курс магистранты, dana.ibraim95@mail.ru

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МЕН ҚЫТАЙ ХАЛЫҚ РЕСПУБЛИКАСЫ АРАСЫНДАҒЫ ШЕКАРАДАҒЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ КОНТРАБАНДАНЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ

Түйін. Мақалада "Қорғас" шекара маңы ынтымақтастығы халықаралық орталығының мәселелері жан-жақты қарастырылған.

Кілтті сөздер: экономикалық контрабанда, халық тұтынатын тауарлар, экономикалық қауіпсіздік, жеке пайдалануға арналған тауарлар, демпинг.

Резюме. В статье разносторонне рассматриваются проблемы Международного центра приграничного сотрудничества "Хоргос".

Ключевые слова: экономическая контрабанда, товары народного потребления, экономическая безопасность, товары для личного пользования, демпинг.

Summary. In the given article an author considers the problems of the International Center of Border Cooperation "Khorgos"

Key words: economic smuggling, consumer goods, economic security, goods for personal use, dumping.

Қазақстан Республикасы өзінің тәуелсіздігін алғалы бері, көптеген жетістіктерге жетті. Алғашқы жас мемлекеттің қадамдарының бірі болып кеден органдарын құру болған еді. 1991 жылы 12 желтоқсанда кеден органдары құрылып олар мемлекетіміздің экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етіп, еліміздің бюджетіне фискалды қызмет атқарып келеді. Қазақстанның әлемдік экономикалық және сауда байланыстары жүйесіне біртіндеп бірігуі процесінде туындаған проблемаларды шешу барысында нормативтік құқықтық базаны жетілдіруді, қазіргі заманғы ғылыми жетістіктер мен ақпараттық технологияларға және мемлекеттік экономикалық саясат мүдделеріне сәйкес келетіндей кедендік бақылау жүйесін жасауды талап етті.

Елімізде ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері ерекше маңызға ие. Демек, экономикалық контрабанда, кедендік төлемдер мен алымдарды төлеуден жалтару, ақша-каражаттарын шетелден қайтармау, айналыстан алынған немесе айналысы шектелген заттардың контрабандасы секілді кедендік бақылау органдары аясында жасалатын қылмыс құрамдарымен күрестің маңызы өте зор.

Сонымен қатар, «А.М. Медведев қорытындыланғандай, - экономикалық контрабанда - экономикалық қатынастардың қатысушыларының мүдделеріне, экономикаға, құқыққа, еркіндікке, қажеттіліктерге қол сұғады, экономикалық, шаруашылық тетіктің тұрақты жұмыс атқаруын бұзады, осы әлеуметтік құндылықтарға және игіліктерге материалдық шығын әкеледі»./1/

Қазіргі таңда Қазақстан Республикасы шекарасымен шектесіп жатқан мемлекеттер арасында кедендік шекараны қорғау, ол арқылы өтетін тауарлар мен көлік құралдарын толық декларациялауды қамтамасыз ету мақсатында кедендік бақылау мекемелері құрылған. Әрбір кедендік бақылау бекеттерінің арақашықтығы 150-200 шақырымды құраса, орта есеппен әрбір бекетінің бақылауына 7 шақырым кеден шекарасы келеді. Демек, осы аталған кедендік шекараның ұзақтығы кедендік қылмыстардың латентті сипат алуының бірден-бір себебі болып отыр./2/

Біздің мемлекетіміз Еуропа мен Азияны байланыстырушы тоғыз жолдың торабында орналасқандықтан, транзиттің ел ретінде солтүстігінде тұтастай Ресей мемлекетімен шектессе, оңтүстік-шығысында Қытай Халық Республикасымен, ал оңтүстігінде Қырғызстан, Өзбекстан және Түркменстан мемлекеттерімен шектессе, Каспий теңізі арқылы Иран және Әзірбайжан мемлекеттерімен шектесіп жатыр. Жоғарыда аталып өткен мемлекеттердің ішінде әлемдік аренада экономикасы өте күшті дамыған мемлекеттердің бірі, ол ҚХР.

Қазіргі кезеңдегі геосаясатта ҚХР теңдесі жоқ экономикалық өсу есебімен құрылуда. Келесі онжылдықта Қытай жалпы ұлттық өнімнің көлемі бойынша АҚШ-ты басып озады деген жорамал бар. Бүгінде қаржы қорының көрсеткіштері (403,3 млрд доллар) дүние жүзі бойынша тек қана Жапония мен Тайваньға орын береді. Қытайдың жаһандық стратегиясының басымдылығында жақын көршілерімен қарым-қатынасты тұрақтандыру және ғаламдық лидерлермен бейбіт қарым-қатынаста болу болып табылады./3/

Міне, осы айтылған ерекшеліктерді ескере 2002 жылдың 22-25 желтоқсаны аралығында ҚР Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың Қытайға мемлекеттік сапары аясында Қазақстан мен Қытай Үкіметтері арасындағы "Қорғас" Шекара маңы ынтымақтастығы халықаралық орталығын (бұдан әрі-Орталық) құру туралы келіссөздер жүргізіліп, кейін 2005 жылы 24 қыркүйекте Құлжа қаласында екі жақты қол қойылғанды.

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы Орталықтың қызметін реттеу туралы келісім бойынша «Қорғас» шекара маңы ынтымақтастығы халықаралық орталығының аумағы: қазақстандық Алматы облысының Панфилов ауданында және Қытайдың Шыңжаң Ұйғыр автономиялық ауданы мен Іле Қазақ автономиялық облысы аумағында орналасқан. Жалпы көлемі 560 га тең болса, оның қазақстандық жағының жалпы көлемі - 217 га, қытайлық жағы 343 га – құрайды. Екі жақ қарым-қатынасы арнайы жаяу және көлік өткелі арқылы жүргізіледі.

Екі мемлекет арасында құзыретті органдармен бекітілген құжатқа сәйкес, Қазақстан Республикасының, Қытай Халық Республикасының және басқада мемлекеттердің азаматтары «Қорғас» ШЫХО» аумағында 30 тәулік мерзімі ішінде виза рәсімдеусіз қазақстандық және қытайлық жақтада бола алады./4/

Қазіргі таңда бұл Орталыққа Қазақстан мемлекеті жағынан орта есеппен күніне 3000 мың адам кіріп шықса, 2017 жылы 1 миллион 134 мың турист кіріп шыққан./5/

Орталықтан айына бір реттен артық нормадан тыс жеке пайдалануға арналған тауар алып өтілген жағдайда оған кедендік құнына байланысты 30 пайыздық мөлшерде бір реттік төлем алынады. 50 килограмға және бағасы 1500 еуродан асатын нормадан артық заттарға әр килограммы үшін 4 еуродан төмен емес көлемде төлем ақы белгіленеді./6/

ҚР кедендік реттеу кодексіне сәйкес жеке пайдалануға арналған тауарлар – Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасы арқылы бірге алып жүруге болатын немесе бірге алып жүруге болмайтын багажда, халықаралық пошта жөнелтілімдері не өзге де тәсілмен жіберу арқылы өткізілетін, жеке тұлғалардың жеке, отбасылық, үй-ішілік және өзге де, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға байланысты емес мұқтаждарына арналған тауарлар.

Мысалға алатын болсақ, Орталықтан шамамен айына 10 000 адам бір айда кіріп 50 кг-нан аспайтын, бағасы 1500 еуродан аспайтын тауар алып шықса шамамен 10 000*50 кг= 500 000 кг, бұл дегеніміз 500 т., яғни халық тұтынатын тауарлар ешқандай кедендік төлемдерсіз, шекарадан еш қиындықсыз өтуде. Орта есеппен Орталық күніне 3000 адамға қызмет көрсетеді, демалыс күндері олардың саны 4000-6000 туристке жетеді, ал олардың жеке тұтыну үшін деп белгіленген шектеуден асырмай кедендік төлемдерсіз шығарылатын тауарлары мөлшерінің есебі жүргізілмейді. Міне, егер тауар есебін жүргізіп, бүкіл Қазақстан және де біздің елде жүрген шетел азаматтарының Орталыққа кіріп шыққанын ескеретін болсақ (2017 жылы 1 миллион 134 мың) бұл тұтастай қалыптасқан экономикалық контрабанда екені бірден көрінер еді.

Бұл ретте, біріншіден мемлекеттің бюджетіне тиесілі ақша қаражаты түспеуде, себебі контрабанда және алып-сатарлықпен айналысатын азаматтардың қалтасында қалуда, ал екіншіден ҚХР-ның тауарлары өтер арзан, өзіндік құны өте төмен болғандықтан тура сол тауарды шығарумен айналысатын отандық өндірушілерге залал келуде және олардың дамуына мұрша бермеуде, себебі жеке пайдалану үшін әкелінетін тауарларға кеден заңнамасының қарастырылған демпингке қарсы шаралар қолданылмайды. Ал, әлемдік аренада алдыңғы қатарға шығу үшін мемлекеттің тұтынушы емес керісінше өндіруші ел болғаны абзал.

Осындай жоғарыдағы Қазақстан Республикасымен Қытай Халық Республикасы арасындағы шекаралық аймақта қалыптасқан мәселені ескере, менің ойымша «Қорғас» ШЫХО аумағына кіріп жеке пайдалану үшін ешқандай кедендік төлемдерсіз алып шығатын тауар салмағын әр адам басына 50 кг-нан 20 кг-ға дейін азайтатын болсақ бюджетке түсетін қаржы мөлшері артып, отандық өндірушілердің еңсесі көтеріліп, Орталықты экономикалық контрабанданың ұясына айналдырғандардың саны азаяр еді.

Әдебиеттер:

1. *Рогов И.И. Проблемы борьбы с экономической преступностью (уголовно-правовое и криминологическое исследование). Автореф. дис. юр. наук. - 1991 г.*
2. *Ларичев В.Д., Гильмутдинова Н.С. Проблемы совершенствования уголовного законодательства за уклонения от уплаты таможенных платежей // Государство и право.*
3. *Интернет-қоры: https://massaget.kz/okushyilarga/uy_tapsyirmasyi/28580/*
4. *Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы "Қорғас" шекара маңы ынтымақтастығы халықаралық орталығының қызметін реттеу туралы келісім. 2005 жылғы 25 тамыздағы N 877 қаулы.*
5. *Интернет-қоры: <http://www.mcps-khorgos.kz/smi-review/мұңс-«хорғос»-совершенствует-систему-перевозки-пассажиров-и-багажа>*
6. *Жеке тұлғалардың жеке пайдалануға арналған тауарларды кеден одағының кедендік шекарасы арқылы өткізу және оларды шығаруға байланысты кедендік операцияларды жасау тәртібі туралы келісім. 2010 ж. 18 маусым Санкт-Петербург.*

Қуандықов Б. Ж.

Әл - Фараби атындағы ҚазҰУ-дың мемлекет және құқық теориясы мен тарихы, конституциялық және әкімшілік құқық кафедрасының доценті, заң ғылымдарының кандидаты

Ахатов У.А.

Әл - Фараби атындағы ҚазҰУ-дың мемлекет және құқық теориясы мен тарихы, конституциялық және әкімшілік құқық кафедрасының профессоры м.а., заң ғылымдарының кандидаты

Ондашұлы Е.

Әл - Фараби атындағы ҚазҰУ-дың мемлекет және құқық теориясы мен тарихы, конституциялық және әкімшілік құқық кафедрасының оқытушысы

НОҒАЙ ОРДАСЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖҮЙЕСІНІҢ ЖАЛПЫ СИПАТЫ

Ноғай ордасының құқықтық жүйесі өзінің бойына ежелгі далалық құқықтық дәстүрді сіңіре білген әмбебап құрылымның көрінісі болып табылады. Ноғай ордасының құқықтық жүйесі өзінің қалыптасуы барысында бірнеше факторларға арқа сүйеді. Ноғай ордасының құқықтық жүйесінің қалыптасуына әсер еткен факторлардың ішіне ежелгі дәуірлерден келе жатқан көшпелі еуразия құрлығында өзінің тамырын үзбеген бастауы ғұн, үйсін дәуіріне барып тірелетін әдеттік құқықтың элементтері жатады. Сонымен қатар, ноғай ордасының құқықтық жүйесінің даралана түсуіне Шыңғыс хан дәуірінен келе жатқан Шыңғысханның Ұлы жасасының да ықпалы ерекше болды. Кейіннен барып, Ноғай ордасының құқықтық жүйесі жеке-дара өрбіп, дамыған, толасқан арнаға айналды. Сондықтан да, біз бұл жерде Ноғай ордасының құқықтық жүйесінің бастауларына тоқталып өтуіміз қажет.

Жалпы құқық теориясында құқықтың бастауы, құқықтың нысаны деген түсініктер бар. Құқық теориясымен айналысушы ғалымдардың ортасында да бұл мәселе туралы бір тұжырым орныға қойған жоқ. Белгілі ғалым З.Ж. Кенжалиевтің пайымдауынша: «Құқықтың қайнар көздері ұғымы ғылыми әдебиетте екі түрлі мағынада (кең және арнайы) қолданылады. Кең мағынада бұл ұғымға құқықтық нормалардың пайда болуына әсерін тигізетін базистік факторлар жатады. Экономикалық қатынастардың пісіп-жетілуі, сөйтіп құқықтық тұрғыдан реттеуді талап етуі, әлеуметтік мүдделердің құқықтық мұқтаждық деңгейіне көтерілуі құқықтық талап-тілектердің, сұраныстардың өмірге келуі-мінеки осы айтылған құбылыстардың барлығы құқықтың қайнар көздерінің кең мағынадағы мазмұны» [1, 71 б]. Бұл ой тұжырымнан аңғаратынымыз құқық нысаны мен құқық қайнар көзі бір мағынадағы түсінік ретінде алынып, қарастырылып отыр. Ал, ресейлік ғалымдар оны әр түрлі бағалайды. Жалпы құқық қайнар көздерін материалдық және формальдық тұрғыда бөліп қарай келе, соған сәйкес құқық нысаны мен құқық қайнар көзінің өзара байланысын қарастырады. Ресейлік ғалымдардың ішінде М.Н. Марченко құқық қайнар көздерін бастапқы және туынды деп бөле келе, құқық нысаны мен құқық қайнар көзінің осы тұрғыдағы арақатынасы туралы былай дейді: «Что же касается первичных источников права, рассматриваемых сами по себе, в виде материальных, социальных и иных факторов, оказывающих постоянное влияние и предопределяющих процессы правообразования, правотворчества и законотворчества, то здесь совпадения источников права с формами права нет и не может быть».

Одна из причин этого заключается в том, что рассматриваемые феномены находятся на разных уровнях и «обслуживают» разные сферы. Материальные, социальные и иные источники-факторы воздействия на процессы правообразования, правотворчества и законотворчества относятся к соответствующим - материальным и иным реальным сферам жизни.

Что же касается форм права, равно как и самого права в целом, то они неизменно ассоциируются с формальными (формально-юридическими) сферами жизни общества, а точнее - с формально-юридическими аспектами материальной, социальной и других реальных сфер жизни общества» [2, с 57]. Құқық нысаны мен құқық қайнар көзі туынды құқық қайнар көздері туралы болғанда ғана бірімен-бірі сәйкес келеді деп санайды. Біз құқық қайнар көзі мен құқық нысанының арақатынасының даулы мәселені құқық теориясымыен айналысатын ғалымдардың үлесіне қалдыра отыра, жалпы жоғарыда айтылған құқық қайнар көзін кең және тар мағынада қабылдауды басшылыққа ала отыра, ноғай ордасындағы құқықтық жүйенің қайнар көздерін саралауға ауысуды жөн санап отырмыз.

Ноғай ордасының құқықтық жүйесінің қалыптасуына ықпал еткен, оның өмір сүруінің алғашқы кезеңінде қоғамдық қатынастарды реттеген негізгі құқықтық қайнар көздердің санатына, соған дейін

Алтын Ордада қолданылып келген, Шыңғысханның «Ұлы жасасы» мен Алтын Орда хандықтарының жарлықтарын жатқызамыз. Шыңғысханның «Ұлы жасасы» ғалымдардың пайымдауы бойынша мынандай екі бөлімнен тұрады:

«1 Билик - сборник «Изречений» самого Чингис-хана; который содержал в себе мысли, наставления и решения законодателя как общего, теоретического характера, так и высказанные по поводу различных конкретных случаев;

2 Собственно «ДЖАСАК» - это свод положительных законов, военных и гражданских, обыкновенно с установлением соответствующих кар за неисполнение» [3, с 82]. Шыңғысханның «Ұлы жасасы» соған дейін келе жатқан далалық мемлекеттердің құқықтық нормаларын негізге алумен қатар, өзіндік моңғол әдет құқығының аясында қалыптастырылған құқықтың түрі болып табылады. Шыңғысханның «Ұлы жасасы» Шыңғыс ұрпақтарына міндетті болып табылды және оны бұзуға тыйым салынған. «Ұлы жаса» заңы: «Яса, как полагают, была принята на общемонгольском курултае в 1206 г., пересмотрена в 1218 г. и утверждена в окончательной редакции в 1225 г.» [4, с 29]. Моңғолдардың құқығын жасақ, ясақ, йосын деген әр түрлі терминдермен атайды. Моңғол қоғамының саяси-әлеуметтік ұйымдасуын зерттеген ғалымдардың Бірі, Н.Н. Крадин моңғолдардың бұл құқығы туралы былай дейді: «Йосун-обычное право монгольских племен, унаследованное от древних тюрков. Чингисхан, создав огромную многонациональную империю и установив нормы, регулировавшие отношения его подданных - представителей разных культур, укладов жизни, вероисповеданий, не пытался смешиваться в их частную жизнь. Поэтому йосунное право не подвергалось изменениям и дополнениям - это просто не требовалось ни хану ни его подданным, которые и так знали, как именно следует разрешать те или иные бытовые споры и конфликты. Йосунное право активно применялось представителями населения Золотой Орды и ее государств-преемников, происходившими из монгольских племен, пришедших в Орду во времена Джучи и Бату» [5, с 55]. Моңғолдардың бұл құқығы Алтын Орда дәуірінде де, кейінгі Ноғай Ордасында да өзінің ізін қалдырды. Моңғолдардың құқығы туралы мәселеде де, ғылымда әр түрлі пікірлер бар. Кейбір ғалымдар моңғолдардың заңы оған дейінгі көшпелі мемлекеттердің төре заңына негізделген дейді. Жасақ заңын түркі нысанындағы төре заңының көрінісі деп қабылдайды [6]. Бұл пікірге Т.Д. Скрышникова былай уәж айтады: «С этим нельзя согласиться: в ряде восточных летописей упоминаются одновременно и «торе», и «яса». Кроме того, принципиальное различие между ними заключалось в том, что торе был обязан соблюдать даже сам хан, который не имел права менять его, тогда как ясы являлись его волеизъявлением» [7, с 47]. Бұл көзқарасты Р.Ю. Почекаев та Алтын Орда хандарының жарлықтарын зерттеуде мынандай пікірмен қолдап, негіздей түседі: «Следует отметить, что торе обличалось и от совокупности норм, обычного права йосун предметом регулирования. Последнее представляло собой систему бытовых (в соответствии с современной классификаций - частноправовых) норм, регулировавших вопросы брака и семьи, наследования имущества и т.п. Торе включало в себя нормы государственного и «сакрального» нрава» [8, с 68]. Аталған ой пікірлерді саралаудан шығатын қорытынды төре заңы мен жосын жасақ заңының екеуі екі арналы қатынастарды реттеген болып табылады. Бұдан кейінгі ноғай ордасының құқықтық жүйесіне ықпал еткен және ноғай ордасында алғашқы кезеңде заңдық күші болған тағы бір құқықтық қайнар көздің түріне Алтын Орда хандықтарының жарлықтары жатады. Алтын Орда хандарының жарлықтары негізінен қоғам өміріндегі, ағымдағы мәселелерді реттеп отырды. Сондықтан да, хан жарлықтары «Ұлы жасаның» негізінде қабылданып, тез ел аумағында әрекет етіп отырған. Сонымен қатар, Алтын Орда хандарының жарлықтары Ресей аумағында тарап отырды. Оның ішінде, дін өкілдеріне де хан жарлықтары беріліп отырған. Ғылымда белгілердің қатарына В.В. Григорьевтің ойы бойынша мыналар жатады: «1) От хана Менгу-Темира русским мирополитам без-именно и всем церковным людям вообще; 2) от хана Узбека митрополиту Петру; 3) от ханши Тайдулы митрополиту Феогносту; 4) от нее же митрополиту Алексию; 5) ему же от хана Бердибека; 6) от Тайдулы же митрополиту Иону или Ивану; 7) от хана Атюляка митрополиту Михаилу» [9, с 193]. Хан жарлықтары жалпы ежелгі дәуірлерден бері, яғни ғұн, үйсін дәуірлерінде де қабылданып, белгілі қоғамдық қатынасты реттеп отырған құқық қайнар көзінің ресми түрі болып табылады. Бізге Ақ Орда ханы Әз-Жәнібектің мынандай жарлығы белгілі: «Күллі алаш ұранлы қазақ қараша бұхараларымның өздерінің және ұрпағының мінсіз бітістік болмағы шарты үшін:

Ауыз. Жат төселмелік жат ниет, бәт қылық бүгіннен бастап тыйым болмағы шарт жарағы. Әгәрәкім көзге шалынса, қара маңғаз артынша мінгізіліп ертелмелік қалма әлпетіне жақпаулық, жаға жұрт көрмелік істемек шарт.

Көз. Жеті атадан ілгері қыз алысқандар бүгіннен бастап болмауы шарт жарағы. Әгәр олай болса, болғанына көз жетсе, жұбайларды тең бас қылыштамақ шарт.

Көз мұрын. Беттен сүйетін жат қылық бүгіннен бастап тыйым. Және аллалық шала жаралымнан басқа науқастар әрқандай пенде баласына болса да тостағанның шетін тістетпеуі шарт. Әгәр айқын ұғыныстылық болса, елу қамшы дүрелемек жарағы, оған сұрам жоқтығы айқындылық. Әшкере қарсыласқан адамның өзі кім болса да жер үймек» [10, 43 б].

Ноғай ордасын қалыптастырушы тұлға Едіге екендігі белгілі. Ноғай ордасының өзіндік құқықтық жүйесінің болмысына мән бермес бұрын осы Едігенің саясаты туралы ойларға көңіл бөлгеніміз жөн. Кезінде Өтеміс қажының «Шыңғысханамсында» Едігенің ұстанған саясаты туралы мынандай пікір білдірілген: «Алайда оның дәуірінде шыңғысизмді құртудың уақыты әлі тумаған еді. Едігенің өзі Жошы ұрпағынан өзі қойған хандардың атынан билік жүргізді. Бұл - шыңғысизмнің далада әлі де қуатты күш болғандығын көрсетеді. Дереккөздерде Едіге мен оның ұрпақтары туралы: олардың бірі - хан, бірі - би делінеді. Және бұл қанатты сөздерде хан - саяси алғы бет, үстеме, сәндік мүсін болды, ал би - нақты істерді шешуші, нақты билікті білдіруші болды деген ұғым қамтылды» [11, 97 б]. Одан әрі ойын былай жалғасытырады: «Едіге хандарды жиі ауыстырғанымен, олармен есептескен жоқ және бірталайын құртып отырды, соған қарамастан ол хандық, билік институтынан бас тарта алмады. Осындай жағдай оның Ноғай Ордасының биі болған бірнеше ұрпағы тұсында да сақталды. Уақыт өте келе Едігенің ұрпақтары не дегенмен дәстүрді жеңіп, қолдан қойылған хандарды пайдаланудан бас тартты, яғни шыңғысизмді жеңе білді» [12, 97 б]. Ноғай ордасының өзіндік құқықтық жүйесі осы саясаттың негізінде қалыптасып, дамыған болатын. Ноғай ордасының негізін салушы Едіге бидің заң жинағы болғандығы туралы деректер көп. В.Г. Тизенгаузен жинаған деректерде Едіге заңы туралы мынандай пікір айтылады: «Установил тонкие обычаи (тура) и великие законы (ясак), и люди из привольности попали в стеснение» [13, с 133]. Өтеміс қажы да шыңғысинамада: «Түрлі жағдай жөніндегі Едігенің өз шешімі ноғайлардың, сонымен қатар басқа кейбір көшпелі халықтардың әдеттегі құқығы соларға негізделген үлгіге айналды. «Едіге құқығы», «Едіге ұрпақтары құқығы» Шыңғыс хан Йасасының, басқа Шыңғыс ұрпақтары йасаларының, бұларға қоса моңғол дәуіріне дейінгі әдеттегі құқық, жинақтамасы үлгілерінің баламасы болды» [14, 98 б], - деп Едігенің заңының болғандығын дәлелдей түседі. Жалпы Ноғай ордасында қолданылған құқықты екі сатыға бөліп көрсете отыра, В.М. Викторин оларды реттеу бағыттарын былай деп бағалайды: «Обычное право в истории ногайцев было представлено двумя уровнями: обычным правом общесоциального, нравственно - регулятивного характера, существовавшим постоянно внутри ногайских семей, родовых групп и орд, а также юридически обычным правом более высокого порядка, связанным со своеобразной кочевой государственностью ногайцев» [15, с 99]. Бұл ойдың өзінен аңғаратынымыз, Едіге бидің қабылдаған заңы «Төреден» және «Жасақтан» тұрған болатын.

Едіге би тарихта ноғай ордасының негізін салушы үлкен қоғам қайраткері ретінде қалып қана қойған жоқ. Сонымен қатар, ол мемлекеттік билікті, оның құқықтықжүйесін өмір талабына бейімдеуге ат салысқан ірі реформаторлығымен де танылған болатын. Едіге бидің бұл қыры, әлі толық бағасын ала қойған жоқ, оны белгілі тарихшылар да: “Едігенің мемлекеттік жүйедегі қайраткерлік белсендігі, Алтын Орда мемлекетіндегі реформалар ретінде беделі ол таққа өзі отырғызған хандарға өз бетінше саясат жүргізуге әрқашан кедергі жасады. Айта кеткен жөн, күні бүгінге дейін Едігенің мемлекет қайраткері ретінде жүргізген шаралары, Жошы ұлысын нығайту жолындағы саяси және экономикалық реформалары тарихымызда әлі де терең зерттеле қойған жоқ. Орыс және Батыс тарихшылары Едігенің қайраткерлік және реформаторлық белсенділігін біржақты және жағымсыз тұрғыдан сипаттап, оны Алтын Орданың отаршылдық жүйесін нығайтушы ретінде көрсетіп келеді. Осы тұрғыдан алғанда түркі дүниесі тарихшылары қайта қарайтын мәселелер де баршылық [16, 134 б]”, - деп мойындайды. Едігенің саяси-құқықтық реформасының мәні де, маңызы да, сол кезеңде Евразия құрлығында теңдесе жоқ алып империя Алтын Ордадай мемлекетті сақтап қалу болып табылған.

Едіге би көп тарихшылар айтатындай, Алтын Орданы әлсіретіп күйретуді мақсат еткен жоқ. Ол осы мемлекеттің белсенділігін арттыруға күш салған болатын. Алтын Орданы қанша сақтап қалуға күш салғанмен, одан ештеңе шықпады: “Оның мынандай екі себебі болды: біріншісі, түркі халықтарының рухани, мәдени тұтастығының бұзылуы болса; екіншісі, Әмір Темірдің Тоқтамысты талқандағаннан кейін Жошы ұрпақтарының қайта атқа мініп, Сарай тағы үшін қырқысты бастауы еді. Алайда, Едіге бидің бұл арпалысы нәтижесіз болғанымен, оның еңбегінің одан кейінгі кезеңдегі түркі мемлекеттілігінің тағыдырына тікелей ықпалы болды. Едігенің ол еңбегі-Алтын Орда мемлекетінің қасіретті тағдырына жіберілген қателіктерді саралай отырып, жаңа заң жобасын “Төре” мен “Жасақты” қайта жасап шығуы еді. Едігенің сол енгізген заңдық жүйесі түркі халқының мемлекеттік жүйесін қалыптастыруда одан кейінгі ғасырларда шешуші роль атқарды [17, 199 б]”. Едіге би мемлекеттік құқықтық жүйені реформалауда мұндай шараларға қажеттіліктен барды. Себебі, ол

кезеңде мемлекеттік басқару жүйесінде көне түркілік дәстүр жойылып, оның орнына ирандық басқару жүйесінің нақыштары ене бастаған болатын. Осы жерде тарихшы З. Жандарбектің мына пікірі орынды болып табылады: “Ежелгі көне түркілік билеуші әулеттер шыққан Едіге би ирандық діни таным мен ирандық мемлекетті басқару жүйесінің Жошы ұлысына дендеп енуі аса қатерлі болатынын айқын сезінді. Ол қалайда Өзбек хан қалыптастырған рухани, мәдени тұтастықты сақтап қалу жолына жанталасты [18, 200 б]”.

Едіге би заңға, оның пәрменіне үлкен құрметпен қараған болатын. “Едіге өзі хан тағына отырғанымен, ханның әр кезде заңды сақтауын, заң шеңберінен шықпауынан талап етті. Едіге заманында заң ханнан да, Едігенің өзінен де, өзгеден де жоғары тұрды [19, 200 б]”. Бұл заңды силаудың көшпелі халықтардың дәстүріне де жат болмағандығын көрсетеді. Осы жерде бір ескеретін жағдай, жалпы евразиялық құрлықтағы көшпелі мемлекеттердің тарихында құқықтық жүйені реформалау, жаңа заңдық түзім жүйесін енгізудің мемлекеттік тұрғыда үлкен маңызы және ықпалы басым болды. Егер тарихқа көз жүгіртетін болсақ, ғұндардың кезінде Мөде жүргізген саяси-құқықтық реформа арқылы ғұн мемлекеті, өз дәуірінің алып империясына айналған болатын. Кейінгі кезеңдегі Шыңғысханның “Ұлы жаса” заңы да, Шыңғысхан мемлекеттілігін нығайтуда орасан зор күш болып табылды. Шыңғысханның ұлы жасасының өзі, кезіндегі ғұндардың, қаңлылардың, түркі қағанатының, найман хандығының, заң жинақтарын сүзгіден өткізіп барып, жасалған болатын. Едіге би жүргізген саяси-құқықтық реформаның негізі сол бұрынғы көшпелі мемлекеттердің дәстүрін сақтай отыра, жүзеге асырылды. “Едіге би Алтын Орда мемлекеті басынан өткерген қасіретті тарихтан сабақ ала отырып, өзі жасаған “Төре” мен “Жасак” заңын қабылдауға мәжбүр болды. Ол заңда кез-келген Жошы ұрпағы хан болу құқынан айрылды. Ханды Шыңғыс хан ұрпақтары ішінен, Жошы ұлысында Жошы ұрпақтары арасынан таңдап қою ру, тайпа басшыларының, билерінің қолына берілді. Хан сайланатын Жошы ұрпағы билердің сараптауынан өтуі тиіс болды. Билер қаламаған, жаратпаған Жошы ұрпағы хан тағына отыра алмайды. Сот билігі де толығымен билер қолына өтті [20, 202 б.]”. Әрине, бұл Едіге би реформасының негізгі өзегі болып табылады. Едіге би, Тоқтамыс ханмен арада белгілі бір мәмілеге келіп, ұлысын алым-салық төлеуден босатуды сұрады. Бұл жағдайды ноғай ордасының тарихын зерттеген белгілі ғалым В.В. Трепавлов былай сипаттайды: ““Отказавшись от незаселенных земель по одной стороне Волги, ты отдай их в море распоряжение; а кроме того, ты не требуй подати с лиц, ко мне приходящих, а равно и с нищих, вдов и сирот”. Хан согласился и подписал договор, который забрал себе Эдиге. Узнав, что на левобережье Волги не нужно платить налогов, измученный войнами народ потянулся во владения беклербека, и вскоре число подданных Тохтамыша уменьшилось вшестеро” [21, с 76]”. Бұл жағдайлардың барлығы Едіге бидің ұлысының күшеюіне жол ашты. Едіге би жүргізген саяси-құқықтық реформасы туралы “Ф. Орманшы еңбегінде аса қызғылықты деректер аз емес. Соның бірі-Едігенің өз мемлекеті көлемінде адамды құл ретінде сатуға тыйым салғандығы. Ноғай Ордасында Едігенің халық қамқоры деген даңқының аспандап кетуі, оның елін жаудың шабуылынан аман сақтап, бейбіт өмір орнатуға айрықша күш салуына байланысты болып көрінеді. Ежелден келе жатқан тәртіпті бұзып, тиісті салықты төлемей, бас асаулық көрсеткен орыс князьдерін күшпен, әрі айбармен илкітіріп, жөнге салуы да Едіге бидің атағын арттыра түскен... [22, 4 б]”. Жоғарыдағы Едіге бидің жүргізген саяси-құқықтық реформаларының бағыттарына байланысты айтылған пікірлерді саралай келе, Едіге бидің саяси-құқықтық реформасы мынандай, қоғам өміріне жаңашылдықтар енгізді:

Біріншіден, хан сайлау ру басшылары мен билердің құзыретіне өткен болатын. Осыдан бастап, Жошы ұрпағы тақты мұрагерлікпен ала алмайтын еді. Мұрагерді билер мен ру басылары сайлады;

Екіншіден, сот билігін жүзеге асыру негізінен билерге берілді, яғни қоғам өміріндегі көпшілік даулардың барлығын билер қарайтын болды;

Үшіншіден, Едіге би жетім балаларды құлдыққа сатуға тыйым салды. Оның себебін, В.В. Трепавлов былай түсіндіреді: “Он был заинтересован в увеличении числа подданных и заселении подвластной ему территории. Этим стремлением скорее всего и объяснялся его знаменитый запрет на продажу детей в рабство на чужбину, что сразу было замечено на работорговых рынках Сирии и Египта [23, с 76]”;

Төртіншіден, Едіге би салық жүйесін тәртіпке келтірді, оның ішінде сырт елдерден алынатын алым-салық мәселесін бір жүйеге түсірді. Белгілі себептермен Едіге би Мәскеуді шабудан бас тартып, еліне қайтарда Мәскеуді күйретпегені үшін алым-салық алған болған. Ол туралы тарихшы ғалымдар мынандай деректі пікір айтады: “Қайтар жолда Едіге Мәскеуге шабарманын жіберіп, егер қала 3000 сом салық төлесе, өзінің оны қоршауды тоқтататынын, әскерлерін алып кететінін атап көрсетті. Араға бір ай салып Едіге қисапсыз мол қазанымен және байлықпен орыс жерін тастап кетті [24, 135 б]”.

Едіге заңдарында шариат нормаларының да белгілі дәрежеде ықпалы болды. Себебі, Едіге туралы сол кезеңдегі саяхатшылардың бірі Р.Г. Клавахио былай дейді: «Помимо этого, ногайцы в тот же период-конец XIV-XV вв. приняли ислам: Едигей «обратил и обращает постоянно татар (ногайлар туралы сөз болып отыр Б.Ж.) в магометанскую секту...» [25, с 342]. Осы деректерге сүйене отыра, жалпы ноғай ордасында шариат заңдарының қолданылғандығын аңғаруға болады. Шариаттың не екендігі туралы белгілі ғалым Н. Өсерұлы мынандай пайымдау жасайды: «Шариатты - жол, бастау, даярлау, ал оның қағидаларын ахкам шешім, ереже, жол-жоба, заң, бұйрық т.б. деп атайды. Мұның бәрі мұсылман діні - Исламды қорғап, әрбір мұсылманның жеке-жеке және қоғамдық өміріндегі іс-әрекеттерін реттейтін діни жол-жоралар мен қағида-ережелерді қамтиды, сөйтіп, Шариат Исламның негізгі заңдылықтарына сүйеніп, оны құлпырта түсетін заңдар жиынтығы десек, артық айтпаған болар едік» [26, 20 б]. Жалпы шариат мынандай мәселелерді қамтиды:

«1 Общие правила, мировоззрение ислама. Они определяют позицию и поведение, придают всем действиям индивида осмысленность и целенаправленность;

2 Правила, определяющие внутреннее поведение человека, т.е. мир чувств и духовной деятельности;

3 Кодекс практического поведения гражданина в личной, семейной, общественной, экономической и других сферах жизни» [27, с 7].

Шариат нормалары Ноғай ордасында негізінен неке және отбасы саласындағы қатынастарды реттеуде қолданылды. Сонымен қатар, өлім, жітім мәселесін шешуде де шариат нормаларына арқа сүйеген болатын. «Едігенің осы қабылдаған заңы одан кейінгі кезеңде Қыпшақ даласындағы билік жүйесін реттеуші басты құралға айналды. Бұрынғыдай хан болғысы келген кез-келген Жошы ұрпағы атқа қонып, елдің шырқын бұзу құқынан айрылды. Кімнің би болатынын Ноғай билері шешті» [28, 202 б]. Көріп отырғанымыздай, Едіге бидің заңы қоғам өмірінде негізгі роль атқарған заң жинақтарының бірі болып табылады.

Қорыта келгенде айтарымыз, Ноғай ордасында қолданылған құқықтық жүйе негізінен ежелгі далалаық заңдарға, яғни төре бітіктеріне сүйенумен қатар, Шыңғысханның заманынан келе жатқан «Ұлы жаса» заңының нормаларына да иек артқан болатын. Кейіннен, Едігенің арнайы заңдары Ноғай ордасындағы қоғамдық қатынастарды реттеу күшіне ие болды. Ноғай ордасында қолданылған бұл құқықтың қайнар көздері қоғам өмірінің әр түрлі арналы қатынастарын реттеді. Ел ішіндегі адами арадағы қатынастар ежелден келе жатқан төреге, яғни әдет-құқығына сүйенді. Ал, неке және отбасы қатынастары өлім-жетім мәселелері, шариат нормаларымен және әдет ғұрып нормаларымен қабыса, қоғамдық тәртіптерді тәртіптеп отырды. Әскери саладағы қатынастар негізінен шыңғысханның «ұлы жасақ» заңының талаптарына сәйкес келді. Мемлекеттік мәселелер, мемлекеттік билікті жүзеге асыру мәселелері алғашқы кезеңде Шыңғыс хан жасасына сүйенгенмен. Кейіннен, Едіге бидің арнайы қабылданған арнайы заңдары арқылы тәртіптеліп отырды. Айтылған жағдайларды ескере қарағанда, Ноғай Ордасыда қолданылған құқықтық жүйе өзінің сипатымен ерекшеленеді.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Кенжалиев З.Ж. Көшпелі қазақ қоғамындағы дәстүрлі құқықтық мәдениет: (теориялық мәселелері, тарихи тағлымы). – Алматы: Жеті жарғы, 1997. – 192 б.
2. Марченко М.Н. Источники права: Учебн. пособие. – М.: Проспект, 2005. – 760 с.
3. Хара-Даван Э. Чингис-хан как полководец и его наследие. Культурно-исторический очерк Монгольской империи XII-XIV веков. – Алма-Ата: КРАМДС-Ахмед Яссауи, 1992. – 272 с.
4. Султанов Т.И. Поднятые на белой кошме. Потомки Чингиз-хана. – Алматы: Дайк-Пресс, 2001. – 276 с.
5. Крадин Н.Н. Эволюция социально-политической организации монголов в конце XII-XIII века // Тайная история монголов: источниковедение, филология, история. – Новосибирск. – 1995. – С. 48-66.
6. Sayfaуу Yarıdır. Institution of tradition in Turkish Culture // Turk Tarihi: http://www.sedarpeker.org/data_english/0001/
7. Скрыпникова Т.Д. Харизма и власть в эпоху Чингиз-хана. – М.: Восточная литература, 1997. – 216 с.
8. Почекаев Р.Ю. Ярлыки ханов золотой орды: Историко-правовое исследование: 12.00.01. – Дисс... канд.юр.наук.: - СПб, 2006. – 216 с.
9. Григорьев В.В. О скифском народе саках. – Алматы: Хант, 1998. – 256 б.
10. Глеуқабылұлы Ө. Шыпагерлік баян / Араб қарпінен көшіргендер К. Елемес, Д. Мәсімхан. – Алматы: Жалын, 1996. – 464 б.
11. Өтеміс қажы. Шыңғыснама. / Факсимиле, транскрипциясы, мәтіннамалық ескертулер, зерттеу мақалалар В.М. Юдиндікі. Алғы сөзін жазған, түсіндірмелері мен көрсеткіштерін жасаған М.Қ. Әусейітова. – Алматы: Дайк-Пресс, 2005. – 400 б.

12. Өтеміс қажы. Шыңғыснама. / Факсимиле, транскрипциясы, мәтіннамалық ескертулер, зерттеу мақалалар В.М. Юдиндікі. Алғы сөзін жазған, түсіндірмелері мен көрсеткіштерін жасаған М.Қ. Әусейітова. – Алматы: Дайк-Пресс, 2005. – 400 б.
13. Тизенгаузен В.Г. Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды. В 2-х т: извлечения из сочинений арабских. СПб., 1884. – Т.II. - 565 с.
14. Өтеміс қажы. Шыңғыснама. / Факсимиле, транскрипциясы, мәтіннамалық ескертулер, зерттеу мақалалар В.М. Юдиндікі. Алғы сөзін жазған, түсіндірмелері мен көрсеткіштерін жасаған М.Қ. Әусейітова. – Алматы: Дайк-Пресс, 2005. – 400 б.
15. Викторин В.М. Обычное право в истории кочевой жизни ногайцев. Обычное право в России: Проблемы теории истории и практики. – Ростов на дону: СКАГС, 1999. - С. 94-111.
16. Омарбеков Т., Омарбеков Ш. Қазақстан тарихына және тарихнамасында ұлттық көзқарас. – Алматы: Қазақ университеті, 2004. – 388 б.
17. Жандарбек З. Йасауи жолы және қазақ қоғамы. Ғылыми зерттеу. Алматы: Ел-шежіре, 2006. – 256 б.
18. Сонда.
19. Сонда.
20. Сонда.
21. Трепавлов В.В. История Ногайской Орды. – М.: Восточная литература РАН, 2002. – 752 с.
22. Бердібай Р. Едіге би (аңыз бен ақиқат) / Егемен Қазақстан. - 2001. – 11 қыркүйек. - 1-4 бб.
23. Трепавлов В.В. История Ногайской Орды. – М.: Восточная литература РАН, 2002. – 752 с.
24. Омарбеков Т., Омарбеков Ш. Қазақстан тарихына және тарихнамасында ұлттық көзқарас. – Алматы: Қазақ университеті, 2004. – 388 б.
Автомобильді немесе өзге де көлік құралдарын заңсыз иеленуге дайындалу егер әрекеттің белгілері формальды болса да бар, бірақ елеулі маңызы болмағандықтан қауіпті емес, яғни «жеке адамға, қоғамға немесе мемлекетке зиян келтірмеген және зиян келтіру қаупін туғызбаған іс-әрекет немесе әрекетсіздік қылмыс болып табылмайды деген ұғыммен де сәйкес болады» деген пікірлер де айтылуы мүмкін [5, 12 б.]. Осы қылмыс құрамына қатысты мұндай елеулі маңызы болмағандықтың белгісі болып, дайындалу қауіптілігінің елеусіз болуы немесе келесі әрекеті оқталғандық пен қылмыстың аяқталуы арасындағы алшақтығымен сипатта луы мүмкін. Мысалы, белгілі бір тұлға көлік құралын заңсыз иелену мақса тында шабуыл жасауды жоспарлайды, көлік құралдары қойылатын тұрғын үйдің ауласын қарап шығады, оның сызбасын, жоспарын дайындайды. Бұл әрекет формальді қарақшылық жасауға қасақана жағдай жасау түрлерінің біріне жатуы мүмкін. Бірақ, мұндай ойдың орындалуының қиындығы және тікелей ойластырылып, орындалатын қылмысты әрекет араларының алыс тығы немесе жәбірленушіге келтірілетін қауіптің орын алмауы, елеусіз, яғни қоғамға қауіпсіз болуына әкеп соқтыруы мүмкін.

Тікелей ниетпен қылмыс құралдарын немесе қаруларын іздестіру, әзірлеу немесе бейімдеп жасау, қылмысқа қатысушыларды іздестіру, қылмыс жасауға сөз байласу не қылмыс жасау үшін өзге де қасақана жағдайлар жасау, егер бұл орайда қылмыс адамның еркіне байланысты емес мән- жайлар бойынша ақырына дейін жеткізілмесе, қылмысқа дайындалу деп танылады.

Ауыр немесе ерекше ауыр қылмысқа дайындалғаны үшін қылмыстық жауаптылық басталады.

Қылмысқа дайындалудан оқталудың айырмашылығы болып тікелей қылмыс жасауға тура бағытталған ниетпен жасалған іс- әрекет (әрекетсіздік), егер бұл орайда қылмыс адамға байланысты емес мән-жайлар бойынша ақы рына дейін жеткізілмеуі танылады. Қылмыстың ақырына дейін жеткізілмеуі осы қылмыс құрамының объективтік жағының ерекшелігіне байланысты болады.

Соттық-тергеу тәжірибесінде автомобильді немесе өзге де көлік құралда рының кабинасына айдап кету мақсатымен кіріп, оны от алдырмақшы немесе орнынан жылжытуы үшін басқадай әрекеттерді істеу жағдайларында кінәлінің әрекетін негізінен көлік құралдарын айдап кетуге оқталғандық деп дәрежелейді.

Егер кінәлі адам автомобильдің немесе өзге көлік құралының салонында жәбірленушінің келісімімен бірге болып, одан кейін қозғалыс кезінде көлік құралын басып алуы орын алса, оның әрекеті сол кезеңнен бастап аяқталған болып танылады. Мысалы, такси жүргізушісі И. түңгі сағат 2 шамасында уақытта Д., және С. деген екі азаматпен тоқтатылып, қаланың белгілі бір бұрышына апаруын өтінген. Жол жүру кезінде салоның артында отырған Д., деген азамат белдікпен жүргізушінің мойнынан орап, қорқыта отырып көлікті тоқтатып оның қол аяғын байлап сүйреу тәсілімен артқы орындыққа отырғыз ған. Екеуі өздерінің қажетті орындарына жеткен соң көлікті иесімен бірге тастап қашып кеткен [6].

Автомобильді немесе өзге де көлік құралдарын ұрлық, тонау, талан-таражға салу төсілдерімен немесе ірі мөлшердегі зиян келтіруі әрекеттері табылып, бірақ көлік құралын басып алу немесе қозғалысқа келтіре алмауы болса, яғни қылмыстың объективтік жағын құрайтын белгілердің барлығын орындауы қамтылса, кінәлінің әрекеті қылмысқа оқталу болып танылады [7, 12 б.].

Автомобильді немесе өзге де көлік құралдарын иемдену мақсатында шабуыл жасау аяқталған болып, көлік иесіне күш қолдануы сәтінен бастап танылады. Соньшен қатар, мән-жайлардың өзгеруіне байланысты мысалы, жәбірленушінің белсенді түрдегі қарсыласуы нәтижесінде көлік құралын иелене алмауы болған жағдайларда, басқа да қылмыс құрамының белгілері орын алса аяқталған қарақшылық үшін қылмыстық жауаптылық пайда болуы мүмкін.

Көлік құралдарын айдап кету мен талан-таражға салудың аяқталу кезеңдерін анықтау, аталған қылмыс бойынша қылмыстан өз еркімен бас тартудың болуы мүмкіндіктерін немесе қылмысқа қатысушылардың жауаптылығы мен жазасын айқындауда маңыздылығы бар.

Көлік құралын ұрлау мақсатынсыз заңсыз айдап кету үшін көлік құралын орнынан кез келген тәсілмен қозғалтқан кезеңнен айдап кету аяқталған болып саналады. Ал, қандай да болмасын белгілі бір уақыт аралығында көлік құралын өз мақсатында заңсыз пайдалану қылмыс құрамының шеңберінен тыс қалады.

Автомобильді немесе өзге де көлік құралдарын ұрлау мақсатынсыз заңсыз иеленген адамның жеке басын анықтау барысында туындайтын мәсе лелер аса маңызды орын алады. Мұның өзі, яғни қылмыскердің жеке басы қылмыстылықтың өзінен бөліне алмайтындығымен түсіндіріледі.

Қылмыскердің жеке басы құрылымына криминологиялық талдау жасау, оның қылмыстылық жүріс-тұрысының механизмі мен мотивациясының іске асырылуын түсінуге, оның қылмыстылыққа қатысты болашақ мінез - құлқын анықтауға және де аталған қылмыстардың алдын алу шараларын жүзеге асырудың нақты немесе тиесілі жұмыстар атқаруға қажетті жағдайлар мен мүмкіндіктер туғызады. Аталған қылмыстық әрекеттерді жасауға икемділік білдірген адамдардың ерекшеліктері мен олардың құрылуы мүмкін болған орталарын анықтауға, қылмыстық-құқықтық шараларды өңдеумен оларға қатысты қолдануды бағыттауға және көлік құралдарын айдап кетумен байланысқан сыртқы ерекше мән-жайларды айқындау керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі. Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ. <http://adilet.zan.kz>

2 Ағыбаев А.Н. Қылмыстық құқық. Ерекше бөлім: - Алматы: Жеті Жарғы, 2000.-520 б.

3. Каиржанов Е.И. О соотношении объекта, предмета и средства преступления. // Борьба с организованной преступностью и коррупцией: (Материалы международной конференции). Алматы: НИИРПО АВСШ ГСК РК, 2006.-347 с.

4. Коментарий к Уголовному кодексу РК / Отв. Редакторы: д.ю.н, профессор Борчашвили И.Ш., к.ю.н, доцент Рахимжанова Г.К. - Караганда, РГКПО «Полиграфия», 2015. - 960 с.

5. Квашиш В.Е. Ответственность за правонарушения на автотранспорте. М.: 2014. -63 с.

6. Сот материалдары тәжірибесінен

7. Нуркенов А.А. Проблемные аспекты установления ответственности за угон транспорта // Наука глазами молодежи: материалы междунар. науч.-теорет. конф. слушателей и студентов, 31 мая 2013 года.- Костанай : Костанай. академия МВД РК, 2013.- С.78-81

Каратаев Т.Ж.

Заң ғылымдарының кандидаты, Қазақ Орыс халықаралық университеті, Ақтөбе қ.

ЗОРЛАУ ҚЫЛМЫСЫНЫҢ ҚҰРАМЫНА ЗАҢДЫ ТАЛДАУ

***Түйіндеме.** Бұл мақалада көптеген әлеуметтанушылық сауалдамалар ел халқының көпшілігі өлім жазасын толық жоюды әлі ертерек деп санайтынын көрсетеді. Қоғамның пікірін ескермеуге болмайды, сондықтан ең ауыр жазаны қолдануды одан әрі шектеуге жасалған кезекті қадам ретінде өлім жазасын орындауға мораторий жариялау таңдалды.*

***Резюме.** В этой статье многие социологические опросы показывают, что большинство населения страны считает, что слишком рано устранять смертную казнь. Нельзя игнорировать мнение общества, поэтому мораторий на исполнение смертной казни был выбран в качестве следующего шага для дальнейшего ограничения применения самого серьезного наказания.*

***Summary.** In this article, many opinion polls show that the majority of the population believes that it is too early to abolish the death penalty. One can not ignore the opinion of society, so the moratorium on the execution of the death penalty was chosen as the next step to further restrict the application of the most serious punishment.*

Әрбір жеке адамның денсаулығы-ол адам өміріндегі айтарлықтай орын алатын фактор болып табылады. Себебі адам денсаулығы-оның негізгі байлығы. Осыған байланысты адам денсаулығын қорғау мәселесі-жалпы мемлекеттің, қоғамның, әрбір азаматтың негізгі борышы. Сонымен әрбір қоғам мүшесі денсаулықты сақтау шараларын жүргізу туралы мәселелерге баса назар аударып, халықтың денсаулық сақтау мәселесінің шешілуіне белгілі бір шаралар қолданып, қоғам үшін біршама септігін тигізуі керек.

Қазіргі кезде мемлекетімізде Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес денсаулықты сақтау мәселелері жөнінде мемлекеттік бағдарламалар әзірленген. Осыған орай азаматтардың денсаулығын нығайту, айналадағы қоршаған ортаны сақтау шараларын жүзеге асыру мақсатында, әсіресе өсіп келе жатқан жасөспірімдердің денсаулығын сақтау үшін мемлекеттік және жеке емдеу мекемелері заңға сәйкес ақылы түрде не тегін медициналық жәрдем көрсетуді жүзеге асырып отыр. Әрбір адамның өмір сүруге толық құқығы бар [1,246]. Өмір сүру құқығы осы саладағы барлық басқа құқықтар мен бостандықтардың бастапқы негізін құрайды. Ол әлемдік өркениеттің абсолютті құндылығы болып табылады, өйткені адам қайтыс болған жағдайда қалған құқықтардың барлығы мағынасы мен мәнін жоғалтады. Бұл іргелі құқықты адамның жеке басының мемлекет, оның өкілдері не болмаса жеке тұлғалар тарапынан оның өміріне кез келген заңсыз қол сұғушылықтан еркін болу құқығы ретінде қарастыруға әбден болады.

Өмір сүру құқығының әлеуметтік шарттары бірқатар конституциялық қағидалармен: қауіпсіздік пен тазалық талаптарына сай келетін еңбек ету жағдайына құқығымен (ҚР Конституциясы 24-бабының 2 тармағы); жасына келген, және науқастанған, мүгедек болған, асыраушысынан айырылған жағдайда әлеуметтік қамсыздандырылумен (28-бап); денсаулығын сақтау мен мемлекеттік және жеке меншік емдеу мекемелерінде медициналық жәрдем алумен (29-бап) және басқа да кепілдіктермен қамтамасыз етіледі.

Іс жүзінде қалған барлық құқықтар қалай да болмасын өмір сүру құқығының айналасында бірігеді. Мысалға, әлеуметтік қорғалуға, қолайлы қоршаған ортаға, лайықты өмір сүруге құқығы, сол сияқты азаптаулардан және басқа да қатыгез, адмгершілікке жатпайтын және ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлерінен еркін болу құқығы оның тиімді жүзеге асырылуын қамтамасыз етудің қосымша құралдары болып табылады. Мемлекет бұл құқықтарды мойындауға және қолда бар барлық құралдармен адамның өмір сүруі үшін қолайлы жағдай жасауға міндетті. Жеке адамның өмірі мен денсаулығына қарсы жасалатын қылмыстың аса ауыр қылмыстық жазаланатын іс-әрекет санатын құрайтыны кездейсоқ емес.

Бұл саладағы бөлек проблема – мемлекеттің аса ауыр қылмыс жасаған адамдарға жазаның ауыр шарасы ретінде өлім жазасын қолдану құқығы. Өмір сүру құқығы өлім жазасын шектеу де болып табылады. 2011 жылғы Қазақстан Республикасы Конституциясының (бұдан әрі – Конституция) 15-бабында былай деп бекітілген:

1. Әркімнің өмір сүруге құқығы бар.

2. Ешкімнің өз бетінше адам өмірін қиюға хақысы жоқ. Өлім жазасы адамдардың қаза болуымен байланысты террористік қылмыстар жасағаны үшін, сондай-ақ соғыс уақытында ерекше ауыр

қылмыстар жасағаны үшін ең ауыр жаза ретінде заңмен белгіленеді, ондай жазаға кесілген адамның кешірім жасау туралы өтініш ету хақы бар.

«Ешкімнің өз бетінше адам өмірін қиюға хақысы жоқ. Өлім жазасы адамдардың қаза болуымен байланысты террористік қылмыстар жасағаны үшін, сондай-ақ соғыс уақытында ерекше ауыр қылмыстар жасағаны үшін ең ауыр жаза ретінде заңмен белгіленеді, ондай жазаға кесілген адамның кешірім жасау туралы өтініш ету хақы бар» деген тұжырым Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық фактінің (бұдан әрі – АСҚХП) 6-бабының 2-ші тармағына және БҰҰ-ның Адам құқықтары жөніндегі комитетінің жалпы реттегі №6 Ескертуінің 7- тармағында келтірілген осы баптың түсініктемесіне сәйкес келеді[2,1246]. ҚР Қылмыстық кодексінің 6-бабының 5 бөлігіне сәйкес өлім жазасы рақымшылық жасау тәртібімен өмір бойы бас бостандығынан айырумен немесе айрықша режимдегі түзеу колониясында жазасын өтеуге жиырма бес жыл бас бостандығынан айырумен алмастырылуы мүмкін, бұл АСҚХП 6-бабының 4- тармағына сәйкес келеді.

2003 жылғы 17 желтоқсанда Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев «Қазақстан Республикасында өлім жазасына мораторий енгізу туралы» Жарлыққа қол қойды. Бұл Жарлыққа Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Конституциясының әркімнің өмір сүру құқығын бекітетін 15-бабының 1 тармағына сәйкес қол қойған, ол Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнаманы одан әрі ізгілендіру туралы құқықтық саясат тұжырымдамасының қағидаларын жүзеге асыруға бағытталған және өлім жазасын қолдануды шектеуге бағытталған бағдарының заңды жалғасы болып табылады.

Көптеген әлеуметтанушылық сауалдамалар ел халқының көпшілігі өлім жазасын толық жоюды әлі ертерек деп санайтынын көрсетеді. Қоғамның пікірін ескермеуге болмайды, сондықтан ең ауыр жазаны қолдануды одан әрі шектеуге жасалған кезекті қадам ретінде өлім жазасын орындауға мораторий жариялау таңдалды. Жарлық соттардың өлім жазасы туралы үкімді орындауды тоқтата тұруын көздейді. Өлім жазасына балама ретінде өмір бойы бас бостандығынан айыруды енгізу өзін-өзі ақтайды деп ойлаймыз. Бұл ретте өлім жазасының өзі қылмыстық жазалау түрі ретінде жойылмайды, тек соттардың өлімге кесуді орындауын тоқтатады. Мораторийдің мерзімі шектелмейді, тек қажет кезінде күші жойылады. Өмір бойы қамауға алу институтының пайда болуы соттардың өлім жазасын кесу жағдайларын барынша азайтады, бұл өлім жазасынан толықтай бас тарту үшін нақты алғы-шарттар жасайды деп ойлауға әбден болады. Қазіргі уақытта Қазақстанның Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық фактінің Екінші Факультативтік хаттамасына қол қойып, ратификациялау мүмкіндіктері туралы мәселе және еліміздің қылмыстық жазалау ретіндегі өлім жазасын қолданудан толықтай бас тартуы бойынша пікірталас жүруде. Бұл ҚР Конституциясының адам өмірі мен оны қорғаудың ажырамас қағидасын жариялауымен тікелей байланысты[3,1046].

ҚР Конституциясының 15-бабына енгізілген өзгерістер өлім жазасын қолдану шеңберін едәуір тарылтып, бұл мәселенің түпкілікті шешілуін заңның қарауына береді. Бірақ заң өлім жазасын сақтаудың қажеттігі немесе керісінше оны қолданудан толық бас тарту туралы мәселе бойынша әртүрлі келіспеушіліктердің болуынан әлі күнге дейін қабылданған жоқ.

Өлім жазасын сақтауды жақтайтындар өз ұстанымдарын аса ауыр қылмыстардың өсу қаупімен дәлелдейді. Дегенмен де, өлім жазасын орындауға мораторий енгізілген күннен бері мұндай құбылыс байқала қойған жоқ, әйтсе де өлім жазасы түріндегі жазалау іс жүзінде болған жоқ. Өткен жылдардағы үкімдер бойынша (негізінен мораторий енгізгенге дейін) өлім жазасына кесілген сотталғандар бас бостандығынан айыру орындарында ұсталып, нақ бас бостандығынан айыруды өтеді. Енді олардың барлығына өлім жазасы жазалаудың басқа түрімен алмастырылды. Бұл жерде адам қоғам байлығы оған ешкімнің қолсұғуға қақысы жоқ[4,1086].

Денсаулық дегеніміз-адам ағзасының дұрыс әрі қалыпты жұмыс істеуі. Яғни, адам ағзасының әрбір органы, әрбір мүшесі сол жаратылған қалпында сақталып, оның дұрыс әрі қалыпты түрде белгілі бір қызметті атқаруы. Денсаулыққа кейбір жағдайда қауіп төніп әртүрлі жарақаттар салып адамдар зиян шегеді. Ал біздің қоғамның негізгі құндылығы адам болып табылады. Сол адамның денсаулығы ең негізгі мәселе болып табылады[5,1146].

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Бұғыбай Д. “Қылмыстық жауаптылықтан босату түсінігі”, // Заң, №3, 2014ж., 58-64-б.
2. Парадинова А. “Жазаны өтеуден мерзімінен бұрын шартты түрде босату”, // Заң, №12, 2012ж., 49-51-б.
3. Ераксин В.В., Помчалов Л.Ф. Погашение и снятие судимости в советском уголовном праве. - М., 2015.
4. Полина В.В. Погашение и снятие судимости по советскому уголовному праву. - Харьков., 2014.
5. Багрий-Шахматов А. В. Уголовная ответственность и наказание. Минск., 2016.

Сейтмагамбетов Сағадат Сағынтайұлы
«Құқықтану» мамандығының магистранты

Каратаев Т.Ж.

Заң ғылымдарының кандидаты, Қазақ Орыс халықаралық университеті Ақтөбе қ.

**АРНАЙЫ ҚЫЗМЕТТЕРДІ АТҚАРУ ТӘРТІБІНЕ ҚИЯНАТ
ЖАСАЙТЫН ҚЫЛМЫСТАР**

***Түйіндеме.** Бұл мақалада құрылымына сай қылмыстың құрамы формалды-материалды, себебі қылмыс тәртіптерді бұзу мемлекет қауіпсіздігі мүдделеріне зиян келтірсе немесе келтіруі мүмкін болса аяқталған болып есептеледі. Мемлекет қауіпсіздігі мүдделеріне зиян келтіргені немесе келтірмегені әр бөлек жағдайда оқиғаның нақты жағдайларына байланысты анықталады.*

***Резюме.** В этой статье характер преступления официально считается материальным, поскольку нарушение закона будет представлять угрозу интересам безопасности государства. В каждом случае, пострадают ли интересы безопасности государства или нет, они определяются фактическими обстоятельствами события.*

***Summary.**In each case, whether the security interests of the state are affected or not, they are determined by the actual circumstances of the event. In each case, whether the security interests of the state are affected or not, they are determined by the actual circumstances of the event.*

Жауынгершілік кезекшілікті атқарудың ережелерін бұзу. Бұл қылмыстың мәнісі – мемлекеттің қауіпсіздігі мүдделеріне зиян келтіретін немесе зиян келтіруі мүмкін Қазақстан Республикасына кенеттен жасалған шабуылды дер кезінде байқау және тойтару бойынша не оның қауіп-сіздігін қамтамасыз ету бойынша жауынгершілік кезекшілікті (жауынгершілік қызмет) атқарудың ережелерін бұзу әрекеттерінде болып келеді[1,15].

Қылмыстың нақты объектісі – Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінің ішкі қызмет Жарғысымен, басшылықтың басқа нормативтік актілерімен анықталған және Қазақстан Республикасының құрлық, теңіз және ауа аумағына қол сұқпаушылықты қамтамасыз ететін жауынгершілік кезекші (жауынгершілік қызметті) атқарудың тәртібі.

Жауынгершілік кезекшілік (жауынгершілік қызмет) – жауынгершілік міндетті орындау болып келеді. Ол әскери бөлімдерден, әскери күштер түрлерінің және әскер тектерінің бөлімшелерінен тағайындалған кезекші күштер және құралдармен жүзеге асырылады. Кезекші күштер және құралдардың құрамына жауынгершілік есептер, кемелер мен ұшу аппараттарының экипаждары, басқару пункттерінің және әскери қамтамасыз ету және қызмет көрсетудің күштері және құралдарының кезекші сменалары кіреді[2,45].

Қылмыстың объективтік жағы – құрлық, теңіз және ауа аумағына қол сұқпаушылықты қорғау немесе Қазақстан Республикасына кенет шабуыл жасауды тойтару бойынша әскери кезекшілікті атқарудың тәртіптерін қалай да болсын бұзудан құралады.

Бұзушылық – жауынгершілік кезекшілікті өз бетімен тастап кетуде, пайда болған нысанаға бақылауды тоқтатуда, жауынгершілік тапсырманың орындалуын қамтамасыз ететін қосылған радиотехникалық және өзге аппарат-атураны назарсыз қалдыруда, кезекшілік кезінде спирт ішімдіктерін ішуде және с.с. көрінуі мүмкін.Әрбір ретте нақты жағдайда, қандай тәртіптер бұзылғанын анықтау қажет [3,154].

Құрылымына сай қылмыстың құрамы формалды-материалды, себебі қылмыс тәртіптерді бұзу мемлекет қауіпсіздігі мүдделеріне зиян келтірсе немесе келтіруі мүмкін болса аяқталған болып есептеледі.

Мемлекет қауіпсіздігі мүдделеріне зиян келтіргені немесе келтірмегені әр бөлек жағдайда оқиғаның нақты жағдайларына байланысты анықталады. Бұзушылық пен келтірілген зиян немесе зиян келтірілу мүмкінділігі арала-рындағы себепті байланыс анықталуы тиіс.

Қылмыстың субъективтік жағы – тікелей немесе жанама қасақаналық түріндегі қасақана кінәмен сипатталады.

Ауыр зардап болып мыналар танылуы мүмкін: Қазақстан Республикасы аумағына шетелдік әскери, барлаушылық ұшақтардың, кемелердің өтіп кетуі, адамдардың өлуі, қатардан әскери техниканың шығуы, маңызды әскери шараның сәтсіздікке ұшырауы және с.с. Кінәлінің іс-әрекеттері мен ауыр зардап арасындағы себепті байланыс анықталуы тиіс.

Қылмыстың субъектісі арнайы – тиісті командир (бастықтың) бұйрығымен әскери кезекшілік (әскери қызметті) атқаруға тағайындалған әскери қызметші[4,78].

Шекаралық қызмет атқарудың ережелерін бұзу

Нақты объект болып – 2013 жылғы 16 қаңтардан "Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасы туралы" Қазақстан Республикасы Заңымен бекітілген шекаралық режим сақталуын қамтамасыз ететін қатынастар келеді.

Қылмыстың объективтік жағы – шекаралық наряд құрамына кіретін адамның шекараның қорғалатын учаскесін тастап кетуінде, қорғау маскировканы бұзу, шетелдік мемлекеттің шекаралық күзетімен құқыққа қайшы қатынасқа кіру, заставаға мемлекеттік шекараның бұзылуы жөнінде хабарламау, қару мен қорғаныстың арнайы құралдарын қолданудың тәртіптерін сақтамауда және с.с. көрінеді.

Мемлекет қауіпсіздігі мүдделеріне зиян келтіргені немесе келтірмегені әр бөлек жағдайда оқиғаның нақты жағдайларына байланысты анықталады.

Қылмыстың субъективтік жағы – тікелей немесе жанама қасақаналық түріндегі қасақана кінәмен сипатталады.

Қылмыстың субъектісі – мемлекеттік шекараны қорғау бойынша шекаралық нарядтың құрамына кіретін әскери қызметші.

Ауыр зардап ретінде: мемлекеттік шекара арқылы есірткі, улы, уландыратын, радиоактивті және жарылғыш заттардың, қару-жарақтың, жару құралдарының, оқ-дәрілі қарудың, оған арналған оқ-дәрілерді, ядролық, химиялық, биологиялық және жаппай құрту қаруының басқа түрлерінің, оларды дайындау үшін материалдардың, сол сияқты Қазақстан Республикасы мен шет елдер халықтарының көркемөнерлік, тарихи және археологиялық байлығы заттарының заңсыз ауысуы, ҚР аумағына шетелдік барлау агенттерінің өтіп кетуі, адамдардың құрбан болуы және с.с. танылады.

Бұл бөліктегі қылмыс құрамы – материалды, қылмыс көрсетілген ауыр зардап туындаған сәттен бастап аяқталған болып есептеледі.

Қарауыл (вахта) қызметін атқарудың жарғылық ережелерін бұзу

ҚК бұл қылмыс – қарауыл (вахта) күзететін объектіге зиян келтірілген немесе өзге зиянды зардаптардың болуына әкеп соқтырған қарауыл (вахта) құрамына кіретін адамның қарауыл (вахта) қызметінің жарғылық ережелерін бұзуы ретінде тұжырымдалады.

Қылмыстың нақты объектісі болып – қарауыл немесе вахта қызметін атқарудың тәртібі болады.

Қарауыл қызметі жауынгершілік туларды, қару-жарақ, әскери техника, басқа материалдық құндылықтар сақталатын қоймаларды және өзге де әскери, мемлекеттік объектілерді берік қорғау, сол сияқты гаупвахтада және тәртіптік әскери бөлімде ұсталатын адамдарды қорғау үшін арналған.

Қарауыл қызметіне Әскери-Теңіз флотының кемелеріндегі вахта қызметі, сол сияқты қамауда ұсталатын немесе ТМ-де жазасын тартып жатқан адамдарды күзету және алып жүру бойынша қызмет теңестіріледі [5,23].

Қарауыл деп – жоғарыда көрсетілген әскери міндеттерді орындау үшін тағайындалған қаруландырылған бөлімше аталады. Қарауылдың құрамына: қарауылдың бастығы, пост және сменалардың санына сай қарауылшылар, ауыстырушылар, ал қажет болған жағдайда қарауыл бастығының күзеттің техникалық құралдары және с.с. бойынша қарауыл бастығының көмекшілері тағайындалады.

Қылмыстың объективтік жағы – Қарауыл қызмет Жарғысын және оны дамыту үшін қабылданған немесе өзге нормативтік актілерді бұздан құралады және күзетілетін объектіні өз бетімен тастап кетуде, осы объектіге бөтен адамдарды жіберуде, өрт болған жағдайда жауынгершілік туды сақтау бойынша тиісті шараларды қолданбауда, қаруды дұрыс қолданбауда, дабыл қағу тәртіптерін сақтамауда, поста ұйықтауда және с.с. көрінісін табуы мүмкін. Қылмыстық іс-әрекет қарауыл (вахта) күзететін объектілерге зиян келтіруге әкеліп соқтырса аяқталған болып есептеледі. Мысалы: Күзетілетін объектіден әскери мүлік ұрланған, бөлімнің жауынгершілік туы бүлінген, жойылған немесе ұрланған, қамауға алынғанның бас бостандығынан айыру жерінен қашып кетуі болады және с.с. Қылмыс құрамы үшін іс-әрекет және туындаған зардап арасындағы себепті байланысты анықтау міндетті болып келеді.

Жауапкершілікті екі қылмыс үшін қарастырады: бөлімнің тәуліктік нарядына (қарауыл мен вахтадан басқа) кіретін адамның ішкі қызмет атқарудың жарғылық ережелерін бұзуы үшін, сол сияқты пат-руль нарядының құрамына енген адамның гарнизонда патруль болудың жарғылық ережелерін және осы ережелерді дамытуға шақырылған бұйрықтарды мен өкімдерді бұзуы үшін, егер ол зиянды зардаптарға әкеп соқса, оның алдын алу осы адамның міндетіне кіретін болса.

Бірінші қылмыстың нақты объектісі – Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің ішкі қызмет Жарғысымен реттелетін ішкі қызмет атқарудың тәртібі, екіншісінің – гарнизонда патрульдық қызмет атқарудың тәртібі.

Екі қылмыстың да объективтік жағы әрекеттен әлде әрекетсіздіктен, туындаған зиянды зардаптан және бұзушылық пен зардап арасындағы себепті байланыстан құралуы мүмкін.

Тәуліктік нарядтар бөлімдерде, бөлімшелерде (кемелерде) олардың командирлерімен (бастықтарыменен) ішкі тәртіпті сақтау, жеке құрамды, әскери техниканы, оқ-дәрілерді, әскери бөлім (бөлімше) мүлкін, мекен-жайларын қорғау үшін, бөлімшелерде істердің халын бақылау және құқық бұзушылықтардың алдын алу шараларын дер уақытында қолдану, сол сияқты ішкі қызмет бойынша басқа да міндеттерді атқару үшін тағайындалады.

Жарғылық тәртіптерді бұзу белсенді әрекеттерде – постты өз бетімен тастап кетуде, қаруды заңсыз қолдануда және с.с. немесе әрекетсіздікте – объектіде пайда болған өрт туралы уақытылы хабарламауда, бөлім (бөлімшенің) күзетілетін аумағына бөтен адамдарды жіберуде және с.с. көрінісін табуы мүмкін[6,76].

Әр гарнизонда патрульдеу гарнизон бастығының бұйрығы бойынша тәртіпті сақтау және әскери қызметшілерінің көшелерде, басқа қоғамдық орындарында, темір жол станцияларында, вокзалдарда, порттарда, әуе-жайларда, сол сияқты гарнизонға тіреспетін елді мекендерде әскери тәртіпті сақтауын бақылау үшін ұйымдастырылады.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. *Лунеев В.В. Нарушения можно предупредить. М., 2013 Молдабаев С. Әскери қылмыстар. Практикалық оқу құралы.-Алматы; Өркениет. 2013. 260 б.*
2. *Мозговых Г.А. Криминалистическая характеристика преступления. Алматы, 2011*
3. *Мацкевич И.М., Эминов В.Е. Преступное насилие среди военнослужащих, М., 2014.*
4. *Мацкевич И.М. Криминологический и уголовно-правовой анализ преступлений против военной службы // Государство и право. 2012. № 6. С. 57-63.*
5. *Наумов А.В. Уголовное право. Общая часть. М,2013*
6. *Уголовное право. Особенная часть \ \ Под ред. В.Н.Кудрявцева, А.В.Наумова М., 2013*

Смаилов Мирас Оразалиевич

магистрант 2-го курса Академии правоохранительных органов при
Генеральной прокуратуре РК, капитан полиции, medinaadiya@mail.ru

ОСНОВНЫЕ НАПРАВЛЕНИЯ ПОВЫШЕНИЯ ЭФФЕКТИВНОСТИ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ГОСУДАРСТВЕННЫХ И ПРАВООХРАНИТЕЛЬНЫХ ОРГАНОВ ПО ПРОФИЛАКТИКЕ КРАЖ

Аннотация: В данной статье автор описывает основные направления повышения эффективности деятельности государственных и правоохранительных органов по профилактике краж в Республике Казахстан. Разработка и реализация мер по общесоциальной и специально- криминологической профилактике краж является обязанностью всех государственных органов Республики Казахстан.

Ключевые слова: профилактика краж, государственные и правоохранительные органы, местная полиция, кража

Аңдатпа: Осы мақалада автор Қазақстан Республикасында ұрлықтың алдын алуда мемлекет пен құқық қорғау органдарының тиімділігін арттырудың негізгі бағыттарын сипаттайды. Ұрыстанудың жалпы әлеуметтік және арнайы криминологиялық алдын алу шараларын әзірлеу және іске асыру Қазақстан Республикасының барлық мемлекеттік органдарының жауапкершілігі болып табылады.

Түйінді сөздер: ұрлықтың алдын алу, мемлекеттік және құқық қорғау органдары, жергілікті полиция, ұрлық

Annotation: In this article, the author describes the main directions for increasing the effectiveness of state and law enforcement agencies in the prevention of theft in the Republic of Kazakhstan. Development and implementation of measures for general social and special criminological prevention of theft is the responsibility of all state bodies of the Republic of Kazakhstan.

Keywords: theft prevention, state and law enforcement agencies, local police, theft

Разработка и реализация мер по общесоциальной и специально- криминологической профилактике краж является обязанностью всех государственных органов Республики Казахстан. При этом в системе государственной власти можно выделить три органа, для которых предупреждение краж является одной из первоочередных целей, составляет важное направление повседневной деятельности – органы внутренних дел, органы местного самоуправления и органы прокуратуры.

Ведущая роль в профилактике краж принадлежит органам внутренних дел, на которые в соответствии с Законом Республики Казахстан от 23 апреля 2014 года № 199-V «Об органах внутренних дел Республики Казахстан» возложены задачи по профилактике правонарушений, охране общественного порядка, борьбе с преступностью, исполнению уголовных наказаний и административных взысканий. Главным звеном единой системы органов внутренних дел по разработке и реализации специально-криминологических мер профилактики краж являются центральные и территориальные органы полиции, структурно состоящие из криминальной полиции, административной полиции, подразделений следствия, дознания и иных подразделений.

Указанные подразделения полиции в рамках своих полномочий непосредственно реализуют меры по профилактике краж, их раскрытию и расследованию, выявлению лиц, совершающих кражи, взаимодействуют с гражданами, представителями общественности, органами местного самоуправления. Органами внутренних дел проводится большая работа по профилактике, выявлению и раскрытию краж, однако, как показывают статистика и практика, эффективность этой деятельности требует повышения.

Можно выделить несколько направлений повышения эффективности профилактики краж органами внутренних дел. В настоящее время государством уже предприняты определенные действия по их реализации. В ноябре 2015 года в рамках реализации 30 шага «Плана нации - 100 конкретных шагов по реализации пяти институциональных реформ Главы государства Нурсултана Назарбаева» 1 создана местная полицейская служба [1].

Местная полицейская служба – новый правоохранительный институт в структуре органов внутренних дел, созданный для максимального приближения правоохранительной деятельности к потребностям граждан, установления подотчетности правоохранительных органов перед местными исполнительными органами и местным сообществом, повышения уровня доверия населения к полиции. Создание местной полицейской службы призвано повысить роль и ответственность местных исполнительных органов в области обеспечения охраны порядка в регионах, обеспечить создание системы профилактики на местном уровне.

В настоящее время по Республике численность местной полиция составляет более 25 тыс. сотрудников. Из них 7,6 тысяч единиц – участковые инспектора полиции. Вошедшие в состав местной полицейской службы участковые инспектора полиции и их помощники являются ключевым звеном в системе профилактики краж. Непосредственно на них возложена обязанность наведения порядка и предупреждения правонарушений по месту жительства граждан на конкретном административном участке.

В рамках реализации специально-криминологических мер профилактики краж участковые инспектора полиции осуществляют контроль за поведением более чем 160 тыс. человек, состоящих на профилактических учетах (19,6 тыс. ранее судимых, 74,5 тыс. алкоголиков, 17,4 тыс. наркоманов, 24,4 тыс. условно осужденных и т.д.), вносят существенный вклад в раскрытие преступлений (в 2016 году с их участием раскрыто более 35,3 тыс. преступлений). Наряду с профилактикой преступлений одной из главных задач местной полиции являются охрана общественного порядка, возложенная на подразделения дорожной и патрульной полиции с 2013 года объединенные в единую службу.

Самое многочисленное структурное подразделение местной полиции (11,6 тыс. человек), осуществляет патрулирование улиц, других общественных мест, борется с уличной преступностью, должно оперативно реагировать на все правонарушения. Вместе с тем, деятельность органов внутренних дел сопряжена с целым рядом проблем, оказывающих непосредственное влияние на реализацию задач по борьбе с кражами.

Тесно взаимосвязаны проблемы социальной защиты и материально-технического обеспечения, а также проблема кадрового состава. К примеру, не решены вопросы обеспечения условий работы и социальной защиты участковых инспекторов, особенно в сельских районах. Из 2,7 тыс. участковых пунктов полиции по Казахстану 1,4 тыс. нуждаются в ремонте, дополнительно требуется строительство 430 новых участковых 209 пунктов. Удаленный доступ к информационным базам данных МВД РК имеют только 38% участковых пунктов полиции. Почти треть участковых не обеспечена жильем, столько же сельских участковых не имеют служебных автомашин и радиостанций. Изменения в уголовно-процессуальном законодательстве вызвали увеличение объема работы многих подразделений, особенно служб следствия и дознания.

Принятый в 2014 году Уголовно-процессуальный кодекс исключил из уголовного процесса стадию доследственной проверки [2]. В результате по итогам 2015 года служебная нагрузка на одного следователя составила 135 уголовных дел (норматив–41), на дознавателя – 253 уголовных дела (норматив – 51). Вышесказанное порождает проблему с кадровым составом и профессиональным уровнем сотрудников. Ежегодно из органов внутренних дел увольняются около 6,5 тысяч полицейских, из них 40% – по собственному желанию. Основными причинами увольнений являются низкие оклады и тяжелые условия работы (ненормированный рабочий день и т.д.). Так зарплата сотрудников дорожной полиции составляет в среднем 60-70 тысяч тенге, участковых инспекторов – 140 тыс. тенге (25,5 тысяч тенге). В результате основной контингент сотрудников составляют люди в возрасте до 30 либо старше 50 лет. Удельный вес наиболее трудоспособной части сотрудников возрастом от 35 до 45 лет крайне низок. Решение указанных проблем является необходимым условием повышения эффективности деятельности органов внутренних дел по противодействию кражам.

2 ноября 2015 года принят Закон Республики Казахстан «Об общественных советах» впервые на столь высоком уровне (не постановлений Правительства, приказов министров или акимов) устанавливающий и регулирующий взаимодействие органов власти и их представителей с гражданами [3].

С 1 января 2016 созданные на республиканском и местном уровне общественные советы должны принять участие в решении стратегических вопросов развития региона, как медиаторы оказывать содействие в формировании, воспитании сознания, ответственности любого гражданина.

Роль прокуратуры в профилактике краж напрямую вытекает из тех задач, которые возложены на нее государством. Начиная с момента создания и на всех этапах государственного развития, прокуратура осуществляет надзор за точным и единообразным исполнением Конституции и законов, защиту интересов государства, социально-экономических, политических и личных прав и свобод граждан, предотвращение правонарушений.

Органами прокуратуры Республики Казахстан проводится систематическая работа по разработке и реализации мер по предотвращению преступлений, одним из важнейших направлений которой является профилактика краж. К примеру, в рамках реализации проекта Генеральной прокуратуры Республики Казахстан «Стоп кражам» прокуратурой г. Астаны проведен целый ряд мероприятий, направленных на устранение причин и условий, способствующих совершению краж.

В результате заключенных меморандумов о сотрудничестве с торгово-развлекательными центрами, пересмотренными маршрутами патрулирования комплексных сил полиции, в том числе путем увеличения их штатной численности, количество совершаемых краж по городу снизилось на 3%. Межведомственной рабочей группой совместно с АО «Казактелеком» прорабатывается несколько соглашений, направленных на снижение количества краж, одним из которых является внедрение проекта «Облачное видеонаблюдение».

Согласно проекту в период с 2016 по 2018 года в подъездах многоэтажных домов Республики Казахстан будет установлено около 28 тысяч камер видеонаблюдения, из которых на территории столицы – более 1500 камер. При этом жители домов получают возможность просмотра видеозаписей в онлайн режиме, с одновременным их сохранением на центральном сервере АО «Казактелеком». Комитетом правовой статистики и специальных учетов Генеральной прокуратуры разработана «Карта уголовных правонарушений», функционирующая в онлайн режиме на территории всей Республики[4].

С момента внесения статистической карточки о совершенном преступлении в базу КПКСУ информация о преступлении автоматически отражается на карте, показывая действительную картину криминальной ситуации в том или ином районе. Информация о преступлении отражает вид преступления, его предварительную квалификацию согласно уголовному законодательству.

При помощи Карты правонарушений возможно проведение ежедневного анализа криминогенной ситуации и выявление районов, требующих повышенного внимания соответствующих органов, установления причин роста краж именно на данной территории. Результаты анализа криминогенной ситуации в населенном пункте на основании данных электронной карты правонарушений может быть использован (и используется) для формирования маршрутов и дислокации патрулей, выставления дополнительных нарядов полиции и т.д. Проблемным моментом в деятельности всех государственных органов является отсутствие совместных программных документов в сфере борьбы с преступностью, в том числе по организации совместной работы по противодействию кражам, недостаточное количество и качество методических материалов по деятельности субъектов предупреждения преступности.

В настоящее время Министерством внутренних дел Республики Казахстан работа по противодействию кражам организована в рамках отдельной Программы на 2015-2017 годы, в которой задействованы только органы внутренних дел, т.е. она носит узковедомственный характер. В силу своего особого конституционного статуса органы прокуратуры могут и должны не только осуществлять в рамках своих полномочий криминологическую профилактику преступлений, но и выступать в качестве координатора деятельности других правоохранительных органов[5].

Как отметил Лидер нации Президент Республики Казахстан Н.А. Назарбаев: «Органам прокуратуры отводится ключевая роль, поскольку они наделены большими полномочиями в правовой сфере, координируя деятельность всех других правоохранительных органов»[6]. В связи с этим, одним из основных направлений деятельности органов прокуратуры по криминологической профилактике преступности является разработка и координация реализации ведомственных и межведомственных планов (проектов), предусматривающих систему мероприятий, направленных на предупреждение отдельных видов и групп преступлений и в целом всей преступности, на определенной территории.

Такие программы призваны обеспечить взаимодействие и согласованную работу всех субъектов предупреждения. Они включают в себя мероприятия, направленные на изучение с учетом региональных особенностей причин и условий, способствующих совершению преступлений; информирование руководства предприятий, учреждений и организаций всех форм собственности, иных должностных лиц и граждан о формах и методах защиты от преступных посягательств; обеспечение взаимодействия государственных и местных органов управления с населением, общественными объединениями, СМИ по вопросам охраны правопорядка; внесение предложений по паспортизации объектов хранения материальных ценностей, их технической оснащенности; осуществления других общепрофилактических мероприятий.

Примером успешного осуществления координирующей деятельности прокуратуры по криминологической профилактике краж может послужить реализуемый в период с 2013 по 2016 гг., разработанный прокуратурой Костанайской области, Проект по противодействию кражам. До 2013 г. в области, как и в целом по стране, ежегодно увеличивалось количество совершенных краж, их удельный вес в структуре общей преступности достиг 70 %. На протяжении 2-х лет с 2013 по 2014 гг. прокуратурой области проведена серьезная работа по разработке на основе глубокого анализа ряда координирующих мер по противодействию кражам в регионе.

Результатом этой работы стало принятие и реализация совместно с акимами, уполномоченными государственными и правоохранительными органами, общественными организациями и представителями бизнеса Проекта по противодействию кражам (далее – Проект). Проект предусматривает разработку и реализацию ежегодных Планов по 10 основным направлениям (вопросам), каждый из которых предусматривает проведение конкретных мероприятий по их разрешению с указанием исполнителей, сроков и планируемых результатов после их исполнения.

Благодаря совместной скоординированной работе представителей государственных и правоохранительных органов, общественных объединений, бизнес структур и граждан были достигнуты существенные успехи практически по всем направлениям Проекта.

Как следует из данных статистики, в период с 2013 по 2016 годы произошло снижение:

- общего числа краж на 26,6 %;
- квартирных краж на 19,3 %;
- краж транспортных средств на 52%;
- краж скота на 48 %;
- краж сотовых телефонов на 54 %.

На основании всего вышеизложенного, можно сделать следующие выводы.

Основными направлениями совершенствования деятельности государственных органов и органов по профилактике краж являются:

1. Улучшение мер социальной защиты и материально-технической базы органов внутренних дел, укрепление кадрового состава.

2. Построение в регионах эффективной системы профилактики краж, основанной на программах по борьбе с кражами, разрабатываемых органами местного самоуправления, усилении взаимодействия всех местных органов власти и управления в сферах занятости населения, здравоохранения, образования, неправительственных организаций, охранных агентств и т.д.

3. Развитие и закрепление роли прокуратуры как координатора деятельности правоохранительных органов, органов местной представительной и исполнительной власти, общественности по применению мер общесоциальной и специально-криминологической профилактики краж.

4. Разработка и использование в профилактической деятельности новейших информационных технологий и ресурсов.

5. Разработка и принятие на региональном и республиканском уровне межведомственных программных документов, которые позволят всем заинтересованным органам предпринять комплексные скоординированные меры для достижения поставленных целей. Подводя итоги третьего раздела работы можно сделать следующие выводы.

На сегодняшний день в Республике Казахстан сформирована единая правовая система регламентирующая профилактику правонарушений, в том числе и краж. Однако практика борьбы с правонарушениями обуславливает необходимость разработки новых и совершенствования действующих нормативно-правовых актов в данной сфере. Одной из важных задач в сфере профилактики правонарушений является разработка мер по стимулированию активного социально-полезного поведения граждан, направленного на противодействие преступлениям.

На основе изучения деятельности органов внутренних дел, прокуратуры, органов местного самоуправления, с учетом успешного опыта координирующей деятельности прокуратуры, автором предлагается ряд мер, направленных на совершенствование деятельности государственных органов и органов по профилактике краж.

Проведенное исследование уголовно-правовых и криминологических аспектов кражи позволяет сделать следующие выводы:

1. Начиная с момента возникновения государственности и на всех этапах развития, уголовное законодательство Казахстана устанавливало ответственность за кражу. Уже в первых памятниках казахского права предусматривалась дифференциация кражи по видам в зависимости от предмета кражи либо от объективных или субъективных признаков. Кража всегда признавалась достаточно опасным видом преступления, за совершение которого предусматривалась смертная казнь, телесные наказания, лишение свободы на длительные сроки либо крупные штрафы.

2. Уголовные законодательства Казахстана и России в течение длительного периода времени развивались в тесной взаимосвязи, эта связь сохранилась и до сегодняшнего времени. Уголовные кодексы двух стран дают полностью идентичные определения хищения и кражи, как одной из его форм. Одинаков подход к определению кражи, моменту ее окончания, совпадают отдельные квалифицирующие и особо квалифицирующие признаки. В то же время, сравнительный анализ правовых норм показывает наличие определенных особенностей:

2.1 Одним из наиболее существенных изменений нового Уголовного кодекса Республики Казахстан от 03 июля 2014 года № 226-V ЗРК (далее – УК РК), действующего с 1 января 2015 года, стало введение понятие «уголовное правонарушение», которое в зависимости от степени общественной опасности и наказуемости подразделяется на преступления и уголовные проступки (статья 10 УК РК)[7]. В уголовном кодексе Казахстана криминализовано мелкое хищение, относящееся к категории уголовных проступков.

2.2 Следует отметить разницу в оценке тайности хищения Верховными судами Республики Казахстан. Верховный суд Республики Казахстан к лицам, на молчание которых может рассчитывать виновный, относит не только родственников, но и других лиц, с которыми преступник находится в дружественных или иных взаимоотношениях личного характера.

2.3 В УК РК отсутствуют такие квалифицированные виды кражи как: с причинением значительного ущерба гражданину; из одежды, сумки или другой ручной клади, находившихся при потерпевшем.

3. На сегодняшний день кража является наиболее распространенным преступлением, совершаемым в Республике Казахстан. Повышенная социальная опасность краж характеризуется не столько характером их общественной опасности, сколько их распространенностью и тем экономическим и моральным ущербом который они в силу этого наносят. Причиненные кражами ущерб даже в случае установления виновного и привлечения его к ответственности, редко возмещается в полном объеме.

4. Криминологический анализ статистических данных и материалов следственно-судебной практики за последние семь лет позволяет сделать следующие выводы:

- наиболее распространенным видом краж на протяжении последних лет остаются квартирные кражи и кражи сотовых телефонов;
- больше всего краж совершается в крупных населенных пунктах;
- для совершения краж, как правило, выбираются места с большим скоплением людей, с множеством отвлекающих факторов, что облегчает преступнику совершение кражи;
- подавляющее большинство краж совершается путем свободного доступа;
- больше всего краж совершается в рабочие дни, в промежутки времени с 6-00 до 19-00 часов.

5. Исследование причин и условий совершения краж показывает:

- основными причинами совершения корыстных преступлений является проблемы в социально-экономической сфере;
- второй важнейшей криминогенной детерминантой кражи является корысть, в основе которой лежат как антисоциальные установки личности, так и социальные противоречия, основанные на существующем в обществе неравенстве в распределении материальных благ.

6. В качестве основных условий, способствующих совершению краж, можно выделить:

- наличие лиц, готовых приобретать ворованное имущество;
- особенности жизни современного гражданина;
- изменение системы социальных ценностей;
- недостаточная защита собственности;
- падение уровня морали и низкий уровень правосознания граждан;
- снижение уровня воспитательной работы, как в семье, так и в обществе и неблагоприятная ситуация в семьях;
- неэффективная работа правоохранительных органов и вытекающий из нее низкий уровень доверия граждан.

7. Среднестатистический портрет лица, совершившего кражу в Республике Казахстан, выглядит следующим образом: это мужчина молодого или среднего возраста от 21 до 39 лет, имеющий среднее или среднее специальное образование, невысокое социальное положение, неженатый, безработный, имеющий низкий уровень материального и финансового состояния. Его личность сформирована микросредой с девиантным поведением, вследствие чего у него отсутствует стремление заниматься каким-либо общественно полезным трудом.

8. Первостепенными мерами предупреждения краж общесоциального характера являются меры, направленные на улучшение социально-экономического положения граждан, достижение экономической стабильности, развитие системы социальной поддержки:

8.1. Развитие экономики.

8.2. Развитие инфраструктуры и устранение неравенства в экономическом и социальном развитии регионов.

8.3. Содействие повышению благосостояния населения путем организации устойчивой и продуктивной занятости, сокращения безработицы.

8.4. Социальная безопасность и благополучие граждан.

9. Наряду с мерами социально-экономического развития в качестве важных общесоциальных мер, способствующих устранению причин и условий совершения краж можно выделить общеполитические меры и меры воспитательного характера:

- организация на системной основе эффективного взаимодействия между органами государственного управления и правоохранительными органами;

- повышение доверия к правоохранительным, судебным органам и органам государственного управления и расширение взаимодействия указанных органов и населения;

- повышение уровня морали, значения базовых общественных ценностей (патриотизма, уровня культуры, семейных отношений);

- повышение уровня правосознания граждан, выработка «нулевой терпимости» к правонарушениям;

- праворазъяснительная работа, правовое воспитание, особенно в отношении молодежи.

10. К мерам специально-криминологического предупреждения краж можно отнести:

10.1. Обеспечение неотвратимости уголовной ответственности за совершение преступлений.

10.2. Усложнение совершения преступления путем создания условий, объективно препятствующих совершению преступлений против собственности.

